



РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

«МӘДЕНИЕТ. ҒЫЛЫМ. ҚОҒАМ»

РУХАНИ МӘДЕНИЕТ

РУХАНИ ӨМІР

АДАМ МЕН ҚОҒАМ

БІЛІМ

ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ

ИДЕЯЛАР

ТАРИХ

ҚОҒАМДЫҚ САНА

ӘДЕБИЕТ

СӘУЛЕТ

ЕСКЕРТКІШТЕР

АДАМЗАТ

Астана - 2026



РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ
ЖУРНАЛ
«МӘДЕНИЕТ. ҒЫЛЫМ. ҚОҒАМ»

Выпуск №5. 2026 год
Издается с августа 2022
Периодичность: ежеквартально.
Тираж: 1000 экз.

СВИДЕТЕЛЬСТВО о постановке на учет
периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого
издания №KZ34VPY00052088, город Нур-
Султан, дата выдачи 15.07.2022

Мнение авторов материалов может
несовпадать с позицией редакции.
За точность публикуемых сведений и цитат
ответственность несут авторы материалов.
Редакция оставляет за собой право
редактировать материалы.
Редакция не рецензирует и не возвращает
рукописи.

Гонорары авторам статей не выплачиваются.

Учредитель и издатель:
«Центр сближения культур» Научно-
исследовательский институт культуры
Казахстана» Комитета культуры Министерства
культуры и информации Республики
Казахстан.
Почтовый адрес редакции: 010000,
город Астана, район Алматы, проспект
Тәуелсіздік, 54

ISSN 2414-5696 (print)
ISSN 2788-5860 (online)

Бас редактор:
МУНАЛБАЕВА
УМУТКАН ДАУРЕНБЕКОВНА

СУЛЕЙМЕНОВ ОЛЖАС ОМАРОВИЧ –
директор Центра сближения культур под
эгидой ЮНЕСКО, поэт, народный писа-
тель Казахстана, лингвист-исследова-
тель, тюрколог, видный государственный
и общественный деятель

ОРСАРИЕВ А.А. – главный научный
сотрудник РГКП «Государственный му-
зей «Центр сближения культур» Научно-
исследовательский институт культуры
Казахстана»

БАТУРИНА О.В. – кандидат искусство-
ведения, профессор кафедры истории
и теории изобразительного искусства
КазНАИ им. Т.Жургенова, член СХ РК, экс-
перт ЮНЕСКО по сохранению культурного
наследия

ЖУСИП Н.Б. – казахстанский журналист,
общественный деятель, заслуженный
деятель Казахстана, депутат сената
парламента Казахстана

ГАРКАВЕЦ А.Н. - доктор филологических
наук, тюрколог

КАБУЛЬДИНОВ З.Е. – доктор историчес-
ких наук, профессор

КУЛЬШАНОВА А.А. – доктор историчес-
ких наук, профессор

БУРБАЕВА С.Б. – кандидат педагогичес-
ких наук, директор Государствен-
ного историко-культурного музея-
заповедника «Бозок»

КРУПКО И.В. – заместитель директора по
науке и внешним связям Междунаро-
дного центра сближения культур под эгидой
ЮНЕСКО, Доктор философии (PhD)

АННАКУЛИЕВА Г.А. – кандидат экономи-
ческих наук, академик МАИИ, доцент UIB

**«МӘДЕНИЕТ. ҒЫЛЫМ. ҚОҒАМ»
ЖУРНАЛЫНЫҢ МАҚСАТЫ:**

- Мәдениеттерді жақындастыру саласындағы жаңа ғылыми мақалаларды, инновациялық әзірлемелерді, тарихи құжаттарды және өзекті ғылыми бағылымдарға рецензияларды жариялау;
- Шетелдік ғалымдар мен мемлекет қайраткерлерінің мақалаларын журналда жариялауға тарту арқылы ғылыми қоғамдастық құру;
- Жас ғалымдардың шығармашылық және жарияланымдық белсенділігін арттыру;
- Оқырман аудиториясын мәдениеттану ғылымдары саласындағы жаңа жетістіктермен таныстыру;
- Магистранттар мен докторанттардың диссертациялық зерттеулерінің нәтижелерін апробациялауға қолдау көрсету;
- Қазақстандық гуманитарлық ғылымдарды әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялау;
- Қазақстандық ғылыми мектептің әлемдік ғылыми қоғамдастықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- «Жаңа Қазақстан» стратегиясы шеңберінде мәдениет саласындағы негізгі ережелерді іске асыруға ықпал ету;
- Халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес жарияланымдардың жоғары ғылыми және кәсіби деңгейін қамтамасыз ету;
- Журналдың миссиясы – мәдени және философиялық ғылымдар туралы дәстүрлі идеяларды синтездеу. Бүгінгі таңда мәдениеттерді жақындастыру және мәдениетті тарихи талдау мен мамандандыру мәселелері бұрынғыдан да өзекті. Осыған байланысты, журналда елеулі орын алатын антропология Қазақ және жалпы адамзаттық мәдениеттің қайталанбас ерекшелігіне, сондай-ақ коммуникация жүйесі ретінде осы мәдениеттер әзірлеген символдар мен белгілерге, сондай-ақ өзін-өзі қабылдау тәсіліне назар аударады.

**ЗАДАЧИ ЖУРНАЛА
«МӘДЕНИЕТ. ҒЫЛЫМ. ҚОҒАМ»:**

- Публикация новых научных статей, инновационных разработок, исторических документов и рецензий на актуальные научные издания в сфере сближения культур;
- Формирование научного сообщества за счет привлечения к публикациям в журнале статей зарубежных ученых и государственных деятелей;
- Повышение творческой и публикационной активности молодых ученых;
- Ознакомление читательской аудитории с новейшими достижениями в области культурологических наук;
- Поддержка магистрантов и докторантов в апробации результатов их диссертационных исследований;
- Интеграция казахстанских гуманитарных наук в мировое научное пространство;
- Повышение конкурентоспособности казахстанской научной школы в мировом научном сообществе;
- Способствовать реализации в сфере культуры в рамках стратегии «Жана Қазақстан»;
- Обеспечение высокого научного и профессионального уровня публикации в соответствии с требованиями международных стандартов;
- Миссия журнала – синтез традиционных представлений о культурологических и философских науках. Сегодня, как никогда, актуальны вопросы специализации исторического анализа культуры и сближения культур. В этой связи, антропология, которой мы надеемся отвести в журнале заметное место, обращает внимание на неповторимое своеобразие казахской и общечеловеческой культуры, а также выработанных этими культурами символов и знаков как системы коммуникации, а также способа самовосприятия.





CULTURE
SCIENCE
SOCIETY



SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL JOURNAL

1 ҚАЗАН
МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖАСАНДЫ
ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ
КЕҢЕСТІҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ
ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

1 ҚАЗАН, 2025
АСТАНА



ARTIFICIAL
INTELLIGENCE
DEVELOPMENT

OCTOBER 1, 2025
ASTANA



Omar Sultan
ALOLAMA



Olzhas
BEKTENOV



CULTURE
SCIENCE
SOCIETY

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ
ДАМУЫ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

1 ҚАЗАН, 2025
АСТАНА



ARTIFICIAL INTELLIGENCE
DEVELOPMENT COUNCIL

OCTOBER 1, 2025
ASTANA





Қасым-Жомарт Тоқаев Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңестің алғашқы отырысын ашып, бұл жиынның мән-маңызы ерекше екенін атап өтті. Президент жасанды интеллектіні дамытпай, жаһандық бәсекеге төтеп беру мүмкін еместігін еске салды. Цифрлық жүйелер мен жасанды интеллект егемен ел болудың кепіліне, экономикалық дамудың қозғаушы күшіне айналды.

Мемлекет басшысы басқосу «Білім беру саласындағы жасанды интеллект: мүмкіндіктер және сын-қатерлер» тақырыбына арналатынын айтты.

«Біздің ұлт ретінде бәсекеге қабілеттілігіміз және егемендігіміз осы технологияны қалай пайдаланатынымызға қарай анықталады. Мен жуырдағы Жолдауымда алдағы үш жыл ішінде Қазақстанды толық цифрлық елге айналдыру жөнінде стратегиялық мақсат қойдым. Жасанды интеллект осы трансформацияның қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл орайда әлемдегі немесе аймақтағы көшбасшылық туралы сөз қозғалып отырған жоқ. Басты мақсат – Қазақстанды озық, өркениетті елге айналдыру. Көптеген жетекші елдер жасанды интеллектіні ХХІ ғасырдың стратегиялық ресурсы ретінде мойындады және оны дамытуға қомақты қаржы бөліп отыр. Мысалы, Қытай «ЖИ +» (AI+) атты мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда. Оның аясында жасанды интеллект технологиясын экономикаға, ғылымға және әлеуметтік салаға кешенді түрде интеграциялау көзделген. Ал Құрама Штаттар аталған салада дүние жүзі бойынша көш бастауды мақсат тұтады. Соған сәйкес стратегиясын іске асыра бастады. Бұл фактілер әлемде мүлдем жаңа даму парадигмасы қалыптасып жатқанын көрсетеді: жаһандағы технологиялық бәсекенің негізгі факторы – жасанды интеллект. Қазақстан бұл үдерістен тыс қала алмайды. Сол себепті біз барлық саладағы интеграцияны үйлестіру үшін Жасанды интеллект министрлігін құрдық», – деді Президент.



Президент мұғалімдер көп уақытын жұмсайтын күнделікті күйбең шаруаны жасанды интеллект арқылы автоматтандырудың маңызына назар аударды.

«Алгоритмдер шәкірттерге жеке тапсырмалар мен дайындық тесттерін әзірлеп, жауаптарды тексеріп, олармен жылдам кері байланыс орната алады. Мұндай технологиялық шешім мұғалімдердің жұмысын едәуір жеңілдетіп, ұстаздық қызметімен айналысуына мүмкіндік береді. Бірақ бір нәрсе әрдайым есте болуға тиіс: мұғалімнің жанашырлығын және ақыл-парасатын ешбір технология алмастыра алмайды. Сондықтан мұғалім мен оқушы арасындағы адами қарым-қатынас білім беру үдерісінің өзегі болып қалуға тиіс. Біздің мақсатымыз – педагогтерді басы артық жұмыстан босату, өз миссиясын алаңсыз атқаруына жағдай жасау. Үкімет жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне енгізген кезде осы қағиданы ескеруі керек», – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысының пікірінше, жасанды интеллект білімді дамытуға және таратуға оң ықпал етеді. Жаңа технологияларды жетік меңгерсек те, өз болмысымызды, яғни төл мәдениетімізді, құндылықтарымызды сақтап қалуға тиіспіз. Заманауи үрдістердің пайдасы мен зиянын ажырата білуіміз қажет. Ұлт дүниетанымына жат нәрселердің білім

жүйесіне енуіне жол бермеуіміз керек. Түптеп келгенде, жасанды интеллект ел мүддесіне қызмет еткені дұрыс.

– Бұл – озық технологиялардың ықпалы руханиятымызға, тарихи мұраларымыз бен бірегей мәдениетімізге ешқандай кеселін немесе зиянын тигізбеуі керек деген сөз. Оқушыларға берілетін білімнің мазмұны және оның сапасы дұрыс болуы керек. Ең жақсы алгоритмнің өзі қате немесе жеңіл-желпі материал әзірлеп беруі мүмкін. Қайталап айтамын, жасанды интеллектіні білім беру ісінде көмек құралы ретінде қолдануға болады. Алайда білімнің сапасына және тәрбиелік мағынасына машина емес, адам жауапты болуға тиіс. Оқу материалының мемлекеттік стандартқа сәйкес болуын, оның ғылыми және мәдени талаптарға сай келуін мұғалім қадағалап отыруы керек. Ұстаз сапалы білімнің басты кепілі болып қала береді. Сондықтан Үкімет мемлекеттік стандартқа сәйкес сапалы контент жасауға мүмкіндік беретін ұлттық білім беру платформасын әзірлеуі қажет. Осы тұста бір мәселені арнайы атап өткім келеді: біз жасанды интеллект саласында ең алдымен өз елімізден шыққан өнімдерді пайдалануымыз керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, біздің цифрлық стратегиямызда ұлт мүддесі басты орында тұратынын жеткізді.

SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL JOURNAL

1 ҚАЗАН
**ПРЕЗИДЕНТ
ҰСТАЗДАР КҮНІМЕН
ҚҰТТЫҚТАДЫ**







Мемлекет басшысы мұғалімдердің кәсіби мерекесі елімізде ерекше аталып өтетінін жеткізіп, ұстаздар қауымына зор құрмет көрсетілетінін айтты.

«Міржақып Дулатұлы «Халыққа ең пайдалы адам – мұғалім» деген. Мұғалім – әр азамат үшін өте қадірлі тұлға. Басқа сөзбен айтқанда, мұғалім – әрбір балаға өмір жолын көрсетеді. Ұстаз – тәлім-тәрбие мен білімнің қайнар көзі. Кез келген қоғамның кемелдігі, өркениеттілігі ұстазға деген қатынасымен өлшенеді. Ұстазын ұлықтаған елдің ұрпағы саналы, болашағы жарқын болары хақ. Себебі әр мұғалімнің еңбегі – ерен, еліміздің дамуына қосқан үлесі – орасан. Сондықтан бүгін мен білім беру саласында еңбек етіп жүрген барша азаматқа шынайы ризашылығымды білдіремін», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы озық ойлы ұлт болу үшін ең алдымен, білім-ғылымның дамуына баса мән беруіміз керек деп санайды.

«Соңғы бес жылда елімізде осы бағытта көп жұмыс істелді. Білім саласына бөлінетін қаржы үш есе артты. 1200 жаңа мектеп ашылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр. Осы жоба бойынша заман талабына сай 150 білім ошағы салынды. Сондай-ақ, осындай 67 мектептің құрылысы жүріп жатыр. Балалардың сапалы білім алуына қажетті барлық жағдай жасалуда. Бұл деректі халық білуі керек, себебі мемлекет жас ұрпақтың біліміне және ұстаздардың жағдайына баса назар аударып жатыр. Біз педагогтердің мәртебесін көтеріп, әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін нақты шараларды қолға алдық. Арнайы заң қабылдадық. Бүгінде ұстаздардың жалақысы 2 есе өсті», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұстаз болу нағыз білікті, дарынды, шебер маманның ғана қолынан келетінін алға тартып, мұғалімнің еңбегі соған сай лайықты бағалануға тиіс екеніне тоқталды.

«Қазір білім нарығында бәсеке күшейді, көптеген жастарымыз ұстаз болуға

ұмтылып жатыр. Әсіресе, мектепті «Алтын белгімен» бітірген түлектердің арасында мұғалімдік жолын таңдағандар көп. Бұл – өте жақсы үрдіс. Мемлекет мұндай азаматтарды әрдайым қолдайды. Биыл мұғалімдер даярлау үшін 13 мыңнан астам грант бөлінді. Бұл – еліміздегі барлық гранттың бестен біріне жуығы деген сөз. Жалпы, білім беру саласында жүйелі жұмыс істеліп жатыр, нәтижесі де жақсы деп айтуға болады. Мысалы, былтырдан бері мыңнан астам оқушы түрлі пәннен халықаралық білім сайысында жеңімпаз атанды. Бұл – ұстаздардың белсенді жұмысының жемісі, дарынды жастарымыздың табанды еңбегінің нәтижесі. Мен тамыз айында олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін Ақордаға шақырып, оларға арнайы сертификаттар табыстадым. Бұл дәстүр жалғасын табады», – деді Президент.

Президент заман талабына сай дамыған, озық ел болуға үндеп, білім беру ісіндегі цифрландыру мәселесіне назар аударды.

«Цифрландыру және жасанды интеллект технологиясы – қазіргі заманның ақиқаты. Цифрлық сауаттылықты балаларға мектептен бастап үйреткен дұрыс. Оқушылар озық технологияны оқуда тиімді пайдалана білгені жөн. Бұл – ұстаздарға да қатысты мәселе. Мұғалімдер заманауи дағдыларды жетік меңгеруі қажет. Жасанды интеллектіні білім саласында кеңінен пайдаланған абзал. Цифрлық ел болу – бір күннің шаруасы емес. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл – мектептен бастап түбегейлі жаңа тәсілмен жұмыс істеу деген сөз. Сіздер, құрметті ұстаздар, осы маңызды миссияны жүзеге асыруға атсалысып, белсене жұмыс істейсіздер деп сенемін», – деді Мемлекет басшысы.

Жиында білім беру саласына қосқан елеулі үлесі және Қазақстан Республикасына сіңірген еңбегі үшін бір топ ұстаз мемлекеттік наградамен марапатталды.



7 КАЗАН
ПРЕЗИДЕНТ
ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ
XII САММИТІНДЕ СӨЗ СӨЙЛЕДІ

TÜRK DÖVLƏTLƏRİ TƏŞKİLATININ
DÖVLƏT BAŞÇILARI ŞURASININ 12-ci ZİRVƏ GÖRÜŞÜ

6-7 OKTYABR, 2025
QƏBƏLƏ, AZƏRBAYCAN



12th MEETING OF THE COUNCIL OF HEADS OF STATE
OF THE ORGANIZATION OF TURKIC STATES

OCTOBER 6-7, 2025
GABALA, AZERBAIJAN





Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, ерекше қонақжайлық көрсеткені үшін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке ризашылығын білдіріп, бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша, күн тәртібі өзекті екенін айтты.

«Түбі бір түркі жұртының тарихы – тамырлас, халықтарымызға ортақ сан ғасырлық шежіреміз бар деп үнемі айтып жатырмыз. Мұның бәрі – берекелі бірлігіміз бен мәңгілік ынтымағымыздың алтын арқауы. Жақында елдеріміз «Түркі халықтарының ынтымақтастық күнін» атап өтті. Бұл – бірлігімізді бекемдей түсетін маңызды мереке. Бүгінде Түркі мемлекеттері ұйымы достас халықтардың басын қосқан мәртебелі әрі беделді құрылымға айналды. Былтырдан бері Ұйымға құрметті Президент Садыр Жапаров бастаған қырғыз елі тиімді төрағалық етті. Қырғыз тарапына ризашылығымызды білдіреміз. Енді төрағалық құрметті Ильхам Гейдар оглудың басшылығымен Әзербайжан тарапына беріледі. Алдағы уақытта да Ұйымымыздың абырой-беделі арта түседі деп сенеміз», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген елдердің шекараға бағынбайтын жаңа қатермен бетпе-бет келіп отырғанын алға тартып, Ұйым аясында Киберқауіпсіздік кеңесін құруды ұсынды.

«Бұл Кеңес мемлекеттеріміздің іс-қимылын үйлестіріп, күш жұмылдыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар цифрлық қауіпсіздік пен технологиялық байланысты бекемдей түседі. Был қыркүйекте осы тақырып бойынша Алматыда өткен конференция нәтижелері киберқауіпсіздік саласындағы ықпалдастықты күшейту аса маңызды екенін тағы да растады», – деді Президент.

Мемлекет басшысы экономикалық ынтымақтастықты тұрақтылық пен өсіп-өркендеудің түп негізі ретінде атады.

«Біз 2040 жылға дейінгі Түркі әлемінің даму бағдарын толық іске асыруға баса мән беруіміз қажет. Бүгінгі саммит осы жоспарды нақты шаралармен толықтыруға тиіс. Ұйымға қатысушы әр мемлекеттің өзіне тән артықшылығы және жетістігі бар. Соған



қарамастан Ұйым аясында сауда-экономика саласындағы ірі жобаларды жүзеге асыру үшін нақты тетіктер ұсынылған. Соның бірі – Түркі инвестициялық қоры. Осы қаржы ұйымының мүмкіндіктерін барынша пайдалануымыз керек. Биыл Түркістанда елдеріміздің экономика және сауда министрлері бас қосады. Сол кезде Қор қаржыландыратын жобалар тізімін жасаған жөн болар еді. Өнеркәсіп саласындағы ықпалдастық елдеріміздің экономикасын артараптандыру ісінде маңызды рөл атқарады. Осы орайда, Түркі сауда-өнеркәсіп палатасының әлеуеті зор деп есептейміз. Келесі жылы осы палатаға Қазақстан төраға болады. Бұл бағытта біз нақты жобаларға басымдық беретін Өнеркәсіптік кооперация бағдарламасын қабылдауды ұсынатын боламыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Ұйымға мүше елдер арасында сауда-экономикалық және саяси ықпалдастықпен қатар, мәдени-гуманитарлық байланыс та нығайып келе жатқанын тілге тиек етті.

«Биыл Ақтау қаласы Түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды. Соның аясында бірқатар іс-шара ұйымдастырылды. Каспий жағалауында түркі мәдениетінің фестивалі өтті. Осы маңызды іс-шараға 100 мыңнан астам көрермен қатысты. Бұған қоса, биыл Алматы қаласы Түркі әлемі жастарының астанасы атанды. Біз өскелең ұрпақты бауырластық рухында тәрбиелеп, жастарымыздың мәдени ықпалдастығын нығайтуды қолға алуымыз қажет. Осыған орай, келесі жылы Алматыда Креативті экономика форумын өткізуді ұсынамыз. Мұндай қадам жастарымызды жақындастыруға, олардың білімін және білігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазақта «Өнерлі өрге жүзеді» деген сөз бар. Шын мәнінде, өнер, білім, ғылым құндылықтары өркениетіміздің өрісін кеңейтуге ықпал етеді. Қазақстанда елдеріміздің зиялы қауым өкілдерінің басын қосып, арнайы іс-шара өткізген орынды болар еді. Бұл іс-шараны Ұйымымыздың Ақсақалдар кеңесінің аясында өткізуге болады. Оның үстіне, Түркі әлемін зерттеушілер клубын құруды ұсынамыз. Оны Түркі Академиясының негізінде қалыптастыруға болады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



6 ҚАРАЛІА

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ІТ СТАРТАПТАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ







Вашингтон қаласы, АҚШ

Қасым-Жомарт Тоқаев Вашингтонға сапары аясында халықаралық нарыққа шыққан отандық ІТ стартаптардың негізін қалаушылармен кездесті.

Президентке еліміздің алғашқы «сыңармүйіз» стартапы – Higgsfield AI жасанды интеллектіге негізделген кинематографиялық сапалы бейнені генерациялауға арналған платформасы, Deer Infra – машиналық оқыту модельдерін орналастыруға және іске қосуға арналған қызмет, Valinor – биотехнология саласындағы стартап, ARC Drones – автономды дрондарды әзірлеуші, сондай-ақ басқа да перспективті жобалар таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Silkroad Innovations технология хабының қызметі туралы ақпарат берілді. Ол Кремний алқабында Орталық Азия елдерінің талантты жастары мен стартаптарына қолдау көрсетеді.

Кездесуге жалпы құны 1,4 миллиард долларды құрайтын 20-дан аса стартап өкілі қатысты. Бұл ұлттық ІТ экожүйесінің инновациялық әлеуетін танытады.

Мемлекет басшысы жоғары технология саласындағы отандық компаниялардың жетістіктерін жоғары бағалап, алдағы үш жылда Қазақстанды толық цифрлық елге айналдыру жөніндегі стратегиялық міндеттің маңызын атап өтті.

«Президент ретінде баршаңызды қолдаймын. Жұмыстарыңыз еліміздің болашағы үшін өте қажет. Цифрландыру мен HighTech мемлекетіміздің басты басымдықтарының бірі саналады. Мен бұл туралы Жолдауымда айттым», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – АҚШ» САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ



STATEMENT OF INTENT

BETWEEN

THE GOVERNMENTS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN,
THE KYRGYZ REPUBLIC, THE REPUBLIC OF TAJIKISTAN,
TURKMENISTAN, THE REPUBLIC OF UZBEKISTAN AND
THE UNITED STATES OF AMERICA

ON ECONOMIC COOPERATION





Қасым-Жомарт Тоқаев Ақ үйде тарихи кездесу ұйымдастырғаны үшін АҚШ Президентіне алғыс айтып, С5+1 форматындағы саммит шын мәнінде Орталық Азия мен Құрама Штаттар арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашқанына назар аударды.

Мемлекет басшысы АҚШ Президенті Дональд Трамптың халықаралық саясаттағы рөліне айрықша тоқталып, оны көрнекті мемлекет қайраткері деп бағалады.

«Сіз жүргізіп отырған парасатты және батыл саясатты бүкіл әлем

қолдауға лайық деп санаймын. Мен де Сіздің ұстанымдарыңызды қуаттаймын. Сіздің жетекшілігіңізбен Америка алтын дәуірге қадам басты. Біз «Американы қайтадан ұлы елге айналдыру» (Making America Great Again) деп аталатын көреген тұжырымдамаңызды жоғары бағалаймыз. Бұл мақсат «Заң және тәртіп» қағидатына негізделген Әділетті, Қуатты Қазақстан құруды көздейтін ауқымды стратегиямызбен үндеседі. Бітімгер Президент ретінде сегіз айдың ішінде сегіз соғыстың тоқтауына ықпал еттіңіз. Осылайша, Американың халықаралық тұрақтылыққа тірек болған рөлін айтарлықтай күшейте түстіңіз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанның Құрама Штаттармен стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

«Қазақстан мен АҚШ арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты дамытуды ұдайы қолдап келесіз. Мен мұны жоғары бағалаймын. Ақ үйде Президент лауазымын атқарған алғашқы кезеңде біздің қарым-қатынасымыз кеңейтілген стратегиялық серіктестік деңгейінде заңнамалық тұрғыдан бекіді. АҚШ – Қазақстанға 100 миллиард доллардан аса қаржы салған ең ірі инвесторымыз, экономикамыздың қозғаушы күші саналады. Соңғы жылдары елдеріміз арасындағы тауар айналымы екі есе өсіп, 5 миллиард доллар межесіне жуықтады. Америкадағы уранға сұраныстың шамамен 25 пайызын қамтамасыз етіп отырмыз. Қазақстанда 600-ден астам америкалық компания бизнес жүргізеді», – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сапар аясында екі ел компаниялары жалпы сомасы 17 миллиард доллардан асатын келісімдер жасасқанын айтты. Жалпы, Қазақстан мен АҚШ-тың энергетика, маңызды минералдар, өнеркәсіп, көлік, қаржы, жасанды интеллект, білім секілді негізгі салаларды қамтитын экономикалық әлеуеті жарты триллион доллардан асады.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӘЛЕМ БІРІНШІЛІКТЕРІНДЕ ТОП ЖАРҒАН ЖАС ШАХМАТШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Кездесуге 8 жасқа дейінгі санатта әлем чемпиондары атанған Әдинұр Әділбек пен Алиша Бисалиева, 12 жасқа дейінгі санатта әлем чемпионы болған Данис Қуандықұлы, 14 жасқа дейінгі санатта әлем біріншілігінде жеңіс тұғырынан көрінген Марк Смирнов, 16 жасқа дейінгі санат бойынша әлем чемпионатында алтыннан алқа таққан Эдгар Мамедов, 16 жасқа дейінгі шахматшылар арасында әлем біріншілігінің күміс жүлдесіне қол жеткізген Сауат Нұрғалиев қатысты.

Мемлекет басшысының айтуынша, жас спортшылардың жетістіктері халықаралық аренада Қазақстанның мерейін үстем етеді әрі елімізде шахматтың келешегі зор екенін көрсетеді. Президент чемпиондардың биік мақсаттарға ұмтылуы қажеттігін жеткізіп, оларға жарқын жеңістер тіледі.

«Шахмат деген үлкен өнер. Сондықтан шахматпен күнделікті, мұқият, арнайы кітаптарды оқи отырып айналысу қажет. Бүгін Халықаралық шахмат федерациясының президенті Аркадий Дворковичпен кездесіп отырсыздар. Бұл – Сіздердің бақытты сәттеріңіздің бірі», – деді Мемлекет басшысы.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев шахмат тақтасына естелік жазба қалдырды.





ҚАЗАҚСТАН МЕН МАЖАРСТАН АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАР





Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Мажарстан Президентімен кездесті. Келіссөзге дейін Ақорда резиденциясында Мажарстан Президентін салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мажарстан Президентінің Қазақстанға алғашқы ресми сапарынекі ел қарым-қатынасының жаңа белесі деп қабылдайтынын айтты. Сонымен қатар Астанада өткен Digital Bridge 2025 халықаралық форумына арнайы келіп қатысқаны және жасанды интеллект жөнінде ой-пікірін бөліскені үшін Тамаш Шуйокқа шынайы ризашылығын білдірді.

«Біз – тамыры бір ағайын жұртпыз. Мажарстан – Қазақстанның Тәуелсіздігін алғаш мойындаған елдің бірі. Сондай-ақ бізбен стратегиялық әріптестік орнатқан Еуропа Одағындағы тұңғыш мемлекет. Қазақстан егемен ел ретіндегі алғашқы елшілігін Будапешт қаласында ашқан болатын. Бүгінде елдеріміз арасындағы саяси диалог жоғары деңгейде жүріп жатыр. Мемлекеттеріміз барлық салада ашық әрі өзара сенімге негізделген байланыс орнатты. Сауда-экономика және инвестиция саласындағы ынтымақтастық нығайып келеді. Екі

елдің қарым-қатынасына арқау болған шарттық-құқықтық негіз қалыптасты. Халықаралық ұйымдар аясындағы ықпалдастық кеңейді. Былтыр қарашада Будапештке жасаған мемлекеттік сапарымның қорытындылары – осының айқын дәлелі. Мызғымас достық пен өзара қолдауға негізделген серіктестігіміз алдағы уақытта да табысты болады деп сенемін. Осы оң үрдіске Мажарстан Президентінің қосқан елеулі үлесін өте жоғары бағалаймын. Сондықтан бүгін жоғары Мәртебелі Президент Тамаш Шуйокты I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттау мен үшін үлкен мәртебе болды», – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тамаш Шуйокпен кеңейтілген құрамда мазмұнды келіссөздер жүргізіп, ықпалдастықты күшейтудің жаңа бағыттары туралы әңгімелескенін жеткізді. Тараптар сауда-экономика саласындағы байланысты дамыта түсу қажет екеніне баса назар аударған.

«Былтыр екі елдің алыс-берісі 200 миллион доллар шамасында болды. Келешекте оны 1 миллиард долларға дейін жеткізуді көздеп отырмыз. Мажарстан соңғы 20 жылда еліміздің экономикасына 385 миллион доллардан астам инвестиция салды. MOL компаниясы Қазақстанның газ саласында табысты жұмыс істеп жатыр. Күн тәрбінде тағы да басқа ауқымды жобалар бар. Елімізде UBM Group,







Gedeon Richter, Globalia сияқты алпауыт компаниялар да жұмыс жүргізуде. Қазіргі таңда 20 ортақ жобаны жүзеге асырып жатырмыз. Біз инвестициялық қарым-қатынастарымызды одан әрі кеңейтуге мүдделіміз. Осы ретте, энергетика, атом өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы сияқты түрлі бағыттағы ықпалдастығымызды арттыруға уағдаластық», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, келіссөздер барысында халықаралық көлік дәліздерін, логистика инфрақұрылымын дамытудың маңызына мән берілген.

«Биыл Шымкенттен Будапештке тікелей әуе қатынасы ашылды. Енді екі ел астаналары арасындағы әуе қатынасын қайта орнату мүмкіндігін қарастырамыз деп келістік. Келіссөз аясында жасанды интеллектіні және цифрлық технологияны экономикаға жаппай енгізудің маңыздылығына баса мән бердік. Осыған орай, бірлесе жұмыс істеуге дайын екенімізді жеткіздік. Оған қоса қаржы саласына қатысты тың жобаларды жүзеге асыруға уағдаластық. Жалпы, Қазақстанда жұмыс істеуге ниетті мажар компаниялары үшін қолайлы жағдай жасауға дайын екенімізді жеткіздім. Екі елдің Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясы және Іскерлік кеңесі осы мәселеге баса мән беруі қажет деп санаймын», – деді Мемлекет басшысы.

Президент мәдени-гуманитарлық байланыстарды қазақ-мажар қатынасының алтын арқауы деп атады.

«Осы бағыттағы ынтымақтастықты нығайту айрықша маңызды. Сондықтан мәдениет, білім-ғылым саласында бірлескен жобаларды жүзеге асыруға ерекше назар аудардық. Қазіргі таңда мажар елінің үздік жоғары оқу орындарында Қазақстанның мыңнан астам студенті білім алып жатыр. Сол үшін Мажарстан Үкіметіне зор алғыс айтамын. Біз осы елдегі жоғары оқу орындарымен ықпалдастығымызды

одан әрі дамытуға дайынбыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Президент Тамаш Шуйокпен аймақтық және жаһандық маңызы бар өзекті мәселелер бойынша пікір алмасқанын айтып, әлемдегі геосаяси ахуалдың ушығуы, түрлі қақтығыстардың көбеюі екі елді де алаңдататынына тоқталды. Тараптар барлық түйткілді Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысына сәйкес бейбіт және саяси-дипломатиялық жолмен шешу қажет деп санайды. Осы ретте президенттер халықаралық деңгейде бір-біріне қолдау білдіріп, бірлесе жұмыс істеуге келісті.

«Бүгінгі келіссөздер жемісті болды. Қазақстан мен Мажарстан арасындағы байланыс қарқынды дамып келе жатыр. Өзара тиімді ықпалдастығымыз жаңа әрі сапалы деңгейге көтеріледі деп сенемін. Қол жеткізген барлық келісімдер ойдағыдай орындалатынына күмәнім жоқ. Бауырлас халықтарымыздың ынтымағы берік болсын. Елдеріміз өсіп-өркендей берсін!» – деді Қазақстан Президенті.

Мажарстан Президенті елдер арасында тығыз саяси байланыс орнағанын, сауда-экономикалық ынтымақтастық дәйекті түрде дамып келе жатқанын және цифрландыру саласындағы ықпалдастық перспективасын атап өтті.

«Біз Қазақстандағы цифрландыру үдерісін жіті қадағалап отырмыз. Өйткені сіздің ел бұл мәселеде аймақта ғана емес, әлем бойынша алдыңғы қатарда келеді. Біз Қазақстанды аталған маңызды бағыттағы беделді серіктес санаймыз және ынтымақтастығымызды дамытуға үміттіміз. Мажар-қазақ байланыстарының әлеуеті зор. Президент ретінде мұны іске асыруға толық қолдау көрсетемін», – деді Тамаш Шуйок.

ҚАЗАҚСТАН МЕН МАЖАРСТАН ПРЕЗИДЕНТТЕРІ АЕМ.АІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев пен Тамаш Шуйок Alem.AI халықаралық жасанды интеллект орталығына барды. Инновациялық кеңістік еліміздегі заманауи технологияларды дамытуға, дарынды жастарды қолдауға, AI және IT сектордағы перспективті жобаларды ілгерілетуге арналған. Бұл экономикадағы цифрлық саланы жаңа деңгейге көтереді.

Alem.AI Қазақстанның ғана емес, басқа да елдердің мамандарын шоғырландыратын орталық болмақ. Бірегей жоба ғылым, өнеркәсіп, креативті индустрия мен мемлекеттік қызмет көрсетусекілді салалардағы технологияны дамытуды көздейді. Орталық ұлттық ЖИ экожүйесін құруға, инвестиция тартуға, стартаптар мен зерттеу қызметтерін ынталандыруға септігін тигізеді. Сондай-ақ отандық ЖИ шешімдердің экспортын 2029 жылға қарай 5 миллиард долларға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Жасанды интеллектіні дамыту жаңа технологияның пайда болуына және экономикалық өсімге ықпал етіп, Астананы Орталық Азиядағы ЖИ бойынша жетекші қалаға айналдырады. Жоба аясында жылына түрлі салада көзге түскен 10 мың дарынды жасты қолдау, 1 мыңға жуық маманды оқыту, 100-ге тарта стартапты іске қосу, 10 шақты ғылыми зерттеуді жүзеге асыру жоспарланған.

Халықаралық орталық Tomorrow School жасанды интеллект мектебі, TUMO креативті технологиялар орталығы, стартап-кампус, ғылыми-зерттеу зертханалары және GovTech шешімдерін әзірлеуге арналған AI-driven Government аймағы секілді қоғамдық кеңістіктерді біріктіреді.

Президентке отандық AI жобалар таныстырылды. Mirai Tech мекемесі жасаған Deep-tech стартапында биомеханиканың портативті ЖИ зертханасы көрсетілді. Ақылды сенсорлы табандар мен киілетін есептеуіш құралдар спортшылар мен емделушілерді оңалтуды жеделдетеді әрі жарақаттың алдын алуға



көмектеседі. AltBridge жария нарықтағы инвестициялық портфельге мониторинг жасайды және әр бағыт бойынша есеп береді. Defect AI дәрігерлерге күнделікті қағазбастылықтан арылып, науқасқа көңіл бөлуге жәрдемдеседі.

Akorda.kz

SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL JOURNAL

ҚАЗАҚ-ФИН ҮНТҮМАҚТАСТЫҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТА ДАМИДЫ



Финляндия Президенті Александр Стубб елімізге алғаш рет ресми сапармен келді. Жоғары деңгейдегі келіссөздерге дейін Ақорда резиденциясында салтанатты қарсы алу рәсімі өтіп, Қасым-Жомарт Тоқаевпен Александр Стубб бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды.

ЕУРОПА ОДАҒЫНДАҒЫ СЕНІМДІ СЕРІКТЕС

«Сіздің сапарыңыз – екіжақты ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беру тұрғысынан өте маңызды. Қазақстан мен Финляндия арасында достыққа әрі өзара түсіністікке негізделген ықпалдастық орнаған. Екі елдің ортасында шешімін таппаған мәселе жоқ. Дегенмен инвестиция және сауда салаларында бірқатар мүмкіндік бар. Сіздің бастамаңызбен өтіп жатқан бизнес-форумның орны ерекше. Бүгін аталған жиынға қатысамын. Бұл кәсіпкерлеріміздің іскерлік байланыстарды өрістетуіне зор септігін тигізеді деп ойлаймын. Бұған қоса, гуманитарлық ынтымақтастыққа айрықша мән береміз. Қазақстандықтар Финляндияны, сіздердің салт-дәстүрлеріңіз бен мәдениеттеріңізді құрметтейді. Көптеген отандасымыз Сіздің елге турист ретінде жиі барады. Сапарыңыз мемлекеттер арасындағы серік-тестікті нығайту үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынына сенімдімін», – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Александр Стубб қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, бұл сапарды асыға күткенін айтты.

«Бұл – менің Қазақстанға үшінші мәрте келуім. Алғаш рет 2008 жылы мен Сыртқы істер министрі, ал сіз Сенат спикері лауазымын атқарған кезде жүздескен едік. Бұл жолы екі бағытқа баса назар аударамыз деп ойлаймын. Бірінші – өзара қарым-қатынас және



іскерлік байланыстар. Бүгін Финляндиядан үлкен делегация келді. Оның құрамында 20-дан аса ірі компанияның өкілдері бар. Астана көшелерінен Isku және Nokkarakenne сияқты танымал фин брендтерін көрдім. Бұл бізді қуантады. Келіссөздің екінші бағыты – сыртқы саясат және қауіпсіздік. Біршама мәселе бойынша ұстанымдарымыз ортақ, күрделі халықаралық жағдайлардың шешімін табуға бірлесе ұмтыламыз», – деді Финляндия Президенті.

Бұдан кейін Қазақстан мен Финляндия президенттерінің келіссөзі екі ел делегацияларының қатысуымен одан әрі жалғасты.

Президенттің айтуынша, Финляндия Қазақстанның Солтүстік Еуропа мен Еуропа одағындағы басты сауда серіктесі саналады. Мемлекет басшысы Финляндияның таза энергетика, технология, цифрлық инновация, экологиялық жауапкершілік, басқару, білім беру және адам капиталы бағыттарындағы жоғары стандарттары әлемдік деңгейде мойындалғанын атап өтті. Аталған салалардағы Финляндияның жетіс-тіктері көптеген елге, соның ішінде Қазақстанға да үлгі.

«Сіздің басшылығыңызбен Финляндия Еуропада, сондай-ақ әлемде сындарлы рөл атқарады. Мемлекеттік ұстанымыңыз бен құндылықтарға беріктігіңіз Финляндияны дүниежүзіне үлгілі ел ретінде танытып отыр. Біз мұны жоғары бағалаймыз. Қазақстан Финляндиямен достық қарым-қатынасқа баса мән береді. Бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыруға, ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын дамытуға әзірміз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мол мүмкіндік бар. Бұл ретте Үкіметаралық комиссиясының жұмысы маңызды рөл атқарады.

Президент фин делегациясының

құрамында бизнес өкілдерінің болуы Хельсинкидің өзара серіктестікті тереңдетуге шынайы мүдделі екенін көрсетеді деп санайды. Еліміз Финляндия компанияларымен бірлескен жобалардың жүзеге асырылуына жан-жақты қолдау көрсетуге дайын.

Қасым-Жомарт Тоқаев фин бизнесмендерін Орталық Азияның кең нарығына шығу үшін Қазақстанда шетел инвесторларына жасалатын қолайлы жағдайды пайдалануға шақырды.

Александр Стубб фин компаниялары Қазақстан нарығындағы қызметін кеңейтуге мүдделі екенін жеткізді.

«Бүгінгі кездесулерге дайындық барысында делегациядағы кәсіпкерлердің бірі «Қазақстандағы өзгерістің бәрі жедел жүріп жатқанын түсіну керек. Сондықтан баяу қимылдап, бюрократияға жол беруге болмайды» деді. Бұл – дамудың даңғылына түскен елдеріміз үшін қуанарлық жағдай», – деді Финляндия Президенті.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС БАҒЫТТАРЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

Мемлекет басшысы Финляндия Президентінің Астанаға ресми сапары еларалық қарым-қатынастың жаңа кезеңіне жол ашатынын атап өтті.

«Бүгін Президент Александр Стуббпен жүргізген келіссөз барысында Қазақстан мен Финляндия арасындағы серіктестікті кеңейтуге және дамудың жаңа мүмкіндіктерін іздеуге ниетті екенімізді растадық. Былтыр Финляндияның Қазақстанға құйған тікелей инвестициясы 80 пайыздан асып, жалпы есебі жарты млрд долларға жуықтады. Финляндия инновация және технология салаларындағы көшбасшылығымен дамыған елдердің бірі ретінде әлдеқашан мойындалған. Kone, Nokia, Fortum секілді компаниялар – ел жетістігінің ең жарқын үлгілерінің бірі. Олар одан әрі өркендеуге ықпал етіп, новаторлардың жаңа буынын ынталандырды. Бүгінде Қазақстанда



фин тарапының қатысуымен 50-ге жуық компания табысты жұмыс істейді. Олардың арасында Tikkurila, Wärtsilä, Nurminen, Metso, Valtra, Peikko және басқа да әлемге танымал брендтер бар. Қазақстан осы серіктестікті кеңейтуге, сондай-ақ еліміздегі фин инвестициясының және іскерлік тобының артуына бейіл», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент биылғы үшінші тоқсанда ел экономикасы 6,3 пайызға артқанын, бұл ірі халықаралық ұйымдардың жаһандық өсім болжамынан шамамен екі есе артық екенін айтты. Ішкі жалпы өнім көлемі 300 млрд доллардан асады деп күтілуде.

«Жан басына шаққандағы ІЖӨ көрсеткіші бойынша Қазақстан ТМД, тіпті одан тысқары елдер арасында бірінші орынға ие. Дегенмен бұл көрсеткіш Финляндиядан үш есе төмен. Еліміздің сыртқы сауда көлемі 140 млрд доллардан асты. Бұл да осы аймақтағы ең жоғары нәтиже саналады. Негізгі серіктесіміз – Еуропа одағымен өзара сауда көлемі 50 млрд долларға жуықтады. Шағын және орта кәсіпорындар ұлттық дамудың іргетасы болып отыр. Экономикадағы оның үлесі шамамен 40 пайызды құрады. Біз бұл прогреске экономикада, сонымен қатар саясатта кешенді реформалар жүргізу арқылы толық қолдау көрсетіп отырмыз. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» стратегиялық қағидаты – еліміздің саяси бағытының негізгі өзегі. Бұл 2027 жылы жалпыұлттық референдум барысында қабылданатын конституциялық реформалардан кейін де Қазақстанның президенттік республика болып қала беретінін көрсетеді. Сәйкесінше, «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы ішкі саясатымыздың басты бағдарына айналды. Заң үстемдігі экономикалық реформаларды табысты жүргізуге және кәсіпкерлікпен айналысуға қажетті жағдай жасайды деп сенемін», – деді Президент.

Мемлекет басшысы UNCTAD мәліметі

бойынша, кейінгі бір жылда теңізге шығар жолы жоқ елдер арасында жаңа жобаларға салынған барлық инвестицияның 80 пайызға жуығы Қазақстанға тартылғанын, еліміздің үлесіне құны 1 млрд доллардан асатын жобалардың бестен бір бөлігі тиесілі екенін жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Финляндия арасындағы ынтымақтастықтың бірқатар перспективті салаларына назар аударды.

«Еуразияның қақ төрінде орналасқан Қазақстан – Шығыс пен Батысты жалғастыратын стратегиялық аймақ. Еуропа мен Қытай арасында құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 85 пайызға жуығы еліміздің аумағымен өтеді. Бұл құрлықтағы қатынастың маңызды күретамыры саналады. Жұртшылық Орта дәліз деп танитын, яғни Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамыта отырып, Қазақстан құрлықаралық сауданың орталық арнасы ретіндегі рөлін нығайта түседі. Орта дәліздің әлеуетін одан әрі ұлғайту үшін біз транзит ағынын оңтайландыру мен үйлестіруге арналған Smart Cargo бірегей цифрлық басқару платформасын іске қосамыз. Осы ретте аймақта тиімді мультимодальды көлік желісін құрған Nurminen Logistics фин компаниясының күш-жігерін жоғары бағалаймыз», – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұдан кейін еліміз Каспий теңізіндегі Ақтау және Құрық порттарын белсенді түрде жаңғыртып жатқанына тоқталды. Жылына 240 мың контейнер өткізу мүмкіндігі бар Ақтау портындағы контейнерлік хаб құрылысының алғашқы кезеңін биыл аяқтау жоспарланған.

«Біз тәжірибе мен озық технологиялық шешімдерді алмасу арқылы Хельсинки және Хамина-Котка секілді фин порттарымен ынтымақтастықты тереңдетуге ұмтыламыз. Бұл елдеріміз арасындағы ықпалдастықтың жаңа бағыты болмақ. Фин компанияларын Еуропа мен Орталық Азия арасында тиімді және орнықты көлік байланысын



орнатуға үлес қосып, күш жұмылдыруға шақырамыз», – деді Мемлекет басшысы.

Президент атом қуатын еліміздің ұзақмерзімді энергетикалық стратегиясының маңызды тірегі санайды. Болжам бойынша, 2030 жылға қарай әлемде уранға сұраныс 28 пайызға өседі, ал 2040 жылға қарай екі есе артады.

«Еліміз жаһандық ірі уран өндірушілердің бірі саналады, яғни әлемдік сұраныстың 40 пайызын қамтамасыз етіп

отыр. Қазақстанның Атом энергиясы жөніндегі агенттігі мен Финляндияның Радиациялық және ядролық қауіпсіздік басқармасы (STUK) ядролық отынды бейбіт мақсатта пайдалану әрі тәжірибе алмасу бойынша серіктестік орнатты. Біз бұл ынтымақтастықты құптаймыз. Осы орайда Суомидің қауіпсіздік және орнықты ядролық шешімдеріне арқа сүйей отырып, ядролық қалдықтарды басқару бойынша бірлесе әрекет етуге әзірміз. Сонымен қатар Қазақстан көмір энергетикасы саласында таза, тиімді әрі экологиялық шешімдер қабылдауға ұмтылады. Біздің стратегиямыз шығарындыларды барынша азайту үшін

заманауи технологияларды енгізуге және өнеркәсіптің, әсіресе, электр энергиясы өндірісінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Сондықтан біз келешегі зор ынтымақтастыққа фин сарапшыларының қатысуын қуаттаймыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы елімізде инновациялық гибриді энергетикалық жүйе мен электр энергиясы өндірісінің икемді технологиясын енгізген Финляндияның Wärtsilä компаниясына алғыс айтты. Президент Қазақстанда энергияның дәстүрлі көздерінен бөлек, пайдалы қазбалардың мол қоры бар екенін атап өтті. Олардың көбі әлі игерілмеген.

«Еліміз сирек кездесетін әрі Еуропа одағы экономикасы үшін аса маңызды саналатын 34 элементтің 21 түрін өндіреді. Біз нақты прагматикалық әдіске жүгінеміз: шикізатты инвестиция мен технологияға алмастырамыз. Финляндияның Metso компаниясы минералды шикізатты өңдеу және өндірісті автоматтандыру салаларында озық шешімдер ұсынып жатыр. Осы бағыттағы ынтымақтастық аясын кеңейтуге мүмкіндік мол екенін байқаймыз», – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан егістік жерлерінің көлемі жағынан әлемде алтыншы орын алады. Жыл сайын жаһандық нарыққа 10 млн тоннаға жуық бидай және 2 млн тонна ұн жеткізіп, әлемдегі ең ірі астық экспорттаушылардың ондығына кіреді.

«Елдеріміздің өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге бағытталған бірлескен кәсіпорын құруға мүмкіндігі бар. Осылайша, аграрлық өндірістің бүкіл тізбесінде қосылған құны жоғары өнім шығаруға болады. Біз ынтымақтастықтың нақты тетіктерін қалыптастырдық. Академиялық алмасуды жандандыру және Erasmus+ бағдарламасы аясында бірлескен жобаларды ілгерілету мақсатында Қазақ ұлттық аграрлық

зерттеу университеті мен Шығыс Финляндия университеті серіктестік орнатты. Қазақстан аграрлық мамандардың жаңа буынын даярлауға және ауыл шаруашылығының инновациялық, орнықты әдістерін енгізу саласында бірлескен зерттеулерді дамытуға мүдделі», – деді Мемлекет басшысы.

Президент жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастықтың маңызына тоқталып, бизнес форум қатысушыларына Қазақстан алдағы үш жыл ішінде толық цифрлық ел болуды мақсат еткенін мәлімдеді.

«Финляндия жасанды интеллект және LUMI суперкомпьютері арқылы өнімділігі жоғары есептеулер саласында көш бастап тұр. Сондықтан ЖИ бойынша зерттеу жүргізу, мәліметтерді озық талдау, техникалық білім беру және инновациялық экожүйе бағыттарында серіктестікті жолға қоя аламыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Финляндия іскерлік топтарын «Астана» халықаралық қаржы орталығымен байланыс орнатуға шақырды. Сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану салаларындағы бірлескен бастамаларды кеңейтуде мол әлеует бар екенін атап өтті.

«Елімізде ауа сапасын болжаудың озық моделін пайдаланатын SILAM жүйесі табысты жұмыс істеп тұр. Орман шаруашылығында да айтарлықтай перспектива бар. Біз ағаш кесудің экологиялық тұрғыдан қауіпсіз тәсілдерін ілгерілетуге, кәсіби даярлау бағдарламаларын әзірлеуге және ағаш өңдеуде заманауи технологияларды енгізуге баса мән береміз. Финляндияның осы салалардағы озық тәжірибесі «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бастамасын іске асыруға айтарлықтай үлес қоса алады», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің фин компанияларына сенімді әрі ұзақмерзімді серіктес болуға ұмтылатынын айтты.



«Бүгінгі кездесу – экономикалық байланыстарымызды нығайту жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Бұл форумда жай ғана келісімдер жасалмайды. Кәсіпкерлер, инженерлер және озық ойлы азаматтар арасында байланыс орнатылып, сенім нығаяды», – деді Мемлекет басшысы.

Финляндия Президенті қазақстандық кәсіпкерлер жұмысының тиімділігін, сондай-ақ екі ел бизнес құрылымдарының арасында өзара сенім бар екенін атап өтті.

«Біз құбылмалы, болашақты болжау қиынға соғатын, күрделі геоэкономикалық әлемде өмір сүріп жатырмыз. Мұндай

кезде бизнес шын мәнінде тұрақтылықты қажет етеді. Бүгін Қазақстан мен Финляндия арасында саяси деңгейде келісімдер жасалды. Ал осындай уағдаластықтар тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек, өзара түсіністік жөніндегі меморандумдарға қол қойып, құжаттар алмастық», – деді Александр Стубб.

Egemen.kz

ЖАПОНИЯ – АЛЫСТАҒЫ КӨРШІМІЗ, ДЕГЕНМЕН ЖАҚЫН ӘРІ СЕНІМДІ ДОСЫМЫЗ



18-20 желтоқсан күндері Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жапонияға ресми сапармен барды. Ақорданың хабарлауынша, Президенттің жыл соңындағы бұл сапарының бағдарламасы ресми келіссөздер мен іскерлік кездесулерге толы болды. Сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев Император Нарухитомен, Премьер-министр Санаэ Такаичимен, сондай-ақ жапондық іскер топ өкілдерімен кездесіп, «Орталық Азия – Жапония» саммитіне қатысты.

ИМПЕРАТОРМЕН КЕЗДЕСУДЕН БАСТАЛҒАН САПАР

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жапонияға жасаған алғашқы ресми сапары Император Нарухитомен кездесуден басталды. Қонақжайлылық танытқаны үшін Императорға ризашылығын білдірген Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Күншығыс елінің тәртібі мен табандылығын әуелден үлгі тұтатынын атап өтті. Сондай-ақ екі елді өзара құрмет пен түрлі саладағы табысты ықпалдастыққа негізделген байырғы достық қатынастар біріктіретінін жеткізді.

Император Нарухито өз сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сапары Жапония мен Қазақстан арасындағы байланыс тарихында елеулі оқиға ретінде қалатынын және екіжақты қарым-қатынасты жаңа деңгейге шығаратынын айтты. Жылы шырайда өткен жүздесуде Мемлекет басшысы мен Император өзара ынтымақтастық мәселелері және халықаралық күн тәртібі жөнінде пікір алмасты.



ОН ТӨРТ ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН КЕЛІССӨЗ



Қазақстан Президентін салтанатты қарсы алу рәсімінен соң Жапония Премьер-министрінің офисінде қазақжапон келіссөздері басталды.

«Бұл сапар, шын мәнінде, екі ел арасындағы қарым-қатынастың жаңа кезеңі. Біз Жапонияны әрқашан Азиядағы уақыт тезінен өткен сенімді серіктесіміз деп санаймыз. Бүгінгі Жапония – ғасырлар бойы қалыптасқан даналық пен бірегей дәстүрді заманауи инновациямен үйлесімді жарастырған, дамыған мемлекет. Біз Жапонияны алыстағы көршіміз, дегенмен жақын әрі сенімді досымыз деп жиі айтамыз. Өзара байланыстарымыздың тарихы тереңде. Бұған дейін сіздің еліңізге төрт рет келген едім. Бұл – менің

Президент ретіндегі алғашқы сапарым. Қазақжапон қарым-қатынасының берік институционалдық негізі қалыптасқан. 2004 жылы Жапонияның сол кездегі Сыртқы істер министрі Кавагучи ханыммен бірге «Орталық Азия + Жапония» форматына бастамашы болдық. Сыртқы істер министрлері деңгейіндегі алғашқы кездесу Астанада өтті. Бүгінде мұндай кездесулердің кеңінен танылғаны соншалық, ірі мемлекеттердің көбі «Орталық Азия плюс» платформасын құптайды. Бірақ Жапония бұл диалог алаңының алғашқы бастамашысы және негізін қалаушы болып қала береді», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Жапония Премьер-министрі Қазақстан Президентінің ресми сапары екі елдің өзара тиімді ынтымақтастығына тың серпін беретініне сенім білдірді.

«Сізбен жүздескеніме қуаныштымын. Осыдан 21 жыл бұрын Сыртқы істер министрлерінің «Орталық Азия + Жапония» форматындағы алғашқы жиыны өткен еді. Оған өзіңіз төрағалық еттіңіз. Бүгін, міне, «Орталық Азия + Жапония» форматындағы мемлекет басшыларының кездесуіне президент лауазымында қатысқалы отырсыз. Қазақстанды заң үстемдігіне негізделген

еркін әрі ашық әлемдік тәртіпті нығайту ісінде стратегиялық серіктес ретінде қарастырамыз. Өзара тиімді қарым-қатынасты одан әрі дамыту үшін сізбен тығыз ынтымақтастықты жалғастыруға ниеттіміз», – деді Санаэ Такаичи.

Келіссөз қорытындысы бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Премьер-министр Санаэ Такаичи Бірлескен мәлімдеме қабылдады. Бұдан соң екі елдің ресми делегация мүшелері 14 үкіметаралық және ведомствоаралық құжатқа қол қойды.

АСТАНА МЕН ТОКИО ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ОРНАТТЫ



Мемлекет басшысы Жапонияға сапары барысында Токио губернаторы Юрико Коикэмен кездесу өткізді. Губернатор Қасым-Жомарт Тоқаевты «Қош келдіңіз!» деп қазақ тілінде жылы шырай таныта қарсы алды. Ақорданың хабарлауынша, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Юрико Коикэ цифрландыру, Smart city технологияларын және қаланы орнықты дамыту, жасанды интеллект, шаһарды басқару ісіне инновациялық шешімдерді енгізу салаларындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Сонымен қатар мегаполистердің тұрғындары мен қонақтары үшін анағұрлым жайлы, экологиялық тұрғыдан таза, қауіпсіз және инклюзивті орта қалыптастыру жайын қарастырды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек пен Токио губернаторы Юрико Коикэ Қазақстан және Жапония астаналары арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Мемлекет басшысы қаланы басқару ісіне жасанды интеллектіні енгізу бойынша екі ел астаналары арасындағы ынтымақтастықтың әлеуеті зор екеніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Токио қаласының Smart city тұжырымдамасы таныстырылды. Жоба халықтың тұрмыс сапасын жақсартуды, шаһарды басқару тиімділігін арттыруды және орнықты даму үшін озық технологияларды пайдалануды көздейді.

КҮНШЫҒЫС ЕЛІНДЕГІ КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУЛЕР МЕН ЖЫЛЫ ЖҮЗДЕСУЛЕР...



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Күншығыс еліне сапарының алғашқы күні Токиодағы 1920 жылы салынған кешен – императорлық киелі орын саналатын Мейджи Джингу синто ғибадатханасына барды. Оның аумағында 120 мыңға жуық ағаш пен жасыл желегі бар саябақ орналасқан. Ғибадатхана

түбегейлі саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізу арқылы Жапонияны әлемнің дамыған елдерінің біріне айналдырған император Мейджиге арналған. Кешенмен танысқан соң Мемлекет басшысы «Құрметті қонақтар кітабына» жазба қалдырды.



«Мейджи Джингу – берекелі бірлік пен ұлттық сана-сезімнің символы. Жапон халқы үшін осы қасиетті ғибадатхананың тарихи мән-маңызы ерекше. Күншығыс елі өсіп-өркендей берсін!», – деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан кейін Президент қазіргі уақытта Жапонияда білім алып, түрлі салада қызмет етіп жүрген Қазақстан азаматтарымен кездесті. Мемлекет басшысы Жапония сияқты дамыған елдің тәжірибесін зерделеу маңызды екенін айтты.

«Бұл сапар екі ел арасындағы қарым-қатынасқа тың серпін береді деп ойлаймыз. Жапон тарапы да үлкен мән беріп отыр. Ынтымақтастығымыздың келешегі зор болатынына ешқандай күмән жоқ. Өздеріңізге белгілі, Қазақстан өз дамуында жаңа кезеңге қадам басты. Биыл ел экономикасының өсімі 6 пайыздан асты. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Дегенмен мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Инфляцияны төмендету, инфрақұрылымды жаңарту қажет. Қазақстан келешекте цифрлық елге айналуы керек. Алдымызда осындай үлкен мақсаттар тұр», – деген Қасым-Жомарт Тоқаев өздерінің осы елдегі жетістіктерімен бөліскен отандастарымыз бен Жапонияда тұрып жатқан қазақстандықтарға табыс тіледі.

Сол күні Тошиаки Эндо бастаған Жапония Парламентінің Қазақстанмен достық лигасы мүшелерімен кездесу өткізген Мемлекет басшысы Достық лигасының қызметін екіжақты ынтымақтастықты нығайтудың маңызды тетігі ретінде қарастыратынын атап өтті.

«Еліміз Токиомен жан-жақты ықпалдастықты одан әрі арттыруға баса мән береді. Парламентаралық диалог тереңдей түсті. Түрлі деңгейдегі байланыстар тұрақты түрде

жалғасуда. Сауда-экономика және инвестиция саласындағы екіжақты қатынастарымыз тың серпінмен дамып келеді. Жапония Қазақстандағы ірі инвестордың қатарына кіреді. Былтыр тауар айналымы 2 миллиард долларға жетті. Бұл Жапонияның Орталық Азия мемлекеттерімен жалпы сауда көлемінің 70 пайызынан астамы деген сөз. Сондай-ақ көлік-логистика, энергетика, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларда нақты жобалар бар. Біз бүгін Император Нарухитомен кездесуде медицина саласы, су мәселесі бойынша пікір алмастық. Шын мәнінде екіжақты ынтымақтастықтың келешегі зор», – деген Президент жаһандық өзекті мәселелерге қатысты Қазақстан мен Жапонияның ұстанымдары ортақ екеніне тоқталды.

Жапониядағы ресми сапары аясында Қазақстан Президенті Rakuten Group компаниясының негізін қалаушы, басқарма төрағасы және бас директоры Хироши Микитанимен де кездесті. Мемлекет басшысы Rakuten тобының әлемдегі ең озық жаһандық цифрлық экожүйе қалыптастыруда қол жеткізген жетістіктерін жоғары бағалады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, технологиялық даму мен цифрлық трансформацияның жаңа кезеңіне қадам басқан Қазақстан компания тәжірибесіне зор қызығушылық танытады. Президент елімізде алғаш рет жасанды интеллект туралы заң қабылданып, бірінші ұлттық супер компьютер іске қосылғанын, электрондық үкімет қызметі мен цифрлық экожүйе жетілдіріліп жатқанын жеткізді. Осы орайда Мемлекет басшысы Rakuten компаниясының Қазақстандағы қызмет аясын кеңейту, сондай-ақ Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен тығыз қарым-қатынас орнату ниетін құптады.



Хироши Микитани елімізде цифрлық бастамаларды дамытудың жоғары қарқынын атап өтіп, оларды жүзеге асыру үшін ауқымды инвестиция тартылғанына назар аударды.

Айта кетсек, Rakuten Group – Хироши Микитани 1997 жылы негізін қалаған жапондық технология конгломераты. Компания электронды коммерция, мобильді байланыс, қаржы технологиялары, цифрлық контент, медиақызмет және басқа да онлайн сервистерді қамтитын тұтас цифрлық экожүйені дамытады. Rakuten 30-дан аса елмен және өңірмен халықаралық серіктестік орнатқан.

Токиода Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпқой сумошы Ерсін Балтағұлмен кездесуге де уақыт тапты.

Мемлекет басшысы Жапонияда білім алып, он жылдан бері ірі халықаралық жарыстарда көш басынан көрініп жүрген Ерсін Балтағұлды қазақстандықтар мақтан тұтатынын атап өтті. Сонымен қатар бүгін Император Нарухитомен кездесуде балуанның жетістіктері туралы әңгіме қозғалғанын айтты. Еске сала кетсек, қазақстандық спортшының лақап аты – Кимбозан. Бұл атақты бапкер әрі төл сумо мектебінің негізін қалаушы, ояката Кисенің туған жері Кумамото префектурасындағы таудың атауы.

Сапарының екінші күнінде Қасым-Жомарт Тоқаев Токиода жапондық іскер топ өкілдерімен кездесуін жалғастырды. Алдымен Жапонияның ірі және ықпалды саудаинвестициялық корпорациясының бірі саналатын Sumitomo жетекшісімен кездескен Қазақстан басшысы еліміз бұл корпорацияның орнықты даму мен бизнестің жауапкершілігін арттыруға бейілдігін жоғары бағалайтынын, сондай-

ақ компанияны ұзақ мерзімді серіктес ретінде қарастыратынын атап өтті.

Компания президенті Шинго Уэно Мемлекет басшысына «Қазатом өнеркәсіп» ұлттық компаниясымен бірлескен жобаны іске асыру жайында мәлімет берді. Аталған жоба ядролық медицина саласында уран өнімдерінен ем-шараға қолдануға арналған радиий изотоптар алудың ғылыми-негіздемелік әдістерін әзірлеуді қарастырады. Кездесуде көліклогистика, энергетика, атом өнеркәсібі, металлургия және геологиялық барлау салаларында бірлескен инвестициялық бастамаларды жүзеге асыру перспективасы талқыланды.

Бұдан кейін Ақорданың баспасөз қызметі Мемлекет басшысының Жапония металл және энергетикалық қауіпсіздік жөніндегі ұйымының (JOGMEC) төрағасы Ичиро Такахаруды қабылдағаны туралы хабарлады. Кездесуде геологиялық барлау, аса маңызды минералдарды өндіру және өңдеу, сондай-ақ табиғи ре сурстарды орнықты басқару бағыттарындағы ынтымақтастық перспективасы талқыланды. Мемлекет басшысы JOGMEC компаниясының Қазақстанда жобаларды жүзеге асыруға қызығушылық танытып отырғанын жоғары бағалады.

Сонымен қатар ұйымның еліміздегі геологиялық барлау жобаларына қатысу және өкілдік ашу мүмкіндіктері қарастырылды. Президенттің пікірінше, бұл бірлескен жобаларды тиімді үйлестіруге, сондай-ақ Жапонияның өндірістік және технологиялық компанияларының Қазақстан нарығына көптеп келуіне ықпал етеді.

Мәлімет үшін айтар болсақ, JOGMEC – Жапонияның энергетикалық және минералды шикізат қауіпсіздігіне

жауапты негізгі мемлекеттік институты. Ұйым мұнай, газ, сутегі, аммиак және сирек кездесетін металдардың тұрақты жеткізілімін қамтамасыз ететін мемлекеттік оператор міндетін атқарады.

Қазақстан Президентінің кезекті кездесуі Mitsui компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Тацуо Ясунагамен өтті. Президент Қазақстандағы белсенді қызметі және Жапониямен экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі үшін Mitsui басшылығына ризашылығын білдірді. Қазіргі уақытта кәсіпорын халықаралық жеткізу тізбегін қалыптастыруда, инфрақұрылымды дамытуда, энергетика мен өнеркәсіп салаларын өрістетуде маңызды рөл атқарады. Мемлекет басшысы Қазақстан экономиканың негізгі секторларында Mitsui компаниясының қызмет аясын кеңейтуге ниетті екенін жеткізді.

Атап айтқанда, компанияның Астанада күрделі жөндеу және құрал-жабдықтарды қайта қалпына келтіру бойынша өндірістік кешен құрылысына қатысу жоспарын мақұлдады. Сондай-ақ өзара қызығушылық танытқан салалар қатарында аса маңызды минералдар, көлік-логистика, табиғи апаттардың алдын алуға арналған технологияны енгізу бағыттары бар. Токио сапары аясында Mitsui компаниясымен бірқатар бірлескен жобаларды жүзеге асыру жөнінде меморандумға қол қойылғанын айта кеткен жөн. Ал Komatsu компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Хироюки Огавамен өткен кездесуде Мемлекет басшысы бұл компанияның еліміздің тау-кен инфрақұрылымын дамытуға елеулі үлес қосып келе жатқан сенімді әрі уақыт тезінен өткен серіктесі саналатынын атап өтті. Komatsu

құрылыс, тау-кен, жол және индустрия салаларына қажетті техникалар өндіруге маманданған әлемдегі ең ірі машина жасау корпорацияларының бірі саналды. Президент компанияның Астана қаласында техникаларды күрделі жөндеуге және қайта қалпына келтіруге арналған өндірістік кешен салу туралы шешімін құптады.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан өндірісті локализациялауға, елдер арасындағы өнеркәсіптік ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін озық технологиялар алуға ниетті. Хироюки Огава стратегиялық тұрғыдан маңызды нарық саналатын Орталық Азияның әлеуеті жоғары, мүмкіндігі мол екеніне тоқталды. Ол жаңа кешеннің аймақтағы тау-кен компанияларының техникаларын аз уақыт ішінде төмен бағада жөндейтін әрі оларға жедел сервистік қызмет көрсететін өңірдегі ірі хабқа айналатынын мәлімдеді.

Кездесу барысында маман даярлау мәселесіне баса мән берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев Komatsu компаниясының елімізде операторларға, механиктер мен инженерлерге арналған аймақтық оқыту орталығын ашу туралы бастамасына қолдау білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Hitachi Construction Machinery компаниясының президентімен кездесу барысында қазақстандық тау-кен кәсіпорындарының жапондық компаниямен ынтымақтастығын кеңейту перспективасын қарады. Мемлекет басшысы Hitachi Construction Machinery компаниясының өңірдегі басты серіктесі саналатын Қазақстан өзара тиімді байланыстарды тереңдетуге дайын екенін атап өтті.



Президенттің пікірінше, алдағы уақытта кен орындарының қажеттілігі үшін өндіріс локализациясы мен құрал-жабдықтарды жөндеу ісіне басымдық беру маңызды.

Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру, «жасыл» технологияларды енгізу және дербес көлік жүйесі бірлескен жұмыстың перспективті бағыттары бола алады деп санайды. Масафуми Сэнзакидің

айтуынша, компанияның басты мақсаты – жаһандық деңгейдегі, сонымен бірге Қазақстандағы жобаларды жүзеге асыру аясында жоғары технологиялы, төмен көміртекті, қауіпсіз шешімдер әзірлеу әрі оны өндірісте қолдану.

Hitachi Construction Machinery – құрылыс және тау-кен техникаларын шығаратын әлемдегі жетекші кәсіпорындардың бірі.



БҰҰ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АЛМАТЫ ФИЛИАЛЫН ҚҰРУДЫ ҰСЫНДЫ

Токиодағы Біріккен Ұлттар Ұйымы университетінде «Дүрбелеңге толы дәуірдегі стратегиялық сенімді қалпына келтіру: әділетті әрі тұрақты әлем құру жолындағы Қазақстанның ұстанымы» тақырыбында дәріс оқыған Қазақстан Президенті Алматыда БҰҰ университетінің өңірлік филиалын құруды ұсынды. Мемлекет басшысы Қазақстанның халықаралық аренадағы абыройы ел ішіндегі жетістіктерімен тікелей байланысты екенін мәлімдеді. Президенттің пайымдауынша, тиімді дипломатияның өзегінде дәл осы жауапты ішкі саясат жатыр.

«Мен білімнің және халықаралық деңгейдегі академиялық ықпалдастықтың дамуына айрықша мән беремін. Әсіресе әлемнің өзгеруін жеделдететін бастамаларды қолдаймын. Бұл басымдықтар БҰҰ университетінің миссиясына толық сай келеді. Биыл Қазақстанда Орталық Азия және Ауғанстанға арналған БҰҰ орнықты

даму орталығы ашылды. Қазақстан осы алаңның негізінде Алматыда БҰҰ университетінің өңірлік филиалын құруға әзір. Оның қызметін, ең алдымен, су және климат қауіпсіздігі, қақтығыстарды реттеу, бітімгерлік, орнықты даму мен жасанды интеллектіні басқару мәселелеріне бағыттауға болады», – деген Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның БҰҰ университеті мен еліміздегі жетекші жоғары оқу орындары арасында бірлескен зерттеу жүргізу, академиялық тәжірибе алмасу және маман даярлау бойынша институционалдық серіктестікті одан әрі нығайтуға мүдделі екенін жеткізді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының университеті – БҰҰ Бас Ассамблеясы құрған жаһандық зерттеу және білім беру орталығы. Штаб-пәтері Токиода орналасқан университет құрамына әлемнің 12 еліндегі 13 институт кіреді.

Жүрсінгүл ЖАҚЫП
aqjolgazet.kz

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ІТ-МАМАНДАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДАҒЫ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТЕГІ СТАРТАПТАРДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ



ОЛЖАС БЕКТЕНОВ
Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Премьер-министр қазақстандық ІТ-компаниялардың өкілдерімен Мемлекет басшысының *«Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу»* атты Қазақстан халқына Жолдауында қойылған міндеттер шеңберінде білім беру, спорт және өнеркәсіп салаларындағы ЖИ-стартаптарды қолдау мәселелерін талқылады.

Отандық Paradigm Shift компаниясының өкілдері жаңа жобалардың жүзеге асырылу барысы туралы айтып берді:

AI Kitap – бұл мектеп пәндері

бойынша әр оқушының деңгейіне қарай оқу материалын лайықтауға арналған, прогреске талдау жасайтын және білімдегі олқылықтарды анықтайтын цифрлық оқулық. Оның жұмыс нұсқасы әзірленді, AI Kitap AITU-мен интеграциялануда.

OlympIQ – спортты дамытуға арналған технологиялық платформа. Жүйе аналитикалық, операциялық, медициналық және ұйымдастырушылық деректерді жасанды интеллект арқылы өңдеуге мүмкіндік береді. Оның жол картасы әзірленді, прототиптердің алғашқы нұсқалары дайындалды.



Премьер-министрге AI Kitap және OlympIQ жобаларын пилоттық режимде енгізу қарастырылатын мектептер мен спорт федерацияларының тізбесі жасалғаны туралы хабарланды.

«Жасанды интеллект технологияларын дамыту – Үкіметтің басты міндеті. Біз отандық компаниялардың өнімдерін жан-жақты қолдауға дайынбыз», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Сондай-ақ кездесуде компанияның өндірістік үдерістерді оңтайландыруға, энергетика және көлік салаларының тиімділігін арттыруға, операциялық

шығындарды азайтуға және тәуекелдерді басқаруға көмектесетін технологияларды жасап шығару бастамалары қаралды. Оның өнімдеріне маңызды салаларға енгізілген деректерді талдау, болжау және автоматтандырудың интеллектуалды жүйелері кіреді.

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ: ПРЕЗИДЕНТТІҢ БАСТАМАЛАРЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕЛЕСІ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СЕРПІЛІСІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН





Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Digital Bridge: Generative Nation халықаралық форумының пленарлық отырысына қатысып, Digital Bridge Awards сыйлығының лауреаттарына марапаттар табыс етті және цифрлық шешімдер көрмесін аралады.

Олжас Бектенов цифрландыру және жасанды интеллектіні енгізу Қазақстан Президенті айқындап берген ел дамуының басым бағыты екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектіні дамытуға баса назар аударып, Қазақстанды алдағы үш жыл ішінде нағыз цифрлық елге айналдыру туралы міндет қойды. Біздің азаматтарымыздың әлеуеті шексіз және серпінді жобаларды жасап шығаруға мүмкіндіктері жеткілікті. Өз кезегінде біз оларға жан-жақты қолдау көрсетуіміз керек. Көздеген мақсатқа жетуде бизнес, ғылыми орта және мемлекеттік құрылымдар болсын, әрбір тарап маңызды рөл атқарады», – деп атап өтті Премьер-министр.

Бүгінде Қазақстан «электрондық үкіметті» дамыту бойынша әлемде 24-ші, онлайн қызметтер бойынша 10-шы орында тұр.

Үкімет жасанды интеллект және IT-мамандарына барынша қолайлы жағдай жасау үшін қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазіргі таңда экожүйенің инфрақұрылымы үздіксіз кеңеюде. Білім беру ресурстары барлық азаматтарға қолжетімді. 20 жоғары оқу орнында жасанды интеллект бағдарламалары іске қосылған. Шамамен 500 мың адам жасанды интеллект негіздері, оның ішінде AI Qyzmet, AI Sana, Tomorrow school, QazCoders сияқты бағдарламалар бойынша білім алуда.

Соның ішінде Alem.ai-дың ашылуы инфрақұрылымды нығайтуда маңызды қадам болды. Ол – ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, озық шешімдерді енгізу және стартаптарды дамыту үшін құрылған бірыңғай цифрлық кластердің негізгі платформасы. Astana Hub та – креативті индустрияларды дамытудағы маңызды құралдардың бірі.



Венчурлық инвестициялар қоры түріндегі акселератордың арқасында стартаптар ауқымды қаржыландыруға қол жеткізіп, жаһандық нарыққа шыға алады. Осы жылдың соңына дейін ІТ-қызметтер экспортының көлемін \$1 млрд-қа жеткізу мақсатында стратегиялық жоспар жүзеге асуда. Қазақстан нарығына қазірдің өзінде Playrix, Mytona, NetCracker сияқты әлемдік технологиялық алпауыт компаниялар кіріп отыр. Бұл бизнес пен инвесторлардың тарапынан тұрақты серіктес ретінде Қазақстанға деген сенімнің нығайып жатқанын көрсетеді.

«Жуырда құрылған Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің басты міндеті – келесі технологиялық серпіліске қол жеткізуді қамтамасыз ету. Осы мақсатта құқықтық базаны жетілдіріп, жасанды интеллект және ІТ-мамандарын қолдау шаралары кеңейтіледі. Ұлттық білім беру платформасын әзірлеу және жасанды интеллект саласындағы зерттеу университетін құру жөніндегі Президент бастамалары болашақ нарыққа білікті кадрларды даярлауға айтарлықтай серпін береді», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр Қазақстан Үкіметі қуатты экономика құру мақсатында еліміз үшін маңызды жобаларды жүзеге асыру бойынша бірлескен жұмысқа толықтай ашық екенін атап өтті. Форумның нәтижесінде 30-дан астам маңызды меморандумға қол қойылып, өзара ықпалдастықтың жаңа бағыттарына қол жеткізілді. Үкімет жанынан құрылған Цифрлық штаб мемлекеттік органдардың толық цифрлық трансформациясын жүзеге асыру, бизнестегі туындайтын мәселелерді жедел шешу және нарықтың барлық қатысушылары үшін артық кедергілерді жою бағытында жұмыс істейді.


Одан бөлек Digital Bridge Awards байқауының жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті. Олжас Бектенов үздік отандық ІТ-жобалар мен цифрлық бастамаларға марапаттар табыс етті.

Премьер-министр, сонымен қатар, цифрлық шешімдер көрмесінің экспозициясымен танысты, онда отандық ІТ-компаниялар мен стартап иелері өз әзірлемелерін ұсынды.

Іс-шара әлемнің 30-дан астам елінен келген инвесторлардың, сарапшылардың, стартаптар мен ІТ-компаниялардың өкілдерінен тұратын 30 мыңнан астам қатысушының басын біріктірді.

Primeminister.kz

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ



ChatGPT

Examples

"Explain quantum computing in simple terms" →

"Got any creative ideas for a 10 year old's birthday?" →

"How do I make an HTTP request in Javascript?" →

Capabilities

Remembers what user said earlier in the conversation

Allows user to provide follow-up corrections

Trained to decline inappropriate requests

Limitations

May occasionally generate incorrect information

May occasionally produce harmful instructions or biased content

Limited knowledge of world and events after 2021



АРАЛ ТЕҢІЗІ ТАБАНЫНЫҢ ЭКОЖҮЙЕСІН ЖАҚСARTY: ҚАЗАҚСТАНДА ӘЛЕМДІК МАҢЫЗЫ БАР ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛМАҚ

29 ҚАЗАН

Бүгін Арал теңізі табанының экожүйесін жақсартуға бағытталған экологиялық жобаны іске қосуға арналған кездесу өтті. Бастаманың серіктестері қатарында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Калифорния университеті (Беркли) және Аралды құтқару халықаралық қорының Қазақстандағы Халықаралық Аралды құтқару қорының атқарушы дирекциясы бар. Жобаны Болат Өтемұратов қоры жүзеге асырады.

Іс-шараға ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов қатысып, министр Саясат Нұрбектің бұл жобаның еліміздің табиғи мұрасын сақтаудағы маңыздылығына қатысты құттықтау сөзін жеткізді. Ол министрліктің экологиялық бастамаларды қолдайтынын, жас ғалымдарға мүмкіндік беріп, ғылым мен тәжірибені ұштастыруға жағдай жасап отырғанын атап өтті.

Пилоттық жоба Арал теңізі құрғаған табанының экожүйесін ұзақ мерзімді жақсартуға және Калифорния университетінің (Беркли) ғалымдары әзірлеген инновациялық E-seed технологиясын сынақтан өткізуге бағытталған. Бұл технология дрондардың көмегімен биологиялық ыдырайтын қабықтағы өздігінен топыраққа сіңетін тұқымдарды аэросебу әдісіне негізделген.

Пилоттық сынақ ретінде 1 гектар аумаққа тұқым отырғызу 2026 жылғы наурыз-сәуір айларында басталады. Ғылыми дәлелденген жерсіну көрсеткіштері 20 пайыздан жоғары болған жағдайда, пилоттық жобаның екінші кезеңі шеңберінде 2027 жылы Арал теңізінің 50 гектар құрғаған табанына тұқым себіледі.

Кездесу соңында тараптар Арал экожүйесін қорғау жөніндегі өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды. Құжат Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Калифорния университетінің Morphing Matter зертханасы, Қазақстандағы Халықаралық Аралды құтқару қорының атқарушы дирекциясы және Болат Өтемұратов қоры арасындағы серіктестікті бекітті.

10 ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ АЗИЯНЫҢ ЕҢ ҮЗДІК УНИВЕРСИТЕТТЕРІ РЕЙТИНГІНЕ ЕНДІ 5 ҚАРАША

2025 жылғы 4 қарашада QS Quacquarelli Symonds жоғары білім беру саласындағы халықаралық талдау агенттігі QS Asia University Rankings 2026 – Азияның ең үздік университеттері рейтингінің 2026 жылғы тізімін жариялады.

Бұл аймақтық рейтинг Шығыс, Оңтүстік-Шығыс, Оңтүстік және Орталық Азия өңірлеріндегі университеттердің жетістіктерін сараптайды. Биылғы рейтинг – өзінің тарихындағы ең ауқымды рейтинг болып отыр, оған 25 елден 1529 университет енген, оның ішінде 554 жоғары оқу орны алғаш рет тізімге кірді.

Қазақстандық университеттер академиялық бедел, оқыту сапасы, халықаралық ынтымақтастық және түлектердің еңбек нарығындағы сұранысы сияқты рейтингтің негізгі көрсеткіштері бойынша аймақтағы үздік нәтижелердің бірін көрсетіп жатыр.

Қазақстанның рейтингтегі позициясының өсуі академиялық стандарттардың артуымен қатар халықаралық стратегиялық серіктестіктерді дамытуда жүйелі жұмысының нәтижесін көрсетеді.

Осылайша, жоғары оқу орындарын стратегиялық серіктестіктер құру арқылы трансформациялау Қазақстанның жаһандық білім кеңістігіне кірігуінің негізіне айналып, жоғары білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін көрсетіп отыр.





ҚАЗАҚСТАН МЕН OPENAI БІЛІМ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ 7 ҚАРАША

Вашингтон қаласында өткен C5+1 бизнес-форумы аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі, OpenAI, Inc. және Freedom Holding Corp. арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Құжаттың мақсаты – білім беру, цифрлық трансформация және жасанды интеллект технологияларын Қазақстанның жоғары, техникалық және кәсіби білім беру жүйесіне енгізу саласындағы ынтымақтастықты дамыту.

Келісімнің басты мақсаты – жасанды интеллект негізіндегі білім беру құралдарын енгізу үшін жағдай жасау, студенттердің, оқытушылар мен басқарушы кадрлардың цифрлық және ЖИ дағдыларын дамыту, сондай-ақ заманауи технологиялар негізінде көптілді және қазақтілді контент қалыптастыру.

Ынтымақтастық аясында елдегі жоғары оқу орындары мен колледждерді OpenAI компаниясының ChatGPT Edu білім беру платформасына қосу бойынша пилоттық жобаны іске қосу қарастырылған. Платформаға оқытушылар, студенттер және әкімшілік қызметкерлер қол жеткізе алады, бұл ЖИ технологияларды оқу, ғылыми және әкімшілік қызметте тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Ғылым және жоғары білім министрлігі жоғары оқу орындарының қатысуын үйлестіреді және ЖИ құралдарын білім беру үдерістеріне енгізу жұмыстарын цифрландыру және жоғары білім беру саласындағы ұлттық саясатқа сәйкестендіре отырып жүзеге асырады. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі орта, техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз етіп, жобаны AI-Sana бағдарламасы аясында үйлестіретін болады. OpenAI компаниясы технологиялық әріптес ретінде ChatGPT Edu лицензияларын және әдістемелік қолдау ұсынса, Freedom Holding Corp. лицензияларды сатып алуға қаржылық қолдау көрсетіп, бастаманың ұйымдастырушылық жағын қамтамасыз етеді.

АЛМАТЫДА ARIZONA STATE UNIVERSITY-МЕН БІРЛЕСКЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ INNOTECH УНИВЕРСИТЕТІ АШЫЛАДЫ

7 ҚАРАША

Орталық Азия мен АҚШ мемлекеттері басшыларының C5+1 форматындағы кездесуі аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Q Group және Arizona State University жаңа халықаралық University of Innovation and Technology powered by Arizona State University (InnoTech) университетін Алматы қаласында ашу туралы ресми келісімге қол қойды.

InnoTech университетін құру – Қазақстанның білім беру саласындағы халықаралық серіктестікті нығайту және инновациялық технологияларды дамыту жөніндегі стратегиялық бағытын айқын көрсетеді. Бұл университет инженерия, IT, кәсіпкерлік, жасанды интеллект және тұрақты даму салаларында академиялық ұтқырлықты, ғылыми ынтымақтастықты және тәжірибеге бағытталған оқытуды біріктіретін әлемдік деңгейдегі білім ордасына айналмақ.

Жаңа университеттің басты ерекшелігі – қазақстандық үлгідегі және АҚШ-та мойындалған Arizona State University дипломын, екі диплом алу мүмкіндігі. Бұл түлектердің халықаралық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Бакалавриат және магистратураның алғашқы білім беру бағдарламалары 2026 жылы іске қосылады. Қазірдің өзінде Алматы қаласында заманауи қалалық кампус дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ол оқу, зерттеу және стартап-жобаларға арналған инновациялық кеңістікке айналмақ.



ASTANA IT UNIVERSITY - MIT ЖАҒАНДЫҚ ЖЕЛІСІНЕ ҚОСЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ УНИВЕРСИТЕТ

21 ҚАРАША

Astana IT University (AITU) ресми түрде әлемдегі жетекші технологиялық университеттердің бірі – Массачусетс технологиялық институтының (MIT) Global Learning & Entrepreneurship Network (GLEEN) халықаралық бағдарламасына қосылды. AITU осы жаһандық желіге енген Қазақстанның алғашқы университеті болды, бұл Мемлекет басшысы белгілеген жасанды интеллект пен инновациялар саласын дамытуға арналған ұлттық амбицияларын айқындайды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында еліміздің ЖИ саласындағы әлеуетін күшейтудің маңыздылығын ерекше атап өткен болатын. *«Жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын университеттерге көбірек дербестік беруге болады»*, – деді ол. AITU-MITынтымақтастығы осы ұлттық міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған нақты қадамдардың бірі болмақ.

GLEEN MIT Солтүстік Америка, Еуропа, Африка және Латын Америкасындағы университеттерді біріктіретін халықаралық қауымдастық ретінде дамып келеді. Серіктестіктің ерекшелігі AITU тек жеке курстарға ғана емес, түгел интеграцияланған трансформациялық «операциялық жүйеге» ие болады, бұл инновациялар мен кәсіпкерлікті оқыту тәсілін түбегейлі өзгертеді. MIT әдістемелері Disciplined Entrepreneurship (24 қадам) және 15 Startup Tactics бакалавр, магистратура және университет акселераторлары үшін жаңартылған оқу модулінің негізін құрайды.

MIT-пен серіктестік AITU халықаралық мәртебесін нығайтып, жаңа әріптестік, ғылыми зерттеу және инвестициялық мүмкіндіктер ашады.





БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚТІЛДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ТАНЫСТЫРДЫ

27 ҚАРАША

Ақтөбеде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған алғашқы қазақ тіліндегі инновациялық мобильдік қосымшалар – «Сауатты бала» және «Дыбыстар әлемі» әзірленді.

Бұл бастама – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруы аясында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғалымдары жүзеге асырған жобаның нәтижесі.

Жоба жетекшісі п.ғ.к., қауымдастырылған профессор М.Есенғұлова бастаған ғылыми топ үй жағдайында оқитын, денсаулығына байланысты шектеулері бар немесе әлеуметтену мүмкіндігі төмен балалар үшін қолайлы білім ортасын қалыптастыруды мақсат етті. Зерттеу барысында балалардың сөйлеу, танымдық және коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған қазақ тіліндегі заманауи контент әзірлеу басты міндеттердің бірі болды.

«Сауатты бала» және «Дыбыстар әлемі» мобильдік қосымшалары дайындалып, логопедиялық жаттығулар, ойын-based тапсырмалар, визуалды және аудиоматериалдар толық қамтылды. Бұл құралдар педагогтар жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуда тиімділігі жоғары екенін тәжірибелік кезең дәлелдеді.

Жоба нәтижесі – ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың білімге қолжетімділігін кеңейткен, сұранысы жоғары, отандық цифрлық өнім. Бұл қосымшалар еліміздегі инклюзивті білім беру жүйесін дамытуға маңызды үлес қосатын құрал ретінде бағаланып отыр.





ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАР ӘЛЕМДІК ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТЫҢ АВТОРЫ АТАНДЫ

28 ҚАРАША

АҚШ-тың ең көне ғылыми басылымдарының бірі Science журналында 40 ұйымнан құралған халықаралық ғылыми топ әзірлеген «Қазіргі селекция әдістері пайда болғанға дейінгі мыңдаған жылдар бойындағы иттердің кең алуан түрлілігі» атты мақала жарияланды. Зерттеушілер қатарында қазақстандық археологтар, соның ішінде Торайғыров университетінің зерттеушілері – В.К. Мерц және И.В. Мерц және Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің зерттеушілері – Э.Р. Усманова, В.В. Варфоломеев енген.

Жұмыс барысында плейстоцен дәуірінен қазіргі уақытқа дейінгі әртүрлі географиялық аймақтардан жиналған материалдар зерттеліп, бүгінге дейінгі ең кешенді нәтижелер ұсынылды. Зерттеуді Ұлыбританиядағы Эксетер университеті және Францияның Ұлттық ғылыми зерттеулер орталығы үйлестірді. Жұмыс 2012 жылы басталып, соңғы 50 мың жылда өмір сүрген иттер мен қасқырлардың 643 заманауи және археологиялық бас сүйегі талданды.

600-ден астам ежелгі және қазіргі заманғы үлгілерді 3D-сканерлеу нәтижесінде голоценнің бастапқы кезеңіндегі иттердің пішіндік әртүрлілігі бүгінгі деңгеймен салыстыруға болатыны анықталды. Бұл қазіргі ит тұқымдарына тән көптеген морфологиялық айырмашылықтардың терең ежелгі тамыры бар екенін және олардың үй жануарына айналғаннан кейін көп ұзамай пайда болғанын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері XIX ғасырдағы селекция әдістерімен ғана иттердің алуан түрлілігі қалыптасты деген дәстүрлі гипотезаларды теріске шығарады. Үй иттерінің бас сүйегі пішіні мен көлеміндегі айырмашылықтар қасқырлардан бөлінгеннен кейін-ақ мыңдаған жыл бұрын болғаны дәлелденді. Сонымен қатар плейстоценнің соңғы кезеңіне жататын үлгілерде үй жануарларына тән морфология әлі байқалмаған, бұл алғашқы иттердің пайда болу процесінің күрделілігін көрсетеді.



МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ





«ЕДІГЕ БИ» ЖЫРЫНЫҢ ҚОЛЖАЗБАСЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

2 ҚАЗАН

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының мамандары қазақ халқының құнды мұраларының бірі – «Едіге би» жырының ең көне қолжазбасын цифрлы форматқа көшіріп, факсимиле нұсқасын жарыққа шығарды.

«Едіге би» жырына арналған қолжазба шамамен XV ғасырда белгісіз автор тарапынан жазылған. Аталған жырдың алғашқы нұсқаларын XIX ғасырдың басында қазақ ғалымы, шығыстанушы және фольклорист Шоқан Уәлихановтың әкесі Шыңғыс Уәлиханұлы көшіріп жазып, сол арқылы бұрын жоғалып кеткен нұсқаларды қайта қалпына келтірген болатын. Кейіннен бұл нұсқа Шоқан Уәлиханов тарапынан толықтырылып, өңделіп, 1842 жылы Ахмет есімді кісінің қолымен біріккен нұсқа ретінде көшірілген.

Аталған жыр түркі тілдеріне тән емес көне тіркестер мен сөз қолданыстарымен ерекшеленеді, бұл оның көне дәуірлерден қалған поэма екенін айғақтайды. Бұл жайтқа белгілі түркітанушы ғалым П.М. Мелиоранский өз еңбектерінде ерекше тоқталған.

Поэма Едігенің дүниеге келуімен басталып, Тоқтамыстың ұлы Қадырбердінің қолынан қаза табуымен аяқталады.

Аңыз бойынша, Едіге қасиетті Ұлытаудың биік шыңдарының бірінде жерленген. Қазір бұл шың Едігенің атымен аталады.



«АСТАНА ОПЕРА» ОМАНДА «КОППЕЛИЯ» БАЛЕТІН ҰСЫНАДЫ 6 ҚАЗАН

«Астана Опера» театры 4-5 желтоқсанда Маскат Корольдік опера театры сахнасында өнер көрсетеді. Оманның басты музыкалық орталығында ұжым Лео Делибтің терең әрі жарқын балеттерінің бірі «Коппелияны» ұсынады. Қойылымға маэстро Руслан Баймурзин дирижерлік етеді.

Кемеңгер француз хореографы Ролан Пети бұл қойылымы – иронияға толы туынды. Ол Гоффанның тылсым оқиғасын шебер пайымдап, оны жарқын комедияға айналдырды.

Балет «Астана Опера» репертуарына 2019 жылы енді және сол сәттен бастап труппаның сүйікті қойылымдарының біріне айналды.

Маскатқа балет әртісі мен техникалық топтан тұратын 55 адам барады. Сонымен қатар декорациялар мен костюмдер де жолда. Оман үшін бұл қазақстандық әртістердің орындауындағы Ролан Петидің бірегей хореографиясымен танысудың таптырмас мүмкіндігі.

«Астана Опера» театрының директоры Александр Совостьяновтың айтуынша, мұндай гастрольдерде өнер көрсету – үлкен жауапкершілік. Оның сөзінше, әртістерге отандық балет өнерінің деңгейін көрсету міндеті жүктеліп отыр, ал таңдалған қойылым олардың би шеберлігі мен актерлік қабілеттерін толық көрсетуге мүмкіндік береді.

Гастрольдер Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен өтеді.





ТРЕТЬЯКОВ ГАЛЕРЕЯСЫНДА «ҚАЗАҚСТАН ӨНЕРІНІҢ ЖАУҒАРЛАРЫ» КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ 10 ҚАЗАН

Мәскеудің Третьяков галереясында Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі әзірлеген «Қазақстан өнерінің жауһарлары» атты көрме ашылды. Іс-шара Ресей Федерациясында Қазақстан Республикасының мәдени күндері аясында өтіп жатыр. Салтанатты рәсімге ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева бастаған қазақстандық делегация қатысты.

«Ресейдегі Қазақстанның мәдени күндері – екі ел арасындағы ынтымақтастықтың маңызды кезеңі, үздіксіз дипломатиялық диалогтың жемісі. Бұл ауқымды жоба Мәскеудің жетекші мәдениет алаңдарын қамтып, Қазақстанның заманауи мәдени жетістіктерінің кең палитрасын – театр мен музыкадан бастап, кино және бейнелеу өнеріне дейін ұсынады. Кейінгі 34 жылда Мәскеуде қазақ суретшілерінің көрмесі алғаш рет өтіп отыр. Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінің картиналары «Крымский вал» галереясында ең соңғы рет 1991 жылдың тамызында қойылған еді. Сондықтан бүгінгі экспозицияны біз Қазақстан мен Ресей арасындағы мәдени байланыстарды нығайтудағы жарқын оқиға әрі жаңа белес деп бағалаймыз», – деді Аида Балаева.

Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінің «Қазақстан өнерінің жауһарлары» көрмесі ХХ ғасырдағы талантты шеберлердің 60-тан астам кескіндеме және мүсін туындыларын қамтиды.

Ресейдегі Қазақстанның мәдени күндері қараша айында қазақстандық өнерпаздардың гала-концертімен қорытындыланды.





ИТАЛИЯДА АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ БЮСТІ ОРНАТЫЛДЫ

30 ҚАЗАН

Римдегі Вилла Грациоли саябағында (Parco di Villa Grazioli) қазақ халқының ұлы ақыны әрі ойшылы Абай Құнанбайұлы бюстінің салтанатты ашылуы өтті.

Іс-шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Қазақстан Республикасының Италия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ерболат Сембаев, италиялық зиялы қауым өкілдері мен Қазақстанның ресми делегациясы мүшелері қатысты.

Министр салтанатты іс-шарада сөйлеген сөзінде Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының рухани кемелденуіне бағдар болған, адамзаттың асыл мұраттарын насихаттаған ұлы тұлға екенін атап өтті. Оның шығармаларындағы басты идея – адамгершілік, әділдік, білім мен еңбек арқылы ізгілікке үндеу. Сондықтан да Абай бейнесінің дәл Рим қаласында бой көтеруі – мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы рухани көпірдің белгісі болары анық.

Айта кетсек, қазақтың ұлы ақыны Абайдың есімі шетелде зор құрметке ие. Ақынға арналған ескерткіштер, бюстер мен монументтер әлемнің көптеген ірі қалалары мен астаналарында орнатылған. Олардың қатарында, Ташкент, Мәскеу, Қазан, Бішкек, Бейжің, Каир, Будапешт, Тегеран, Анкара, Ыстамбұл, Нью-Дели, Женева, Париж, Ренн, Сараево, Тбилиси, Берлин, Сеул, Харьков, Баку және Рио-де-Жанейро қалалары бар.



РИМДЕ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ТУРАЛЫ ИТАЛЬЯН ТІЛІНДЕГІ КІТАПТЫҢ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ ӨТТІ 30 ҚАЗАН



Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның Италияға жұмыс сапары аясында «Шоқан Уәлиханов және қазіргі Қазақстанның бастауы» атты монографияның таныстырылымы өтті. Белгілі ағартушының 190 жылдығына арналған бұл кітап алғаш рет итальян тілінде жарық көрді.

Аида Балаева ұлы ғалым, ағартушы әрі саяхатшыға арналған еңбектің жарық көруімен барша зерттеушілерді құттықтады. Министрдің айтуынша, Шоқан Уәлихановтың мұрасын итальян оқырмандарына таныстыру – Қазақстан мен Италия арасындағы рухани байланысты тереңдететін маңызды қадам.

Шоқан Уәлихановтың өмірбаянын итальян профессоры Федерико Пасторе жазған. Ол ұзақ жылдар бойы ғалымның өмірі мен қызметіне қатысты қазақстандық дереккөздерді зерттеген. Сондай-ақ монографияда Ш.Уәлиханов өмірінде кездескен белгілі қазақ қайраткерлеріне арналған ауқымды бөлім бар.

Кітап Қазақстан Республикасының Италия Республикасындағы Елшілігінің қолдауымен, Sandro Teti Editore баспасынан, қазақстандық «Каспий Нефть» АҚ мен Doscar Foundation Charity Fund корпоративтік қорының демеушілігімен жарық көрді. Зерттеу сонымен қатар ағылшын тілінде де қолжетімді.



«ПОБЕДИТЕЛЕЙ ВИДНО НА СТАРТЕ» ОТАНДЫҚ ФИЛЬМІ ТАЛЛИНДЕ ӨТКЕН «ҚАРА ТҮНДЕР» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КИНОФЕСТИВАЛІНІҢ ЛАУРЕАТЫ АТАНДЫ 21 ҚАРАША

21 қарашада Таллин қаласында өткен «Қара түндер» (Tallinn Black Nights Film Festival, PÖFF) халықаралық кинофестивалінің жабылу салтанатында қазақстандық «Победителей видно на старте» (Becoming) фильмі беделді марапатқа ие болды. Фильмнің режиссері әрі продюсері Жаннат Алшанова «Копродукция» санатында «Ең үздік балтық өңірі продюсері» жүлдесін иеленді.

Жаннат Алшанованың толықметражды дебюттік жұмысы – «Accidental Films» ЖШС түсірген картина. Фильм Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілді. Жоба халықаралық ынтымақтастық аясында Францияның (Films de Force Majeure), Нидерландтың (Volva Films), Литваның (M-Films), Швецияның (Kjellson & Wik) продюсерлік компанияларымен және Сауд Арабиясы Корольдігінің қолдауымен түсірілген.

Фильмде 17 жастағы Мила есімді қыздың оқиғасы баяндалады. Ол жүзгіштер командасына қосылғысы келеді. Сөйтіп еркін өмір сүріп, отбасындағы қиындықтан құтылмақ болады. Алайда мәреге жетер тұста оның өмірін өзгертетін таңдау жасауға тура келеді. Фильмде басты рөлдерді актриса Тамирис Жанғазинова, литвалық актер Валентин Новопольский, Әсел Қалиева және Медина Сағындықова ойнайды.





ҚЫРҒЫЗСТАННЫҢ ОШ ҚАЛАСЫНДА АБАЙ ҚҰНАНБАЕВҚА АРНАЛҒАН КӨШЕ, ЕСКЕРТКІШ ЖӘНЕ МУЗЕЙ АШЫЛДЫ

25 ҚАРАША

Ош қаласында (Қырғыз Республикасының ірі әкімшілік орталықтарының бірі) Абай Құнанбайұлы атындағы көше, ескерткіш және музейдің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Іс-шараға Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Қырғызстанның Мәдениет, ақпарат және жастар саясаты министрінің орынбасары Аскаралы Мадаминов, Ош қаласының мэрі Женишбек Токторбаев, сондай-ақ дипломатиялық корпус пен шығармашылық зиялы қауым өкілдері қатысты.

Ашылу салтанатында Аида Балаева қатысушыларға алғыс білдіріп, бұл бастаманың ерекше маңызына тоқталды.

Аида Балаева Мемлекет басшысының арнайы Жарлығымен Ош қаласының мэрі Женишбек Токторбаевқа Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы – II дәрежелі «Достық» ордені табысталды.

Министрдің айтуынша, кейінгі жылдары Қазақстан мен Қырғызстанның мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығы жаңа серпінмен дамып келеді. Бірлескен көрмелер, театр гастрольдері, әдеби және жастар форумдары, зерттеушілер конференциялары өткізілуде. Сондай-ақ мәдениет мекемелерінің әріптестігі нығайып, ЮНЕСКО аясындағы бағдарламалар шеңберінде өзара қолдау күшейіп отыр.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯДА ЮНЕСКО-НЫҢ МӘДЕНИ АЛУАН ТҮРЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ КОНВЕНЦИЯСЫНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ 29 ҚАРАША

Арменияда Мәдени көзқарастың алуан түрлілігін қорғау және қолдау туралы ЮНЕСКО Конвенциясының 20 жылдығына арналған «Мәдени тоғысу» атты Ереван халықаралық конференциясы өтті.

Конференцияға оннан астам елдің делегациясы, Мәдени көзқарастың алуан түрлілігін қорғау және қолдау туралы 2005 жылғы ЮНЕСКО Конвенциясының хатшысы Туссен Тиендребеого қатысты. Қазақстан тарапынан мәдениет және ақпарат вице-министрі Евгений Кочетов қатысып, ел атынан сөз сөйледі.

Жиында Евгений Кочетов Қазақстандағы мәдениеттің алуан түрлілігі қоғамды нығайтып, дамуына берік негіз қалайтын маңызды ресурс екенін атап өтті. Елде 130-дан астам этнос өкілдері тұрады. Ал Қазақстан халқы Ассамблеясының моделі халықаралық қауымдастық тарапынан оң бағасын алып, Конвенция принциптерінің практикалық көрінісі атанды.

«Мәдени тоғысу» халықаралық конференциясының қорытындысы бойынша «Мәдени алуан түрлілік арқылы тұрақты бейбітшілікке» арналған Ереван декларациясы қабылданды.

Декларацияда мәдени алуан түрлілік – адамзат тарихы мен мұрасының ажырамас бөлігі екені, өзара байланыстар мен ынтымақтастықты дамытуға, сондай-ақ білім беру мен бейбітшілікті нығайтуға ықпал ететіні атап өтілді.



БІЛІМ



ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ TURKICSKILLS-2025 ЧЕМПИОНАТЫНДА 6 АЛТЫН МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ 10 ҚАЗАН

I Халықаралық TurkicSkills-2025 кәсіби шеберлік чемпионаты өз мәресіне жетті. Қазақстан құрамасы жарыстың басты жеңімпазы атанып, түркі елдері арасында техникалық және кәсіптік маман даярлауда көшбасшы екенін дәлелдеді.


Еліміздің жүлде қоржыны 6 алтын, 2 күміс медаль және 1 «Үздік медальонмен» толықты. Бұл жеңіс Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясындағы реформалардың нәтижелі жүзеге асып жатқанын айғақтайды.

4-9 қазан аралығында Ақтау қаласында Жұмысшы мамандықтар жылы аясында өткен TurkicSkills-2025 чемпионатына Түркия, Әзербайжан, Мажарстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстаннан 70-ке жуық колледж студенттері мен жас маман қатысты. Олар инженерия, ақпараттық технологиялар, өндіріс, робототехника және қызмет көрсету салаларын қамтитын 10 құзыреттілік бойынша бақ сынады.

WorldSkills International кеңесінің мүшесі Рэй Инглиш Қазақстанның халықаралық деңгейдегі әлеуетін ерекше атап өтті.

«Чемпионатының ауқымы мен ұйымдастырылу сапасы – Қазақстанның әлемдік деңгейдегі кәсіби шеберлік сайыстарын өткізуге толық дайын екенін көрсетеді. Бұл тәжірибе болашақта WorldSkills немесе WorldSkills Europe сияқты халықаралық жарыстарды қабылдауға мүмкіндік береді», – деді ол.

Чемпионатты тамашалауға 5 мыңнан астам адам келді, колледждер мен кәсіпорындар арасында 100-ге жуық ынтымақтастық меморандумы жасалды.





ҚАЗАҚСТАН БОЛАШАҚТАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ТАЛҚЫЛАУДЫҢ ӘЛЕМДІК АЛАҒЫНА АЙНАЛДЫ – АЛМАТЫДА WIS 2025 ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КОНГРЕСІ ӨТУДЕ 15 ҚАЗАН

Алматыда Инклюзивті білім беру бойынша бірінші Дүниежүзілік конгресс басталды.

Конгресс бір алаңда әлемнің 40 елінен 1200-ден астам үкіметтік құрылымдар, ғылыми қауымдастықтар, халықаралық ұйымдар, педагогтер мен сарапшылар, сондай-ақ инклюзивті білім беру саласындағы көшбасшылар өкілдерінің басын біріктірді.

Конгрестің басты қонақтары – инклюзивті білім беру саласындағы танымал сарапшы, International Forums of Inclusion Practitioners (IFIP) негізін қалаушы Даниэль Собель, Инклюзивті білім беру саласындағы жетекші ғалым, Ноттингем университетінің проректоры Умеш Шарма және әлемге танымал сәулетші, атақты Fuji Kindergarten балабақшасының авторы Такахару Тезука.

Конгрестің негізгі тақырыбы – білім беру саласындағы инновациялар, цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын енгізу. Арнайы назар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауға арналған технологиялық шешімдерге, оқытудың сапасын арттыруға, халықаралық тәжірибе алмасуға және елдер арасындағы серіктестікті нығайтуға аударылды.

Конгресс аясында цифрлық технологиялар, білім беру саласындағы шешімдерді ұсынатын «Innovation Expo» инновациялар көрмесі ашылды. Көрмеге Қазақстан, Ұлыбритания, Қытай, АҚШ, Польша және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен 17 компания қатысты.

АЛМАТЫДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДА БАСТАЛДЫ 30 ҚАЗАН

Қазақстанда 30-31 қазан аралығында FAIO 2025 – жасанды интеллект бойынша екінші халықаралық олимпиада өтті. Бұл жасанды интеллект саласындағы оқушылардың ең ірі командалық жарысы.

Биылғы іріктеу кезеңіне 9 елден 400-ден астам команда қатысты. Қазақстан, Ресей, Болгария, Грузия, Қырғызстан, Өзбекстан, Армения, Тәжікстан және Кипр сынды елдерден жалпы саны 1200-ге жуық қатысушы бақ сынап, оның ішінде 200-ден астамы финалдық кезеңге жолдама алды.

Енді Алматы қаласында өтетін финалда 7 елден келген 51 команда тартысқа түседі.

Халықаралық бәсеке 2024 жылы алғаш рет өткізілген еді. Оған еліміздің әр өңірінен 300-ден астам команда қатысып, олимпиада финалистері Бейжің қаласында өткен Халықаралық AI олимпиадасында (IOAI) жоғары нәтижелерге қол жеткізді.





ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАР ПАНАМАДА ӨТКЕН РОБОТОТЕХНИКА ЧЕМПИОНАТЫНДА ТӨРТ ДҮРКІН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ БОЛЫП ТАНЫЛДЫ 2 ҚАРАША

Қазақстан оқушыларының робототехникадан Ұлттық құрамасы Панама-Ситиде өткен FIRST Global Challenge (FGC) 2025 Бүкіләлемдік Олимпиадасында биыл қатарынан төртінші жыл айрықша жеңіске жетіп, тағы да тарихи жетістікке қол жеткізді.

Әлемнің 190 елінен келген командалардың ішінен біздің оқушылар бірінші орынды иеленіп қана қоймай, бірден екі жоғары марапатты жеңіп алды: GRAND CHALLENGE AWARD (алтын) - Роботтардың біліктілік ойындарында рекорд орнатқан абсолютті чемпиондарға берілетін турнирдің Бас жүлдесі.

ALBERT EINSTEIN AWARD (алтын) - Үздік инженерлік әзірлемелері, техникалық шеберліктері мен командалық жұмыс және көшбасшылық жетістіктері үшін берілетін Жоғарғы төрешілік марапат. Бұл марапатта кешенді артықшылық пен инновация ескеріледі.

Еске сала кетейік, биылғы жарыстың «Eco-Equilibrium» тақырыбы жаһандық экологиялық проблемаларды шешуге және биоәртүрлілікті сақтауға арналған болатын. Қазақстандық команда роботты әзірлеу арқылы экожүйелерді қалпына келтіруге ерекше көзқарас танытты. Олардың роботы ойын алаңындағы кедергілерді алып тастап, биоәртүрлілік бірліктерін экожүйелерге дәл орналастыратын күрделі финалдық тапсырманы сәтті орындап шықты.

ЕЛІМІЗДЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ҚОЛА ДОМБЫРА» ОҚУШЫЛАР АЙТЫСЫ ӨТТІ 3 ҚАРАША

ҚР Оқу-ағарту министрлігі Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағымен бірлесіп, дәстүрлі түрде екінші жыл қатарынан республикалық «Қола домбыра» оқушылар айтысын ұйымдастырды. Биылғы айтыс «Жасанды интеллект пен еңбек адамы» тақырыбына арналды.

Додаға еліміздің 20 өңірінен 10-18 жас аралығындағы 22 жас ақын қатысты. Айтыстың басты мақсаты – ұлттық өнерді дәріптеу, жас дарындарды қолдау және олардың суырыпсалмалық қабілетін дамыту.

Айтыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері:

Бас жүлде және «Қола домбыра» иегері – Инжу Жаңабай (Жамбыл облысы), I орынды Нұрислам Рагат (Қостанай облысы) иеленді, II орынды Ақнұр Зинулла (Алматы облысы), Мейіржан Баршынбай (Павлодар облысы) бөлісті, III орын – Айғаным Мақсұтқанова (Астана қаласы), Белес Өтепберген (Ақтөбе облысы), Айша Бақтияр (Шымкент қаласы).

Барлық қатысушыларға Алғыс хаттар мен қаржылай сыйақылар табыс етіліп, жас ақындардың тәлімгер-ұстаздары да марапатталды. Сондай-ақ жас ақындар арнайы жүлделерге ие болды.

Айтыс Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, «El Umiti» корпоративтік қоры, «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағы» және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бірлескен ұйымдастыруымен өтті.





ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖОБАСЫ HUNDRED GLOBAL COLLECTION – 2026 ҮЗДІК ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР ТІЗІМІНЕ ЕНДІ 12 ҚАРАША

Қазақстанның ауылдағы мектептерді дамыту тәжірибесі HundrED Global Collection 2026 халықаралық рейтингінің негізгі тізіміне енді. Бұл тізім әлемде іске асыруға ұсынылған 100 үздік білім беру инновациясын қамтиды. Іріктеуді Финляндиядағы HundrED үкіметтік емес ұйымы өткізді, оған 800-ден астам өтінім берілген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен орта білім беру ұйымдарында білім сапасын арттыру, барлық бала үшін тең әрі қолжетімді білім беру ортасын құру бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде.

2023–2024 оқу жылдары Ақтөбе облысында Оқу-ағарту министрлігі мен облыс әкімдігінің қолдауымен «Шағын жинақты мектептердің әлеуетін цифрлық технологияларды пайдалана отырып дамыту» жобасы іске қосылған болатын. Жобаны Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры жүзеге асырды.

Пилоттық жобаға өңірден 134 шағын жинақты мектеп, 12 тірек мектеп қатысып, онда барлығы 10395 оқушы қамтылды. Сондай-ақ 1000-нан астам мұғалімнің қатысуымен шағын жинақты мектеп оқушылары үшін 12 000 онлайн сабақ ұйымдастырылды.

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕ ТЕК ТЕХНОКРАТТАРДЫҢ ҒАНА ЕМЕС, ГУМАНИТАРИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖАҢА БУЫНЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БІЛІМ САЛАСЫ ҮШІН ӨЗЕКТІ



**СҮЛЕЙМЕНОВА
ЖҰЛДЫЗ ДОСБЕРГЕНҚЫЗЫ**
Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрі

Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова Алматыда Ұлттық ғылым академиясының ұйымдастыруымен өткен «Сенім, өзгерістер және ертеңгі күн: 2050 жылға қажетті ғылым» II Халықаралық жас ғалымдар конгресіне қатысты.

Конгресте сөз сөйлеген министр Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, мектептерде ғылымға қызығушылықты ерте жастан қалыптастыру, ғылыми зерттеулер жасау, балалардың новаторлық, ойлау және зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін инфрақұрылымдық, кадрлық әлеуетті арттыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстардың маңыздылығына тоқталды.

«Қазақстанда ғылыммен айналуысуға ынталандыруға басымдық берілуде, жуырда ғана Мемлекет басшысы

халықаралық беделді ғылыми байқауларда жеңіске жеткен оқушылар мен олардың педагогтеріне мемлекеттік сыйақы тағайындау туралы заңға қол қойды. Біз шалғай ауылдардағы мектептерде де ғылым дамыса дейміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылған «Келешек мектептерінің» инфрақұрылымында зияткерлікті дамытуға бағытталған заманауи түрлі пәндік, тақырыптық зертханалар құрылып, балаларға ғылымды тереңірек зерттеуге жағдай жасалуда. Бұл мектептер барлық бала үшін мүмкіндіктер алаңына айналды. Ғылым негіздеріне баланы ерте жастан баулу арқылы жаһандық білім мен ғылым бәсекесіне қабілетті сапалы адами капитал қалыптастырылады», - деді Жұлдыз Сүлейменова.



« Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылған «Келешек мектептерінің» инфрақұрылымында зияткерлікті дамытуға бағытталған заманауи түрлі пәндік, тақырыптық зертханалар құрылып, балаларға ғылымды тереңірек зерттеуге жағдай жасалуда. Бұл мектептер барлық бала үшін мүмкіндіктер алаңына айналды. Ғылым негіздеріне баланы ерте жастан баулу арқылы жаһандық білім мен ғылым бәсекесіне қабілетті сапалы адами капитал қалыптастырылады.

Оқу-ағарту министрі әсіресе, ауыл мектептеріндегі педагогикалық ұжымның біліктілігін арттыру, институттармен, оқу орындарымен және өндірістік сектормен бірлескен жобаларды жүзеге асыру, ынтымақтастық үшін нақты платформа қалыптастыру мәселелеріне де тоқталып өтті. Бұған дейін Министрлік зерттеу жұмыстарын күшейту, бірлескен жобаларды іске асыру және білім беру процесіне инновацияларды кіріктіру бағытында Ғылым академиясымен меморандумға қол қойған болатын.

«Цифрлық дәуірде елімізде мамандандырылған мектептер желісін дамытудың маңызы артып келеді. Назарбаев интеллектуалдық, Республикалық физика-математика мектептері секілді оқу ошақтарында жастарды ғылымның белгілі бір салаларына тереңірек бағыттап жатырмыз. Бұдан бөлек біз гуманитарлық бағыттағы мектептердің желісін қалыптастыруды да назарда ұстаймыз. Сол себепті Абай мектептерінің әлеуетін арттыруға күш салудамыз. Цифрлық дәуірде тек технократтардың ғана емес, гуманитария саласындағы терең білімі бар ғалымдардың да жаңа буынын қалыптастыру отандық орта білім саласы үшін өзекті», - деді Жұлдыз Сүлейменова.

Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова жас ғалымдарды ынтымақтастыққа, Келешек мектептерінде, Абай мектептер желісінде, ауылдарда жұмыс жасауға, білім саласын бірлесіп дамытуға атсалысуға шақырды

Айта кетейік, биыл 36 халықаралық олимпиада мен ғылыми жарыстарға қатысқан 1 657 қазақстандық оқушының 922-сі, яғни әрбір екінші қатысушы жүлделі орынмен оралды. Нәтижесінде, қазақстандық оқушылар 177 алтын, 329 күміс және 416 қола медаль иеленді. Қазақстан құрамасының First Global Challenge робототехника чемпионатында 190 елдің ішінен төртінші мәрте әлем чемпионы атануы биылғы жылдың елеулі жетістіктерінің бірі болды.

КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІНДЕ АЛҒАШҚЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ДЗЮДО СПОРТ ЗАЛЫ АШЫЛДЫ



ҚР Оқу-ағарту министрлігі, ҚР Туризм және спорт министрлігі, Халықаралық дзюдо федерациясы, Дзюдо федерациясы және Астанадағы «Жеңіс» дзюдо клубы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Келісім аясында Астана қаласындағы № 45-ші Келешек мектебінде оқушыларға арналған ең алғашқы мамандандырылған дзюдо спорт залы ашылды.

Меморандумға қол қою шарасына Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, Қазақстан дзюдо федерациясының



президенті Қуанышбек Есекеев қатысты. Сондай-ақ Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF), «Жеңіс» спорт клубының жетекшілері, дзюдодан ұлттық құрама мүшелері, олимпиада және әлем чемпионаттарының жүлдегерлері Әбиба Әбужақынова мен Ғұсман Қырғызбаев қатысты.

Келешек мектептерінде оқушылар дзюдо элементтерін жас ерекшеліктеріне сәйкес және ерікті түрде үйренеді. Бұл спорт түріне көңіл бөлінуінің басты себебі мектепте балалардың көбірек қозғалуы маңызды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев спортты насихаттау, оны әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында дәріптеудің маңыздылығын ұдайы айтып келеді. Сол себепті біз орта білім саласында спорттың мазмұнына ерекше мән береміз. Оның ішінде, командалық спорт түрлеріне көңіл бөлінеді. Дзюдоны үйрету барысында алғашқы жылы балалардың

қауіпсіздік ережелерін меңгеруі маңызды. Бұл спорт философиясы жастарды қарсыласты сыйлауға, төзімділікке, табандылық пен үйлесімді өмір сүруді насихаттайды. Бұл біздің тәрбиеге жақын. Спорт клиптік ойлау кезеңінде оқушыларды ұстамдылыққа үйретеді», - деді ҚР Оқу-ағарту министр Жұлдыз Сүлейменова.

органов, бизнеса, неправительственных организаций, средств массовой информации, академического сообщества и международных организаций. Его целью стала выработка стратегий по расширению участия женщин в политике, формирование устойчивых партнёрств и раскрытие лидерского потенциала казахстанских женщин.

В течение двух дней участники обсуждали роль женщин в национальной и местной политике в рамках пленарных заседаний и тематических панельных дискуссий. В центре внимания находились вопросы влияния женщин на законотворческий процесс, их участие в системе местного самоуправления, а также развитие цифрового лидерства как одного из новых инструментов политической активности.

В рамках Конгресса прошли тематические панели «Женщины в национальной политике», «Женщины в местном самоуправлении» и «Женщины и цифровое лидерство», а также мастер-классы и интерактивные тренинги по стратегическим переговорам, публичному лидерству, коммуникациям и построению коалиций.

Ключевой смысловой акцент был сделан в выступлении Батталовой Зауреш Кабылбековны – основателя и президента Фонда развития парламентаризма в Казахстане, руководителя проекта ФРПК «Лига женской солидарности „Жігер“», члена Совета сенаторов Сената Парламента Республики Казахстан, члена Общественной палаты Мажилиса Парламента РК, члена Консультационно-совещательного органа «Диалоговая площадка по человеческому измерению» Министерства иностранных дел РК, члена Рабочей группы МТСЗН РК по МПЭСКОП, члена Координационного совета МКИ РК по взаимодействию с НПО, члена Экспертного совета НЦПЧ при Уполномоченном по правам



человека РК, депутата Сената Парламента Республики Казахстан II созыва.

В выступлении она подчеркнула стратегическую значимость расширения участия женщин в системе принятия решений:

«Женщины Казахстана сегодня делают большой вклад, но понимать это, поддерживать и представлять поддержку на государственном уровне – это очень важно. И сегодня наша задача, чтобы женщины Казахстана не только ярко проявляли себя в бизнесе, сельском хозяйстве, экологии и других отраслях, не только воспитывали наше молодое поколение, но и были на уровне принятия решений.

В общественных советах, маслихатах, Парламенте Республики Казахстан и на высших государственных должностях женщины должны быть представлены наравне с мужчинами, чтобы женский взгляд, женское понимание и женский потенциал были использованы при принятии решений, которые будут социально ориентированы и направлены на повышение качества и уровня жизни населения Республики Казахстан.

Это принесёт стабильность государству, развитие экономики во всех сферах и отраслях страны, а также

создаст возможность для самореализации как взрослому населению – мужчинам и женщинам, так и молодому поколению.

Казахстан – страна, которая уже является лидером в Центральной Азии; она должна стать лидером и на европейском пространстве. В этом значительный вклад смогут внести женщины Республики Казахстан».

По итогам двухдневной работы была подписана Резолюция Конгресса, включающая практические рекомендации для органов государственной власти, политических партий и институтов гражданского общества. Документ направлен на продвижение гендерного равенства и расширение участия женщин в общественно-политической жизни страны.

I Национальный конгресс по женскому политическому лидерству и гендерному равенству стал важным шагом на пути системных изменений в политической культуре Казахстана, обозначив переход от обсуждения проблем к конкретным действиям и заложив основу для формирования дорожной карты на 2025–2027 годы по продвижению женщин в политику.

ЖАҒАНДЫҚ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАСЫ



НҰРГҰЛ ҚАРАҒОЙШИНА

Мемлекеттік басқару бойынша экономика докторы, ҚР Сот әкімшілігі Бөлім меңгерушісінің орынбасары

Шанхай диалогы: мақсат пен миссия

Әлем жылдам өзгеруде, ал мемлекеттік басқару жүйелері осы өзгерістерге бейімделуі тиіс. Әлеуметтік қақтығыстар өздігінен туындамайды. Олар көбінесе азаматтардың мәселелері дер кезінде естілмеген немесе назардан тыс қалған жерде пайда болады. Қақтығыстардың экономикалық, діни немесе этникалық сипаты болуы мүмкін, сондықтан мемлекеттік қызметшілерге жаңаша цифрлық, аналитикалық және коммуникативтік құзыреттер қажет. Қазіргі жағдайда біз өте жылдам үйренуіміз керек. Осы ойды халықаралық аренада жеткізу бұйырып, биылғы жылдың қараша айында Шанхай халықаралық зерттеулер институтының (SIIS) шақыруымен өткен «ШЫҰ-ға әйелдер көзқарасы: жаһандық басқарудың жаңа бейнесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға

қатысып, жаһандық саясаттағы маңызды мәселелерді талқылауға мүмкіндік алдым. Бұл форум тек дипломатиялық кездесу ғана емес, ШЫҰ кеңістігіндегі жаһандық басқаруды трансформациялаудың жаңа стратегиялық бағыттарын айқындайтын зияткерлік платформа ретінде танымал.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) Тату көршілік, достық және ынтымақтастық жөніндегі комитетінің қолдауымен өткен бұл шараның басты мақсаты – қазіргі заманғы геосаяси турбуленттілік жағдайында жаһандық басқарудың гуманизмге негізделген тұрақты моделін қалыптастыру. Конференцияда ШЫҰ елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы, гендерлік теңдік, цифрландыру және аймақтық қауіпсіздік мәселелері жаңа қырынан талданды. Әсіресе, мемлекеттік басқару жүйесін «адамға бағдарланған» (human-centric) форматқа көшіру туралы талқылаулар ШЫҰ-ның



болашақ даму архитектурасын анықтап берді. Атап айтқанда, «Жаһандық басқару және ШЫҰ» аясындағы ортақ жауапкершілік пен ынтымақтастық, диалог және гуманитарлық алмасу, сауда-экономикалық серіктестік және тұрақты даму сияқты бағыттар белгіленді. Бүгінгідей көпполярлы әлемдегі ШЫҰ-ның стратегиялық рөлі, халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі жаңа тәсілдер мен ұйымға мүше елдер арасындағы саяси сенімді нығайту тетіктерін жетілдіруде әйел қауымының рөлі ерекше. Мәдени-гуманитарлық байланыстарды тереңдетуде білім мен ғылымдағы әйелдердің «жұмсақ күш» дипломатиясы арқылы өзара түсіністікті дамытуы – мемлекет үшін тек пайдалы екені анық. Аймақтық экономикалық интеграция, цифрлық экономика, электронды коммерция және инвестициялық ынтымақтастықты «жасыл» технологиялармен ұштастырудың экономикалық тиімділігі жоғары екені сөзсіз.

Жаһандық басқарудың жаңа этикасы

Осы алқалы жиында «Жаһандық басқарудың жаңа көрінісі: цифрлық инновациялар және әлеуметтік

тұрақтылық» тақырыбында ШЫҰ кеңістігіндегі мемлекеттік басқарудың сапасын арттыру туралы баяндама жасадым.

Баяндамада қазіргі заманғы мемлекеттік қызметшінің бейнесіне тоқталып, оның атқарушылық, ұйымдастырушылық функциясымен қатар әлеуметтік процестердің диагностикасын жүргізе алатын және қақтығыстардың алдын алатын кәсіби маман болуы тиіс екендігіне назар аударылды. Бүгінгі мемлекеттік басқарудың жаңа моделі – тиімді, әділ, ашық, қоғамның сұраныстарына жедел ден қоятын, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты бойынша жұмыс істейтін мемлекеттік аппарат. Қақтығыстардың алдын алудағы тәжірибелік және фундаментальды дайындықтың жоқтығы мемлекеттік қызметшілердің халық алдындағы беделі мен сеніміне нұқсан келтіреді. Сол себепті, мемлекеттік қызметші, әсіресе саяси лауазымды тұлғалар үшін арнайы кәсіби құзыреттер: медиация, көпмәдениеттілікке бейімделу, дағдарыс жағдайында шешім қабылдау және тиімді коммуникация жүргізу сияқты дағдыларды жетілдіру қажеттілігі айқын.

Қақтығыстарды тиімді шешудің бір



нәтижесі – сенім мен ынтымақтастыққа негізделген әлеуметтік диалогты жеңілдету. Мемлекеттік қызметшілердің міндеті – азаматтардың заңды негізге және әкімшілік актіге деген сенімін қалыптастыру, бұл заңға деген құрметтің жоғарылауына және үкіметтік аппарат пен қоғам арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынастарды сақтауға оң әсер етеді. Сонымен бірге әлемдік тәжірибе мен жаһандық үрдістерді талдау нәтижесі бүгінгі таңда қолданылып жүрген дәстүрлі әлеуметтік теориялар мен басқару тәсілдерінің қазіргі әлеуметтік-экономикалық ахуалға толық бейімделмегенін көрсетті. Осыған орай зерттеу аясында әлеуметтік саясат пен мемлекеттік қызмет жүйесіне жаңаша, инновациялық көзқараспен қарау қажеттілігі алға шықты. Бұл ретте қақтығыстардың алдын алу мен басқару бағытында жаңа әдістемелік тәсілдер, іс-қимыл алгоритмдері, сондай-ақ тәжірибеге негізделген ұсыныстар беру қажеттігі тұр. Мемлекеттік қызметтің әлеуметтік қақтығыстарды реттеудегі қызметі бірнеше ғылыми-ұйымдастырушылық факторлармен айқындалады: бұл қақтығыстарды шешуге арналған заңнамалық және әкімшілік құралдардың тиімділігі мен құқықтық реттеу тетіктерінің дұрыс жұмыс істеуі, басқару шешімдерінің, соның ішінде қабылданатын шаралардың

азаматтардың құқықтары, заңды мүдделеріне сай келуі мен әлеуметтік бағыттылығы және мемлекеттік органдар мен халық арасындағы сенімді арттыруға бағытталған өзара іс-қимыл жасау шарттары. Қоғамдық мүдделер мен әлеуметтік құндылықтарға бағдарлану – мемлекеттің легитимділігін арттырады.

Жаңа мемлекеттік басқару (New Public Management – NPM) теориясы мемлекеттік секторды басқаруда жеке сектордың тиімділік, есеп берушілік және қызметке бағыттылық принциптерін қолдануды ұсынады. NPM шеңберінде мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру, азаматтардың қажеттіліктеріне жауап беру және ашықтықты қамтамасыз ету арқылы қоғамның мемлекеттік басқаруға деген сенімін арттыруға баса назар аударылады. Оң имиджді қалыптастыру NPM-нің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады, өйткені ол мемлекеттік қызметтің «клиентке» бағытталғанын көрсетеді. Мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру проблемасы – мемлекеттік билік жүйесін реформалау, сондай-ақ билік органдарының азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылы контекстіндегі ең өзекті мәселелердің бірі. Тиімді мемлекеттік қызметсіз билікті нығайту және жалпыұлттық мүдделерді қорғау, елдің серпінді дамуы мүмкін емес.

Цифрлық құралдар – біздің басты көмекшіміз. Олар жағдайды кешенді түрде көруге көмектеседі және превентивті (алдын алу) әрекет етуде таптырмас құрал. Бұл бағытта жасанды интеллекттің (ИИ) мүмкіндіктері орасан зор: қақтығыстың ерте белгілерін анықтау, мемлекеттік органдардың реакциясын жылдамдату, процестердің ашықтығын қамтамасыз ету және нақты уақыт режимінде аналитикалық есептер дайындау т.б. шешімдерді бере алады. Баяндаманың ең маңызды практикалық жаңалығы ретінде «Бірлесе даму» AI-агентін таныстырдым. Бұл біздің докторлық

диссертация негізінде әзірлеген – азаматтардың өтініштерін талдауға, мәселелерді жіктеуге және қайталанатын сигналдарды анықтауға арналған ЖИ негізіндегі жоба. Бұл жүйе мемлекеттік қызметшінің көмекшісі ретінде WhatsApp мессенджері базасында іске асырылды, себебі халық бұл құралды белсенді қолданады. Жасанды интеллектіні әлеуметтік мониторинг құралы ретінде пайдалану мемлекеттік аппараттың халық алдындағы ашықтығын қамтамасыз етеді. Бұл жоба жасанды интеллекттің мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға қалай қызмет ете алатынының айқын дәлелі. Жүйе азаматтардың өтініштерін жіктеп, қайталанатын «сигналдық мәселелерді» автоматты түрде анықтау арқылы мемлекеттік органдарға қақтығыс ошақтарын ерте сатыда бейтараптандыруына, азаматтардың өтініштерін нақты уақыт режимінде талдай отырып, мәселелерді автоматты түрде жіктеуге (классификация) және қайталанатын «сигналдық хабарламаларды» анықтап қақтығыстың алдын алуға мүмкіндік береді.

Басты идея – қоғамды есту және жедел әрекет ету. Сондықтан ШЫҰ аясындағы ынтымақтастық өте маңызды. Біз тұрақты түрде тәжірибе алмасуымыз, мемлекеттік қызметшілердің құзыреттілігін бірлесе дамытуымыз, ғылыми платформалар мен жобалар құруымыз және жасанды интеллекттің «адамға бағдарланған» қолданылуын ілгерілетуіміз қажет. Жалпы жасанды интеллект – бұл басқарудың сезімталдығын, болжамдылығын және тұрақтылығын арттыратын құрал. Ол адамды алмастырмайды, ол тек адам үйлесімді шебер қолдана білуі тиіс құрал, қажетті аспап. Бұл тәсіл конференция қатысушылары тарапынан жаһандық басқарудағы «жаңа көріністің» (New Vision) нақты мысалы ретінде жоғары бағаланды. Шанхай мінберінен айтылған ұсыныстар менің экономика докторы дәрежесін алу үшін жүргізген

«Қазақстан Республикасында әлеуметтік қақтығыстардың алдын алу және басқару контекстінде мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттерін жетілдіру» атты іргелі ғылыми жұмысымның нәтижелері негізінде берілді. Докторлық зерттеуімізде мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін келесі стратегиялық бағыттарды қамту ұсынылған. Оларды атап өтер болсам, бірінші кезекте, конфликтологиялық менеджментті күшейту қажеттігі тұр. Әсіресе мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттерін жетілдіруде медиация, келіссөздер жүргізу және эмпатия дағдыларын интеграциялау маңызды. Бұл мемлекеттің әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға жұмсайтын экономикалық шығындарды айтарлықтай азайтады. Тағы бір басым бағыт, цифрлық әлеуметтік диагностика жасау арқылы жасанды интеллектті жалаң технология емес, қоғамның көңіл-күйін (sentiment analysis) дөп басатын және шешім қабылдауды оңтайландыратын «сезімтал құрал» ретінде пайдалану. Сонымен бірге медиацияның институционализациясы ретінде «Татуласу: сотқа дейін, сотта» жобасының тәжірибесін ШЫҰ елдерінің басқару моделіне бейімдеп енгізу туралы да ұсыныс білдірдік. Шанхай конференциясы мен біздің ғылыми ізденістеріміздің тоғысуы бір ақиқатты айқындады. Болашақтың мемлекеттік басқаруы – бұл интеллектуалды технологиялар мен адами парасаттың бірлігі. Қазақстанның әлеуметтік тұрақтылықты сақтаудағы инновациялық тәжірибесі ШЫҰ кеңістігіндегі өзге мемлекеттер үшін де тиімді үлгі бола алады. Біздің басты мақсатымыз – жаһандық деңгейде сенімді нығайту, халыққа адал қызмет ету және үйлесімділіктің цифрлық архитектурасын құру.



ШӨМІШБАЙ САРИЕВ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат», бірінші дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері, ақын

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ – ҚАЗАҒЫМ...

*Тәуелсіз боп артты халқым сенімі,
Мұз боп қатқан қайғы-мұңым еріді.
Ақ шыңдары – тауларымның биіктеп,
Кең тыныстап Ұлы Далам кеңіді.*

*Жер бетіне қайта шықты алтыны,
Көлдерімде жүзді Аққуы қалқыды.
Толқын атып, дарияларым тасыды,
Тау өзені, Ақ бұлақтар шалқыды.*

*Сыртқа көшіп талай әулет ел қалды,
Аңыраған ата-қоныс жер қалды.
Жусан иісі жүрегімді толқытты,
Исі қазақ игілігін енді алды!*

*Тіршілікке бас көтерді жан-жағым,
Тәуелсіз ел! Басталды енді Арманым.
Ер-тоқымды атқа қонды тұлпарлар
Күллі әлемдік жүк көтерді, нарларым!*

*Тәуелсіздік жетті бізге бесінде,
Айым туды, жұлдыз жанған кешімде.
Алматыда атқа қонды Абылай,
Кенесары атқа қонды Есілде!*

*Мен – Ақынмын! Үлесім бар менің де,
Тәуелсіздік орнағаны Елімде.
Төле би мен Қазыбек би Айтеке,
Үш би отыр Астанамның төрінде!*

*Өлеңімен айтып өткен Арманын,
Халқым үшін тартса-дағы сан зарын.
Сан қаламгер – тәуелсіздік құрбаны,
Қайта оянып тірілгендей Мағжаным!*

*Тартса тағдыр тауқыметті азабын,
Сонда-дағы көрдік өмір ғажабын.
Бәріне де тәубе бүгін, шүкір деп,
Майдан салар елдігі үшін қазағым!*

*Тауымыз бар,
Таңыратқан Шыңымен,
Ұл-қызындай даламыз бар -
Ұлы кең,
Алдарыңда басымды иіп ел-халқым,
Құттықтаймын ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН!!!*



Ватикан.
Әулие Петр
алаңында

Алматы-Астана шаһары
Конгресс-Холл ғимаратының
сахнасында оқылған өлең
2003 жыл

ТӘУЕЛСІЗДІК

*Жатырмыз біз жаңа есті сенсең жиып,
Тағдыр басын туған ел теңселді иіп.
Тәуелсіздік – сен неткен абзал едің,
Алатаудай бұл күні еңсем биік.*

*Саған жеттік біз аңсап ел-көшіммен,
Бұл ғажап құбылыс ерді өсірген.
Тәуелсіздік – сен неткен абзал едің,
Даламыздай көңілім кең көсілген.*


*Тәуелсіздік сен балдай тәтті екенсің,
Тәуелсіздік құз-жартас – қатты екенсің.
Біз іздеген жерұйық сен екен ғой,
Жұмағымдай жаныма – бақ мекенсің.*

*Боларсың ба, жұртыма, соншама асыл,
Боларсың ба, ұлтыма, соншама асыл.
Тәуелсіздік – мен саған қарайладым,
Қаншама күн, қанша жыл, қанша ғасыр.*

*Сай-сүйегім сырқырап елге жетті,
Төріме өрлеп жат-жұрттар серуен етті.
Қазақ-бабам қамығып көз алдынан,
Тарихтың тәуелділік керуені өтті.*

*Бодандыққа халқым бар шыдап көнген,
Тағдырдан да, Тәңірден де сұрап көрген.
Тәуелсіздік – қымбатым баға жетпес,
Ғұмырымда өмірге бір-ақ келген!*

*Етек-жеңім көз бен жас, толар мұңға,
Құлдық-ғұмыр сан ғасыр жеңе алдым ба?
Тәуелсіздік – сен неткен абзал едің,
Садағаң боп кетейін мен алдыңда!*



*Шөмішбай Сариев жұбайы
Жұмагүл Сариевамен.
Әлемнің жеті кереметінің
бірі – Мысыр пирамидалары.
Каир, Африка.*



II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАС ҒАЛЫМДАР КОНГРЕСІ



2025 жылғы 11-12 желтоқсанда Алматы қаласында Қазақстан жас ғалымдарының II Халықаралық конгресі өтті. Іс-шара Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының ұйымдастыруымен, ЮНЕСКО-ның «Сенім, өзгерістер және ертеңгі күн: 2050 жылға қажет ғылым» тақырыбына арналып өткізілді. Пленарлық отырыс «Ғылым ордасында» ұйымдастырылса, секциялық мәжілістер мен мастер-кларстар қаланың бес жетекші жоғары оқу орнында өтті. Конгреске 1 000-нан астам жас зерттеуші, 24 елден келген 80-нен астам шетелдік ғалым, ғылыми диаспора өкілдері, академиктер, депутаттар мен ғылыми ұйымдар басшылары қатысты.

Конгресс қатысушыларына Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин құттықтау жолдап, мемлекет саясатының басты басымдығы – ғылым екенін атап өтті. Ол Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жас ғалымдарды қолдау шаралары кеңейіп жатқанын, соның ішінде қаржыландырудың артуы, тағылымдамалар бағдарламалары мен әлеуметтік қолдаудың күшеюі жүзеге асырылып жатқанын жеткізді. Сондай-ақ еліміздегі зерттеушілердің жартысына жуығын 40 жасқа дейінгі ғалымдар құрайтынын, ал Конгресс жастар ғылымын дамытудағы маңызды алаңға айналғанын атап өтті.

Конгресс жұмысының назарын аударған маңызды баяндамалардың бірі – ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованың сөзі болды. Министр «ғылым мектептен басталады» деп, мектептерде зерттеу ортасын қалыптастыру, STEM-зертханаларды дамыту, олимпиадалық және жобалық қозғалысты кеңейту, сондай-ақ ҚРҰҒА-мен бірлесіп дарынды оқушыларды қолдау шараларын таныстырды. Сөз соңында жас ғалымдарды мектеп пен өңірлердегі ғылыми-ағартушылық жұмыста белсенді болуға шақырды.





Конгрестің бағдарламалық баяндамасын ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті, академик Ақылбек Күрішбаев жасады. Академик мемлекет басшысына ғылым жолындағы жастарды қолдағаны үшін алғыс білдіре отырып, Академияның жүйелі олқылықтарды жоюға, университеттер мен ғылыми-зерттеу институттарын күшейтуге бағытталған сараптамалық жұмыс моделін таныстырды. Сонымен қатар форсайт-зерттеулер нәтижесінде әзірленген 220 ғылыми-техникалық мәселе мен 65 ғылыми-техникалық тапсырма (ФТТ) ұсынылып, олардың гранттық және бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру конкурстарына негіз болатыны айтылды.

Жаңа бастамалар қатарында – AI SilkNet форсайт және предиктивті аналитика орталығы, кеңістік-уақыттық жасанды интеллект зертханасы және отандық DeepBas моделі таныстырылды. Академия PhD даярлау сапасын арттыру, қымбат зертханалық құрал-жабдықтарға қолжетімділікті кеңейту және «Күшті өңірлік ғылым – күшті өңір» бастамасы аясында өңірлік ғылымды қолдау шараларын да ұсынды. Академия президенті Жас ғалымдар кеңесінің рөлін атап, ұзақ мерзімді жастар ғылыми саясатының негізі ретінде «Ғылым жастары» тұжырымдамасын таныстырды.

Пленарлық сессияда шетелдік және отандық ғалымдар ғылымның болашағы және жаһандық трансформациялардағы жастардың рөлі туралы пікірлерімен бөлісті. АҚШ, Еуропа және Азия елдерінің өкілдері ғылымдағы пәнаралық интеграцияның, жасанды интеллектіні зерттеу үдерістеріне енгізудің, халықаралық консорциумдарды дамытудың және жас зерттеушілердің жаһандық бастамаларға қатысуының маңызын атап өтті. АҚШ Ұлттық ғылым академияларының өкілдері биомедицинадағы үлкен деректерді басқару бойынша бірлескен



жобаларды таныстырып, қазақстандық зерттеушілердің халықаралық бағдарламаларға қатысу мүмкіндіктерін көрсетті. Қазақстандық ғалымдар ғылыми инфрақұрылымды нығайтудың, зерттеу мектептерін дамытудың, құрал-жабдықтарға қолжетімділікті кеңейтудің және ғылыми диаспораны тарту мен қайтарудың өзектілігін атап өтті.

Конгресс секциялары заманауи ғылымның негізгі бағыттарын қамтыды: жаратылыстану ғылымдары, ғарыш, жасанды интеллект, агробиоресурстар, биомедицина, экология, білім беру және қоғамдық даму. Сонымен қатар мастер-кластар, воркшоптар, грант және жарияланымдар бойынша кеңестер, жас ғалымдардың инновациялық жобаларының көрмесі өтті.

Конгресс қорытындысы бойынша жас ғалымдар Президент жариялаған ғылымды дамыту бағытын қолдап, «Ғылым жастары» тұжырымдамасын іске асырудың маңызын атап өтті, ҚР ҰҒА әзірлеген ФТТ-ны ғылыми қаржыландыру конкурстарының негізіне айналдыруды, PhD даярлау жүйесін жетілдіруді, құрал-

Форсайт-зерттеулер нәтижесінде әзірленген 220 ғылыми-техникалық мәселе мен 65 ғылыми-техникалық тапсырма (ФТТ) ұсынылып, олардың гранттық және бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру конкурстарына негіз болатыны айтылды.

жабдыққа қолжетімділікті кеңейтуді және пәнаралық зерттеулерді дамытуды ұсынды. Конгресс материалдары негізінде инфографикалық рефераттар жинағы әзірленіп, ҚР ҰҒА сайтына орналастырылады.

2026 жылы ҚР Ұлттық ғылым академиясының 80 жылдығына орай, Жас ғалымдардың III Халықаралық конгресін өткізу жоспарлануда. Онда қабылданған шешімдердің іске асырылу барысы талданады және «2050 жылға қажет ғылым» жаңа күн тәртібі айқындалады.

Gov.kz

«АЛТЫН САПА» – СИМВОЛ КАЧЕСТВА И СОЦИАЛЬНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ БИЗНЕСА



В Казахстане особое значение уделяется развитию качественного и социально ответственного бизнеса. Одной из ключевых инициатив в этом направлении является национальная премия «Алтын сапа», которая ежегодно вручается лучшим отечественным предприятиям за высокие стандарты качества продукции и услуг.

Премия «Алтын сапа» направлена на стимулирование компаний к постоянному совершенствованию, внедрению современных технологий и повышению конкурентоспособности казахстанских товаров как на внутреннем, так и на международном рынках. Она стала важным ориентиром для бизнеса и показателем доверия со стороны государства и общества.

На церемонии награждения президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев подчеркнул значимую роль предпринимателей в экономическом развитии страны. Он отметил, что бизнес вносит вклад не только в рост экономики, но и в улучшение качества жизни граждан. *«Сегодня знаменательный день для всего бизнес-сообщества нашей страны. Искренне поздравляю победителей конкурсов «Алтын сапа», «Парыз» и «Лучший товар Казахстана», которых мы вновь чествуем согласно сложившейся традиции.»*

Успех каждого предпринимателя, присутствующего в этом зале, – это яркое свидетельство наших общих достижений.

Вы производите качественную продукцию, внося огромный вклад в развитие отечественной экономики и повышение благосостояния граждан. Вы глубоко осознаете социальную ответственность и активно участвуете в благотворительных проектах. Считаю, что это благородное качество, присущее верным своему призванию предпринимателям и истинным патриотам. Государство всегда готово





оказывать вам поддержку», – сказал Президент.

Кроме того, глава государства сообщил о решении учредить специальную государственную награду – орден «Мейірім», который будет вручаться предпринимателям за вклад в благотворительность и социальную ответственность.

«Мною учреждена специальная награда – орден "Мейірім", которого будут удостоиваться предприниматели, проявившие себя на уровне благотворительности и социальной ответственности. Полагаю, некоторые присутствующие здесь предприниматели уже в следующем году будут награждены этим высоким по статусу орденом.

Это станет знаком особого уважения ко всем представителям бизнеса в нашей стране»,– сообщил президент Республики Казахстан. Эта инициатива подчёркивает, что успешный бизнес должен сочетаться с заботой о людях и обществе.

Таким образом, премия «Алтын сапа» и новая награда «Мейірім» отражают стратегический курс государства на поддержку качественного, устойчивого и социально ориентированного предпринимательства в Казахстане.

Материал подготовлен на основе информации из открытых интернет-источников

ЮНЕСКО ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КИІЗ ҮЙІН МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРА ТІЗІМІНЕ ҚОСТЫ



Қазақстан, Қырғызстан және Қарақалпақстанның дәстүрлі киіз үйі ЮНЕСКО-ның Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізілді.

Бұл шешім 10 желтоқсанда Нью-Делиде өткен Үкіметаралық комитеттің 20-шы сессиясында қабылданды.

Қазақстан мен Қырғызстанның

алғашқы бірлескен өтінімі 2014 жылы берілген, кейінірек Өзбекстан оны киіз үй жасау дәстүрі қарақалпақтарды да қамтитындай етіп кеңейтуді ұсынды. Мұны Өзбекстан Президенті Әкімшілігінің басшысы Саида Мирзиёева атап өтті.

Оның айтуынша, қырғыз, қазақ және қарақалпақтар үшін киіз үй тек баспана ғана емес, сонымен қатар ұлттық бірегейліктің символы және



ол ұрпақтан-ұрпаққа берілген.

«Бұл – тарихи күн. Халықаралық мойындау біздің дәстүріміздің тереңдігін, рухани мұрамыздың беріктігін және ұрпақтар арасындағы үзілмейтін байланысты білдіреді», - деді Саида Мирзиёева.

2024 жылы Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан ұсынған бірлескен өтініште киіз үй халықтық мерекелердің, дәстүрлі рәсімдердің, жерлеу және еске алу рәсімдерінің ажырамас бөлігі болып қала беретіні айтылған.

«Киіз үй жасау білім мен дағдыны талап етеді. Киіз үй - киізбен жабылатын

дөңгелек ағаш жақтау. Ол оңай тасымалданады, ықшам, экологиялық таза. Киіз үй мен оның интерьерін жасайтын қолөнершілер (ерлер мен әйелдер) осындай білім иесі болған», - делінген өтінім мәтінінде.

2025 жылы ЮНЕСКО 68 өтінімді қарайды. Қазіргі уақытта ұйымның материалдық емес мұра тізіміне 153 елден 812 элемент кіреді.

«ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі



ҚАЗАҚТЫҢ КИІЗ ҮЙІ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

Киіз үй – ежелгі көшпелі өмір сүрген адамдардың жылжымайтын негізгі баспанасы. Ол тез жылып, шапшаң тігуге ыңғайлы, көшіп-қонуға лайықталып жасалады. Киіз үйдің пайда болған уақыты қола дәуіріне тура келеді. Киіз үй біздің заманымыздан бұрын 7 ғасырда кеңінен пайдаланылып, киіз басу белгілі бір кәсіпке айналған. Киіз үйдің қабырғасы шеңбер тәрізді келіп, төбесі күмбезделген.

Киіз үйдің тарихы

Қазан төңкерісіне дейін қазақтардың көшпелі өмір салтын ұстанғаны белгілі. Көшпелі өмірге ыңғайлы болғандықтан киіз үйді пайдаланған. Климат жағдайына және мекендейтін ауданына байланысты қазақтардың қыста немесе жазда тұратын тұрғын үйлері әртүрлі болған. Олар жазда киіз үйде, қыста тұрақты салынған жылы жайларда тұрған. Олардың барлығы дерлік киіз үй формасын сақтаған. Қазақтардың өте ертеде тұрған тұрақты үйлері шошала деп аталған. Ол дөңгеленген бір бөлмелі конус немесе жарты ай сияқты күмбезделген. Шошаланы ағаштан кесіп, тоқып немесе ойылған тастан, күйдірілген кірпіштен қалаған.

Ал Қазақстанның оңтүстігі мен орталық аймағында дөңгелек күмбезді қыпшақ үлгісіндегі киіз үйлер басым болды. Жетісу аймағында құрылысы конус тәрізді, күмбезді келген қалмақ үлгісіндегі киіз үйлер сақталған.

Кей деректе киіз үйдің қазақ және қалмақ үлгісіндегі екі түрі бар екенін айтылады.



Киіз үй қандай бөліктен тұрады

Киіз үй негізгі үш элементтен тұрады: кереге, уық, шаңырақ. Жылжымалы тор көз – кереге, кереге басы мен шаңырақты жалғастыратын ағаш – уық, киіз үйдің төбесі – шаңырақ. Керегенің әр бөлігі қанат деп аталатын қабырғалардан тұрады.

18 ғасырдан бастап 19 ғасырдың бірінші жартысына дейін 12, 15 және 18 қанатты киіз үйлер болған. Керегелер торкөз, желкөз деп бөлінеді. Керегенің басы мен шаңырақтың ортасын ұзын ағаш шыбықтар – уық тұтастырып тұрады. Үйдегі кереге басы қанша болса, сонша уық керек.

Академик Әлкей Марғұланның «Казахская юрта и ее урбанство» деген еңбегінде «30 қанатты хан ордалары болған» деген дерек келтірілген.

Қайыңды иіп немесе бірнеше иіндіні қималастырып шеңбер бейнелес етіп шаңырақ жасалған. Өн бойына уық шаншылатын төрт бұрышты тесіктер қашайды. Оны шаңырақ көзі дейді. Көздері керегенің басына, үш-үштен, кейде төрт-төрттен айқастырған бұгулі шыбықтар бар, оны күлдіруіш дейді.

Киіз үйдің сәнді, өте әшекейленген есігі сықырлауық деп аталады. Ол ортасынан ашылып-жабылып тұратын жарма есіктерге ұқсайды. Есік ашылып-жабылғанда сықырлап тұрады.

Киіз үйдің есігі табалдырық пен маңдайша және екі жақ босағадан тұрады. Босаға тұзу ағаштан жасалады. Маңдайша мен табалдырық жуан қайыңнан шабылып, сүргіленеді. Артынша ою-өрнекпен әшекейленеді.

Маңдайша киіз үй керегелерінің жоғары бастарын тұтас конструкцияға айналдырады. Маңдайшаға маңдай уықтар бекітіледі, ол босаға мен сықырлауықтың жоғары жағын ұстап тұрады.

Табалдырық маңдайшаның жердегі көшірмесі. Тек табалдырықты көп сәндемейді, бір түспен сырлайды.

Табалдырық пен маңдайшаға кереге тіреліп, жалпақ сәнді құралмен бекітіледі. Табалдырықты баспайды, табалдырыққа отырмайды.

Босаға маңдайша мен табалдырық арасын белгілі қашықтықта ұстап тұрады, кереге бекітіліп, адамдардың үйге кіріп-шығуы үшін арнайы жасалған.

Қазақ киіз үйдің әр бөлшегін қазірге дейін қастерлеп, жырға қосқан. Мысалы,

*Келін түсті жолы ғой бұрынғының,
Біздің үйге бірі енді бұрымдының.*

Ақ ниетпен аттаған босағаны,

Ағарып тұр әнеки шымылдығын,

деген өлең жолдары бұл сөзге дәлел бола алады.

Киіз үйдің ішіндегі торларды туырлық және жапқымен жапқан. Киіз үйдің сыртын киізбен жабады. Киіз үйдің киізден жасалатын жапқыштары үй корпусына баумен немесе өрнекті құралмен, үлкен түкті кілеммен және басқұрмен бекітілген. Басқұр жасалуына қарай ақ басқұр және ала басқұр деп екі түрге бөлінеді. Екеуі де өрмек тоқу әдісі арқылы тоқылған.

Жел бау – киіз үйдің шаңырағын қатты жел аударып кетпес үшін шаңырақтың күлдіреуіш ағашынан төмен тартып бастыруға пайдаланылатын шашақты бау.

Бас бау – туырлықтың, үзіктің жүннен есіп жасалған жоғары баулары.

Уық бау – керегенің бастарына уықтың аяғын бекітетін бау. Бауды бояуға ақ, жасыл және ары түс пайдаланылған.

Киіз үйдің түрлері

Қазақтың киіз үйлері қолданылуына қарай негізгі үш түрге бөлінген: тұрғын үй қызметіндегі киіз үй; қонақ қабылдауға арналған той киіз үйі; жылжымалы киіз үй. Бұлардан басқа қойма және сарай орнына қолданылған асхана киіз үйі болған.

Киіз үй жабдықталуына қарай да ажыратылған. Оларды арбамен тасымалдау үшін бірнеше түйе қажет болған. Орташа жағдайы бар қазақтың

киіз үйі де көлемі жағынан шағын болған. Оларды бір түйемен тасымалдауға болады.

Қазақтың ақ үй, ақ орда, боз үй, отау үй деп аталатын қонақ үйлері көз тартар көркемдігімен ерекшеленген.

Ақ орда – қазақ феодалдарының, сұлтандарының халық шеберлеріне арнайы жасататын киіз үйі. Орда туралы мәліметтер 16-18 ғасырдағы зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі. Саяхатшы Христофор Барданестің жазбалары бойынша сұлтандардың киіз үйлері аса үлкендігімен, киізінің ақ түсті болуымен және бау-құралдарының әдемі әшекейленгенімен ерекше көрінген. Ішінде бірнеше бөлмеге бөлінген. Ортасында үлкен қазан асулы тұрады.

Махамбет Өтемісұлының өлеңінде ақ ордаға қатысты жолдар кездеседі:

*Еңсесі биік ақ орда,
Еріксіз кірсем деп едім, дейді батыр.*

Сондай-ақ ақ орда атауы жарапазан өлеңдерінде де кездеседі.

*Үйің, үйің, үй екен,
Үйдің көркі ши екен.
Саба көркі бие екен,
Ақ ордадай көрінген,
Қай кісінің үйі екен?, дейді.*

Сондай-ақ қазақ халқының жас жұбайларға арналған отау үйі де жасауға бай және сәнді болған. Мұндай киіз үй жиһаздардың әдемілігі, сәнділігі жағынан тіпті билеуші үстем таптың ордасынан да асып түскен.

Жас жұбайларға арналған үйдің екі түрі болған: отау үй және күйме.

Отау – қазақтың байырғы сөздерінің бірі. Отау деп көп жағдайда үлкен үйден бөлініп шыққан, бірақ әлі сол ауылдың ықпалымен көшіп-қонатын үйді атайды.

Күймелі арба қыпшақтар мен ноғайлардың, қазақтардың көшіп-қонғанда, жолда ұзақ жүргенде





пайдаланатын тұрғын үйі. Оларда тек қыздар мен балалар тұрған. Рубрук ол туралы былай жазған: *«Әйелдер өздеріне тән әдемі күймелер жасатқан. Олар бойжеткен қыздар тұратын бөлме қызметін атқарған».*

«Қыз Жібек» дастанында да Төлегеннің қалыңдық іздеп жолға шыққаны, содан кейін Жібектің күймесі көш бұрын кеткені былай суреттеледі:

*...Келсе Жібек жоқ екен,
Сол секілді көшінде.
Мұны көріп Қаршыға,
Атының басын бұрады,
Әңгіме дүкен құрады.
Жібекжан қайда кеткен деп,
Болжалды жерге жеткен деп,
Көшпен бірге жүргенде,
Бетіме тозаң тиер деп,
Көк пәуеске күймесін
Азаннан тұрып жеккен деп.
Шешесінің сол жерде,
Бұларға берген жауабы, делінген.*

«Қыз Жібек» дастанында Төлегеннің Жібек отырған күймеге жақын келіп, танысуға ниет білдіретін тұсы былай суреттелген:

*...Қыз Жібек мінген күймесін
Күймеге тағып түймесін,
Бүйте берме, ей Жібек,
Кесірің жұртқа тимесін!, дейді.*

Осыдан-ақ сол уақытта сән мен салтанаты жарасқан күйменің көктен тігіліп, түрлі әшекеймен сәнделгенін аңғаруға болады.

Киіз үйдің тағы бір түрі – *жорық киіз үйлері*. Ол арнайы әскери жорыққа арналған. Ол сәнді жабдықсыз, шағын көлемді болған. Жорық киіз үйінің бір түрі – *жолым үй*.

Көш кезінде шаршаған малдың, көш көліктің жағдайына қарап аз уақытқа тоқтап, бума уықтардың басын түйістіріп, үстіне киіз жауып жасаған баспананы жолым үй атаған. Бұл сөз жолшыбай жасалған үй деген мағына береді.

Киіз үйдің тағы бір түрі – *жабасалма*. Көшіп, не керуен салып келе жатқанда бір қонып аттанатын жағдайда екі керегені жайып, бастарын түйістіріп, бекітіп, үстіне киіз жауып жасаған баспананы жабасалма деп атаған.

Жабасалма мен жолым үйдің ішінде от жақпайды.

Киіз үйді жабу әдістері

Қазақ киіз үй жабатын киіз бұйымдарын түндік, үзік, туырлық, іргелік деп бөледі.

Түндік – киіз үйдің шаңырағын жабатын киіз. Төртбұрышты пішіліп, шаңырақ диаметрінен 50-60 сантиметр молдау жасалады.

Үзік – киіз үй сүйегінің шаңырақ қырынан бастап уық бойын тұтас жабады.

Туырлық – кереге бойын жабады.

Іргелік – керегенің аяқ жағын жабады.



«ЖАМИЙЛА»: СУРЕТШІНІҢ СЫРЫ, МАХАББАТ МАЙДАНЫ



Алматылықтар Айтматовтың атақты «Жамийла» шығармасы бойынша қойылған мюзиклдің премьерасын тамашалады. Шаһардың бас сарайында өткен музыкалық спектакльді алматылықтарға тарту еткен Қырғызстанның Тоқтықұл Сатылғанов атындағы Ұлттық филармониясы. Алғашқы премьерә былтыр көктемде Қырғызстанда өткен, биылғы гастроль Алматы сахнасынан



басталды. Спектакль бұдан әрі Баку, Ташкент, Анкара және Еуропаның бірнеше қаласында көрсетіледі. Қойылым басталар алдында кештің шымылдығын ашқан ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин қазақ пен қырғыз арасындағы мәдени байланыстарға тоқталды: *«Бүгін Республика сарайында ерекше кеш. Бұл шара біздің басымызды біріктіреді. Қазақ пен қырғыз – төскейде малы, төсекте басы қосылған бауырлас халық. Екі халықты мәдениет, дәстүр, өнер мен тарихтағы танымал тұлғалар сияқты біріктіретін ортақ дүниеміз көп. Күні кеше Ош қаласында Абайға арналған музей ашылды, ал бүгін Алматыда «Жамийла» мюзиклі сахналанады»,* – деді Ерлан Тынымбайұлы.



Қырғыз елінің атынан сөз алған мемлекеттік хатшы Марат Иманқұлов бұл премьераның достықтың символы екенін атап өтті: *«Шыңғыс Айтматовтың есімі қырғыз бен қазақ мәдениеті үшін ортақ. Ал жазушының шығармашылығын алғаш қолдаған – қазақ әдебиетінің дүлдiлi Мұхтар Әуезов. Сондықтан бұл мюзиклдің Алматы сахнасында өтуінің ерекше мәні бар»,* – деді Марат Иманқұлов.

«Жамийла» – Жәмила есімді күйеуі соғысқа кеткен жас келіншек пен майданнан жаралы болып оралған Даниярдың арасында махаббат тарихын Жәмиланың қайнысы Сеиттің аузымен баяндайтын шығарма. Суретші болуды армандаған жас баланың жеңгесі мен Даниярдың суретін саламын деген арманы, жас жұбайлардың арасына соғыс салған сызат, жүрекпен сезілген нәзік махаббат – чоң Шыңғыстың қуатты қаламынан туған шығарманың негізгі арқауы, осының бәрін қырғыз әртістері мюзикл арқылы көрерменге жеткізе білді. Айтматовтың талай режиссерді шабыттандырған бұл шығармасындағы адамгершілік бірлік, өзара көмек пен рухани төзімділік тақырыбы



спектакльде ерекше көрініс тапты. Данияр рөлін Құралбек Чокоев, Жәмила рөлін Сырға Сағынбекова сомдады. Хореографияны бас балетмейстер Ерлан Қамытбеков қойған, қойылымның музыкасын жазған композитор Мырзали Жиенбаев. Мюзиклдің бас үйлестіруші-жетекшісі Қырғызстанның Халық әртісі Қырғызбай Осмонов, қоюшы – Қырғызстанның Еңбек сіңірген әртісі Болот Тентимышев.

Шыңғыс Айтматовтың жүз жылдық мерейтойына арналған халықаралық жоба көрерменге рухани әрі эстетикалық ләззат сыйлап, қазақ-қырғыздың мәдени байланысын жаңа деңгейге көтерді.

Aqshamnews.kz



ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТ

Ақын, ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері

ҚАЗАҚСТАН

*Арыстандай айбаттым,
Жолбарыстай қайраттым,
Аспандаған байрақтым,
Қанша жұлдыз жайнаттың,
Қанша бұлбұл сайраттың,
Қазақстан, ардақтым!
Тұлпарыңның шабысын,
Домбыраңның қағысын,
Күңіrentкен тау ішін,
Дарияңның ағысын
«Сүйем!» десем – бәрі шын,
Қазақстан – намысым!
Әрбір тасы – киелім,
Әр уығы – жүйелім,
Ән кернеген жүрегін,
Күй кернеген тиегін,
Сары алтыннан сүйегің,
Қазақстан – жыр елім!
Шаңырағың – шырағым
Топырағың – тұмарым,
Ғаламда жоқ сыңарың,*

*Ғажайыбым, жұмағым,
Басы таза бұлағым,
Басылмайтын құмарым,
Қазақстан – қыраным!
Айың тусын оңыңнан,
Күнің тусын солыңнан,
Жұлдыз жансын жолыңнан,
Басыңа бақ орнасын,
Қыдыр болсын жолдасың,
Құдай сені қолдасын,
Қазақстан – көз жасым!..*

ҚАЗАҚИЯ

*Қазақиям – азат ұям,
Қоңыр жұртым, ұлы елім.
Қаңқылдаған қаз атынан
Сөз саптаған сүлейім.*

*– Қанға қан! - деп,
– Жанға жан!- деп,
Атам қазақ үйреткен.
Өтті ғасыр сандаған көп
Ақ сойылын сүйреткен.*

*Шыңбысың сен – Хан-тәңірім,
Әлде Бетпақ – шөлмісің,
Қаңсыса да қан тамыырың
Қыңқ етпейтін көнбісім.*

*Тасыдың да жуасыдың,
Түпсіз арнаң толсашы,
Дүниенің күнәсінің
Жуылатын моншасы.*

*Аялаған азаттығым
Бұл бұл ұшса басымнан,
Кімге керек қазақтығым
Мақтан еткен жасымнан?*

*Төбеңдегі Айды мына
Тұмарыңдай көремін.
Қапалы да, қайғылы да,
Қоңыр елім, өр елім.*

*Топырақтың табын сездім,
Жүгірдім де жығылдым.
Отан деген назым сөздің,
Мәнін сенен ұғындым.*

*Аспандай кең атамекен,
Иі қанбас көн дала,
Сені сүю – қате ме екен,
Сүйіп өтем сонда да!*



XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ КИІМІ



XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақтардың дәстүрлі киімі көпғасырлық көшпелі өмір салты мен адам мен табиғат арасындағы тығыз өзара байланыстың нәтижесінде қалыптасты. Температураның күрт ауытқуына тән дала климаты жағдайында киім ең алдымен практикалық қызмет атқарып, адамды суықтан, желден және ыстықтан қорғауға бағытталды. Материал таңдау олардың қолжетімділігі мен физикалық қасиеттеріне негізделді: тұрмыста жергілікті шикізаттан алынған немесе сауда байланыстары арқылы жеткізілген киіз, жүн және мақта-мата кеңінен қолданылды.

Киіз дәстүрлі киім жүйесінде өзінің тығыздығы мен жылу сақтау қасиеттерінің арқасында айрықша орын алды. Ол сырт киім, бас киім және аяқ киім дайындауда пайдаланылып, көшпелі шаруашылық үшін әмбебап материалға айналды. Жүн маталар ұзақ көшу кезінде тозуға төзімділігімен және жылуды жақсы сақтауымен ерекшеленсе, мақта-мата бұйымдары жылы мезгілге арналған жеңіл әрі күнделікті киім ретінде қолданылды. Материалдардың осындай үйлесімі киімнің маусымдық өзгерістерге және әртүрлі еңбек түрлеріне бейімделуін қамтамасыз етті.


Қазақ киімінің конструкциялық ерекшеліктері мобильді өмір салтының талаптарын айқын көрсетті. Еркін пішім қозғалысты шектемей, атқа міну мен дене еңбегіне қолайлы болды. Сонымен қатар киімдегі сәндік элементтер – ою-өрнек, кесте, түстік шешімдер – белгілі бір мағыналық жүк арқалады. Олар адамның жасын, әлеуметтік мәртебесін немесе белгілі бір руға тиесілігін білдіріп, дәстүрлі қоғамдағы визуалды сәйкестік белгісі ретінде қызмет атқарды.



Осылайша, XIX–XX ғасырлар тоғысындағы қазақтардың дәстүрлі киімі функционалдық пен символикалық мән біртұтас жүйе ретінде тоғысқан кешенді мәдени құбылыс болып табылады. Ол көшпелі дүниетанымның ерекшеліктерін айқын көрсетіп, материалдық мәдениеттің тек тұрмыстық қажеттілікті ғана емес, халықтың тарихи тәжірибесін сақтау мен ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің маңызды құралына айналғанын дәлелдейді.

Ақпарат ғаламтордан жинақталды

ҚАЗАҚ ОЮ-ӨРНЕГІНІҢ РУХАНИ КЕҢІСТІГІ






Ою-өрнек – халықтың рухани және мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады. Ол тек тұрмыс пен киім-кешекті әшекейлеуге арналған сәндік элемент қана емес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан таңбалық жүйе, өзіндік мағынасы бар көркем тіл. Ою-өрнекарқылы қазақ халқы дүниетанымын, табиғатқа көзқарасын, уақыт пен кеңістік туралы түсінігін бейнелеген. Әрбір сызық, иірім мен ырғақтың астарында көшпелі өркениеттің терең рухани тәжірибесі жатыр.

Қазақ ою-өрнегінің қалыптасуы көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты. Ұлан-ғайыр дала, күн мен айдың қозғалысы, жыл мезгілдерінің ауысуы, көш жолы, жануарлар мен өсімдіктер әлемі – осының барлығы ою-өрнектің негізгі бейнелік көзіне айналды. Жазба мәдениет кең тарамаған кезеңдерде ою-өрнек есте сақтау мен рухани сабақтастықтың құралы қызметін атқарып, халықтың жинақтаған білімін, өмірлік тәжірибесін көркем формада жеткізді.

Ою-өрнектің түп-тамыры сақ, ғұн және көне түркі дәуірлеріне дейін барады. Археологиялық деректер қазіргі қазақ оюларында қолданылатын көптеген өрнек түрлерінің мыңдаған жылдар бойы үздіксіз қолданылып келе жатқанын дәлелдейді. Уақыт өте келе ою-өрнек жүйесі өзгеріске ұшырағанымен, оның негізгі символдық мәні сақталып, жаңа мазмұнмен толығып отырды.


Қазақ ою-өрнектерінің ең көне әрі кең тараған түрлерінің бірі – жануар тектес (зооморфтық) өрнектер. Көшпелі қоғамда жануар тек күнкөріс көзі ғана емес, ерекше қасиетке ие киелі бейне ретінде қабылданды.

Осы топтағы ең басты әрі танымал өрнек – *қошқар мүйіз*. Бұл өрнек күш-қуатты, ерлік пен молшылықты, өміршеңдікті білдіреді. Қошқар мүйіз қазақ ою-өрнегінің негізі саналып, оның сан алуан нұсқалары жасалған.



Қос мүйіз үйлесім мен тепе-теңдікті, түйетабан жолды, төзімділік пен сабырды, ал құс қанаты еркіндік пен қорғауды, жер мен көк арасындағы байланысты бейнелейді.

Өсімдік тектес өрнектер өмірдің



жалғастығын, өсу мен жаңаруды білдіреді. Иірілген сызықтар, жапырақ пен гүл бейнелері болмыстың үздіксіздігін, уақыттың айналымдылығын меңзейді. Мұндай өрнектер көбінесе әйелдердің киімінде, кесте мен әшекей бұйымдарда қолданылып, әйелдің ұрпақ жалғастырушы, тіршілікті сақтаушы ретіндегі рөлін айқындай түскен. Өсімдік өрнектері арқылы адам мен табиғаттың үйлесімді байланысы көрініс табады.

Ою-өрнек жүйесінде геометриялық өрнектер де ерекше орын алады. Қарапайым көрінетін шеңбер, ромб, үшбұрыш, ирек сызықтар терең философиялық мәнге ие. Шеңбер – күн мен мәңгіліктің, ромб – жер мен құнарлылықтың, ирек сызықтар су мен қозғалыстың белгісі ретінде қабылданған. Геометриялық құрылымдар арқылы әлемнің тәртібі мен үйлесімі бейнеленіп, адам мен ғалам арасындағы тепе-теңдік идеясы жеткізілді.

Геометриялық өрнектермен тығыз байланысты космогониялық өрнектер көне дүниетанымдағы ғарыш туралы түсініктерді көрсетеді. Күн, ай, жұлдыз бейнелері уақыттың айналымын, тағдыр мен кеңістіктің тұтастығын білдіреді. Көшпелілер үшін аспан – өмірдің ажырамас бөлігі болды: жұлдыздар арқылы бағыт анықталды, күн қозғалысы уақыт өлшемі қызметін атқарды. Сондықтан мұндай өрнектер көбіне киелі, ғұрыптық бұйымдарда қолданылып, олардың символдық және қорғаушы

мәнін күшейткен.

Қазақ ою-өрнектерінің сакралды мәні ең алдымен оның қорғаушы қызметінен көрінеді. Дәстүрлі түсінік бойынша, ою-өрнек адамды жамандықтан, ауру-сырқадан, тіл-көзден сақтайды деп есептелген. Балалар киіміндегі өрнектер қорғаныш белгісі ретінде қабылданса, киіз үйдегі оюлар отбасы мен шаңырақты қорғауға бағытталған. Ал қару-жарақ пен ат әбзелдеріндегі өрнектер батырға рух беріп, сенім ұялатқан. Мұнда өрнектің формасы ғана емес, оның орналасуы, симметриясы мен ырғақтық қайталануы да маңызды рөл атқарды. Тұйық композициялар қорғанышты, қайталанатын элементтер өмірдің жалғастығын білдірді.

Осылайша, ою-өрнекті қазақ мәдениетінің визуалды коды ретінде қарастыруға болады. Онда халықтың тарихы, философиясы, дүниетанымы мен рухани құндылықтары көркем түрде бейнеленген. Әрбір өрнек – белгілі бір мағынаға ие «мәтін», оны түсіну үшін оның символикасын және мәдени контекстін білу қажет. Қазіргі заманның өзінде қазақ ою-өрнектері сәулет өнерінде, дизайнда, сән индустриясында кеңінен қолданылып, ұлттық болмыстың айқын белгісі ретінде сақталып келеді.

Ою-өрнек – жай ғана әшекей емес, ол халық жадында сақталған тірі тарих.

Ақпарат ғаламтордан жинақталды

ӘЛЕМДІ ДҮР СІЛКІНДІРГЕН ТУЫНДЫ

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВТИҢ «АЗ И Я» КІТАБЫНЫҢ ЖАРЫҚ КӨРГЕНІНЕ 50 ЖЫЛ



САЛТАНАТ ӘШИМОВА

ЮНЕСКО қамқорлығындағы
Халықаралық мәдениеттерді
жақындастыру орталығының
директорының орынбасары


SALTANAT ASHIMOVA

Deputy Director of the
International Centre for the
Rapprochement of Cultures under the
auspices of UNESCO



*Кітаптың алғашқы
басылымы. 1975 жыл*

Аса көрнекті ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов оқырмандарға жауһар жырларымен қатар, лингвистика саласында терең пайымды ой толғаған еңбектерімен де кеңінен танымал. Ақынды қалам қуаты әлемдік әдебиет кеңістігінде қандай биікке алып шықса, зерттеу еңбектері де оны түркология әлемі кеңістігінде сондай заңғар көкке көтерді. Шайырлық шабытпен, тілге деген іңкәр сүйіспеншілікпен жазылған ғалымның жаңа туындылары оқырмандарын ешуақытта бейжай қалдырған



1992 жылы шыққан қазақша аудармасы



Кітап 2025 жылы қайта басып шығарылды

емес. Оның еңбектерінің құндылығы ең алдымен мәселені төл тарихымызбен байланыстырып, салыстырып зерттеуінде деу керек. Бұл тұрғыдан ол қасаң көзқарастың тоңын бұзып, жаңа танымның қалыптасуына ықпал етті, түркологияны бір белеске көтеріп тастады.

Сондай еңбектерінің бірі емес бірегейі «Аз и Я» кітабы. Биыл кітаптың шыққанына 50 жыл. «Аз и Я» кітабы көне славян және түркі жазба ескерткіштерін зерттеуге арналған. Кітаптың жанрынақынның тарихқа көзқарасы деп таныған жөн. О.Сүлейменов көне қолжазбаға деген ғылымда қалыптасып қалған үстірт шешімдер мен дәлелсіз пікірлердің, жаттанды көзқарастардыңшаңын қаға отырып, нағыз тіл маманына тән сұңғыла талдауымен өрісті ой-толғамдарға жетелейді.

Ойшыл ғалым көне түркі жазуының пайда болуы мен дамуын әлемдік өркениетке қосылған үлес деп бағалап, дәлелдеп келеді. Автор бір ғасырдан астам уақыт бойы славян және түркі тілдері бір-бірінен оқшау зерттелініп келгендіктен, мұның өзі этностардың өзара етене байланысты дамуының табиғатына қайшы келетінін, сондықтан жаңа түркі-славянтану пәнін енгізу қажеттігін негіздейді. Түркі тілдерін славян, үндіевропа және басқа да тілдермен салыстырып, көптеген сөздердің төркінін – этимологиясын талдап ашып беру арқылы ақын қазақ тілін ғана емес, түркі тілдерін өте нәзік әрі терең білетіндігін көрсетеді.

Алғаш 1975 жылы орыс тілінде жарық көрген бұл кітапты арада 17 жыл өткенде 1992 жылы философия ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Сәбетқазы Ақатаев

қазақ тіліне аударып, «Аз и Я» Ізгі ниетті оқырман кітабы» деген атпен «Жазушы» баспасынан шықты.

Осы кітаптағы автордың алғы сөзін өзгеріссіз беруді жөн көрдім.

Қазақ тіліндегі басылымына алғы сөз

1975 жылы алғаш орыс тілінде жарық көрген осы еңбегімнің содан бері қаншама жылдар өтсе де туған халқымның тілінде – қазақ тілінде жарық көре алмауы мен үшін өкінішті жайдың бірі еді. Әрине, оған сол кезеңнің саясаты, уақыт, заман кінәлі болатын. «Аз и Я» кітап болып шыққан күнінен бастап, Орталықтың қаһарына ілікті де, басқа тілдерге аудару, кітап етіп шығару былай тұрсын, шыққан кітаптың өзі түгел таралып үлгермей жатып дүкен сөрелерінен, кітапханалардан дереу жойылсын деген өктем үкіммен қуғынға түсті. Бұл сол кездегі КОКП Орталық Комитетінің секретары М.А. Сулов пен Совет Армиясы мен Соғыс теңіз флоты саяси Бас басқармасының бастығы, Армия генералы А.А. Епишевтің жарлығы болатын. Шетел баспалары мен совет авторларының өзара байланысын қадағалап отыратын Бүкілодақтық авторлық құқық агенттігінің «шетелде аударылмасын» деген тізіміндегі тиым салынған бес кітаптың бірі – осы «Аз и Я» еді.

Кейбір өркөкірек, ұлттық намысы қозғыш шамшылдарға қатты батқаны: көне орыс ескерткішіне басқа ұлт өкілінің талдау жасап, пікір айтқаны. Олардың ойынша мұндай зерттеу, мұндай пікірді, әсіресе славян-түрік халықтарының көне мәдениеті және олардың өзара қарым-қатынасы туралы әуелгі пікірді басқа ұлттың өкілі емес, тек орыс халқының өкілі ғана айтуы тиіс болатын. Ал «Игорь жасағы туралы жыр» хақында «бөтен»

ешкімнің сөз айтуы мүмкін емес, бұл ұлы орыс халқының мұрасы болғандықтан тек орыстар ғана зерттей алады деген дүмбілез сенім мықтап қалыптасқан еді. Сондықтан да әлгіндей намысқой шамшылдардың: «Қазақстанның бұл кітабын Ресей ешуақытта кешіре алмайды», - деу тегін болмаса керек.

Міне, осындай жағдайда кітаптың қазақ тілінде жарық көруі мүмкін емес еді. Рас, тиым салынғанына қарамастан кейбір елдерде мәселен Жапонияда, Венгрияда «Аз и Я» аударылып, жеке кітап болып басылып шықты. Ал, Францияда шығып үлгере алмады. Тиым салынғанына қарамастан бұл кітаптың төңірегінде талай пайдалы пікір алмасулар, айтыс-тартыстар толассыз жүріп жатты.

Сөйтіп қуғынға түскеніне қарамастан кітаптың ешкім сызып тастай алмас, ешкім жоққа шығара алмас өмірі жалғаса берді. Содан бері ғылымда, мәдениетте, қаншама жаңалықтар, өзгерістер болды. Тіпті әлемнің өзі жаңа бағытқа түсті. Дүниенің алтыдан бір бөлігін алып жатқан алып империя – Совет Одағы да ыдырады. Жаңа көзқарастар, жаңа саясат, жаңа заман туды. Алайда «Азия»-да сонау бір тұстардағы ой-толғамдардың бүгінде рухани өмірімізге өте қажет екеніне мен кәміл сенемін. Бәлкім, туған халқымның осы күнге дейін ғасырлардың шақ басқан қыртыстарын да көзден таса, көңілден тыс жатқан тарихына ендігі жерде тереңдеп үңіліп, дұрыстап жан-жақты зерттейтін кез туғанда жаңа тарихшыларға менің еңбегімнің де себеі тиер деп ойлаймын.

Енді міне, «Аз и Я» менің анамның тілінде – қазақ тілінде қанат қаққалы отыр. Бұл кітаптың қандай мақсатпен, қалай жазылғаны туралы алғы сөзімде және орысша екінші басылымның соңғы сөзінде кең тоқталғандықтан қайталап жатпайын. Зерделі оқушы өзі-ақ көп



*Оқырмандарға
қолтаңба
беру сәті*



*Олжас Омарұлы
Сүлейменов.
27 мамыр 2025 жыл*

нәрсені байқап, көп дүниеге ой жіберер.

Соңғы бір сөз кітаптың аты туралы. Қазақ тіліндегі газет-журналдарда жарияланған үзінділеріне байланысты қалың оқырмандардың пікірлерін ескере отырып, және кітап төңірегіндегі басқа тілдердегі айтыс-тартыстарда да кітаптың атын өзгертпей атайтындарын еске ала отырып, ойлана келіп кітаптың «Аз и Я» деген атын өзгеріссіз қалдыруды мақұл көрдім.

Және бір айтарым: аударушы Сәбетқазы Ақатаевқа, өлең жолдарын аударған Қадыр Мырзалиевқа, арнаулы редакторы Сайын Мұратбековке және осы кітаптың қазақша шығуына ат салысқан барлық дос-жарандарға шын жүректен алғысымды білдіремін.

Олжас Сүлейменов

Менің шағын кітапханамда өзіме жиі қажет боп отыратын кітаптар ғана сақталады.

Балалық бал дәурен мен есейіп ес жия бастаған кездегі кітапқұмарлықтың аптығы толастайды. Күнде көшеде кездесіп жүрген тамыр-таныстардың арасынан ғұмырды бірге кешер дос-жарандар табасың. Баспаханадан шыққан телегей теңіз мол дүниенің ішінен оқырман ретінде өзіңе тәлім берер бірнеше кітапты ғана таңдайсың.

Газет біткен жаулығын бұлғап, жедел оқудың амал-айласын игеруге шақырған дәуірде, ұзақ түнге сарылып мұнан сан ғасыр бұрын хат бетіне түскен сыңар жол жазуға сарыла үңіліп отырғанды қызық көресің. Араға жылдар салып барып кітаптың дәл сол бетін ашып, әлгі жолдарды іздеп тапқаныңда өзіңнің де қаншама өзгеріске ұшырағаныңды сезесің. Өзіңнің де, өзгенің де талғам-түсінігін ой елегінен өткізе отырып, құштардықты, сенімді, білімдарлықты

ұғасың.

Әлгі жылдар енді бос далаға кетпейді, жарға да соғылмайды, сен қаныққан білімнің шаңырағына кеп қонақтайды. Сөз құдіреті жайлаған көркемдік деген ғаламның қасиетін тұшыну, әрине, оқудың ғылыми тұрғысына жатады. Ал мұны білмей жатып, қаламға қол созуға болмас, сірә да.

Мені осындай қайталап оқуға құштар еткен кітаптың бірі «Игорь жасағы туралы жыр» болды.

Ондаған жыл бойы мен осы бір дүниені (автор «дүниенің» орысша «вещь» деген мәнін «ақыл-ой» деген мағынасымен шендестіре отырып, жаңаша философиялық тұлға тудырып тұр - аудармашы) ұға түсуге, оған етене жақындай түсуге күш салдым.

Ал бұл дүние менен мезгілдік қана қашықтықта жатқан жоқ. Әдетте біз жоғарыдан төмен қарап дағыдланғанбыз. Сондықтан ескерткіштің тілдік және көркемдік қасиеттерін ғана көреміз.

Біздің өреміз «жырдың» үстіңгі қабатында жатқан сөйлемдік құрылымы мен әлеуметтік мәнін ашуға ғана жетеді, ал оның көлбей түскен көлеңкесін аңдап, сол бойынша бітімі мен болмысын анықтауға әмсе шамамыз келе бермейді.

Ғасырлар қойнауындағы бізден әріде, шындықтан беріде жатқан мәдениеттің кейбір тоғышар ғасыр қабаттарынан өткеннің гүл жарған шуақты шақтарын іздеп біз төменге үңілеміз. (Разгребая взглядом пыль, угнетающую истину, мы узнаем их силу. (Местоимение «их» относится к трем подчеркнутым существительным).

Кенет «Жыр» әлемі ашылады.

Оның бойынан секем аларлық сәуегейлік, бетін даналықтың табы тұтқан бұралаң бейнелерімен, жаттанды түсініктерімен ұлылық боп танылған күңгірт сөз оралымдары мол еді.



*Олжас Омарұлымен.
18 мамыр 2024 жыл*

Қос саусақтың арасынан бұлтиған жуан бармаққа ұқсаған балауыз раушан гүлі де; шөл далада сағым боп көрінген көк-жасыл аумақ та; тарихи ертегі мен ғажайып оқиға «Жыр» бойындағы асыл нәр.

«Жыр» оқырманның білім-парасатын, көзқарасы мен ой-таным қабілетін оның тарихпен бетпе-бет жүздесуге психологиялық даярлығы бар-жоғын анықтайтын өзгеше құрал. Ол оқырман ортасын анықтайтын лакмус қағазы іспеттес: бір мәрте оқығанда қызарып, келесі бір оқығанда көгеріп жатады. Кей-кейде сұрланып кетуі де ғажап емес.

Ол «Жыр» осындай!

«Жыр» менің дүниетанымымды қалыптастырды. «Жыр» мені тарих табалдырығынан аттатып, қазіргі

заманның көптеген мәселелеріне басқаша қарауыма жағдай жасады. Тарихи шындық көрсоқыр наданды қалай қорлайтын болса, жалған тарих дастанды сондай қорлайтынын ұқтым. Субъективтік логиканың алтыбақанына тербелген тарихи деректің метафизиканың құс жетпес құзар шыңына шырқап көтеріліп, қайта кейін тепкенде надандықтың шығырау құзына құлдырап құлағанын өз көзім көрді.

Тарихтың керуен жолынан шашырап түскен дерек ғалымдардың жансыз қуыршағына айналмақ. Өйткені тарихи дерек – дәуір мәйегі, жер шары атмосфера құндағында тіршілік етсе, тарихи дерек те өз дәуірінің ғарыштай түпсіз, шексіз, есепсіз алғы шарттары аясында қалыпқа түседі. Білімге нұқсан келтірмей, оларды ажырату мүмкін емес. Бұл кітапта мен оқырман ретінде «Жыр» хақындағы өз тәжірибемнің негізгі тұстарын баяндап бермекпін. Қорытындысы болашақта «1001 сөз» деген этимологиялық сөздікке ұласпақ.

Қателесуге, қателігімді мойындап, жаңаша шешім қабылдауға да хақым бар.

Тыым салынған мәселелер жөнінде де өз пікірімді айтуға мүмкіндігім бар. Бұл менің қара басымның қамы үшін ғана емес. «Жырдағы» «түркизмдер» деген тақырыптан бас тарттым, өйткені ауқымы тар айтуды адамтану ғылымында емес, математикада қолданған ұтымды деп ойлаймын. «Жырды» коллективті БІЗ (Славист, Түрколог, Тарихшы, Ақын және басқалар) болып оқымай, коллективті МЕН болып оқу керек. Көпке тән сипат бір адамның бойынан табылғаны абзал.

Жырды оқуда маған табиғи қостілділік, Русь пен Даланың мәдени байланыстарын білу, сөз мәніне деген құштарлық және ақындық жаттығулардан бойға сіңген сөз бен бейнені еркін сезіну

желеп-жебеді ме деп ойлаймын.

Оқырман тұлғасын аша түсерлік қосымша тағы бір белгіні еске түсіруді ұмытып кетпейін. «Жыр», әсілі, жалпы әдебиет пен ғылым тәріздес құрал болмау керек. Сен қалай оқыдың, кімнің көзқарасын қолдап, кімнің пікірін жоққа шығардың – сенің тіршілігіңнің бұларға ешбір қатысы болмауы – басты мақсат. Өз ұстаздарыңның еңбегін бағалау үстінде ешкімнің ықпалына ермей, өзіңді еркін сезінуің – шығармашылық өмір тәжірибесінің сағат сайын дәлел дәмететін бұлтармас қағидасы.

Оқырман ретінде өзіме өзім қойған талаптарға толық жауап беретінімді айтып жатқаным тым ерсілік те болар. Алайда, соңғы шартымды әрқашан адал орындауды мақсат санаймын. Дәл қазіргі жағдайда ақиқат болып көрінген жайды мақұл көрдім де, кешегі айтылған пікір өзімнің, әлде бөгде адамның аузынан шыққанына қарамай, бүгін ескіріп жатса, оған қарсы тұрдым. Өйткені ақиқатқа баратын жол өз санаңда үнемі арпалысып жатқан ой додасының қатал сынынан өтпек» деп жазады Олжас Сүлейменов.

Олжас Сүлейменовтің өмір жолында жасаған ұлы да қаһармандық істері өте көп. Алайда бұл тізімді ешқашан толық аяқтау мүмкін емес. Өйткені ол мұндай игілікті істерді әр қадамында, әр мүмкін және мүмкін емес сәттерде де жүзеге асырып келеді. Оған әлемдегі ядролық сынақ полигондарын жабу ісі; тек түркі халықтарының ғана емес, славян жұртшылығының да ұлттық санасын оятқан «Аз и Я» еңбегі; қазіргі салыстырмалы-тарихи тіл білімінің классикасына айналған «Жазу тілі» және өзге де компаративистік зерттеулері; сондай-ақ халықтар мен мәдениеттердің туыстығы мен жақындығын паш ететін адамзаттың ең көне тарихын қайта

зерделеуге бағытталған ауқымды ғылыми бастамалар кешені жатады.

«Аз и Я» (1975) – ақын Е. Евтушенконың сөзімен айтқанда, «еркін ойлы, қуатты прозалық поэма». Бұл кітап қоғамдық сананы дүр сілкіндірді, ол «басқаша ойлауға, батыл сөйлеуге және өткір жазуға үйретті» (С. Абдрахманов). Жазушы, публицист, аудармашы, киносыншы және Қазақстан шығармашылық одақтары конфедерациясы төрағасының орынбасары А. Дандығұловтың пікірінше, Сүлейменов «Игорь полкы туралы жыр» шығармасындағы түркі элементтері арқылы орыс тілін байыта отырып, ұлттық сананы тереңдетеді және әлемдік танымды кеңейтеді; көшпелі өркениеттің ықпалын тек еуразиялық халықтардың ғана емес, бүкіл адамзаттың тарихы мен қазіргі болмысына әсер еткен құбылыс ретінде ашып көрсетеді» деп жазады филология ғылымдарының докторы, тілтанушы, түркітанушы Ерден Қажыбек өзінің «Олжас туралы сөз» атты мақаласында.

«Аз и Я» кітабы алты тілге аударылған. Олар қазақ, азербайжан, қырғыз, ағылшын, венгер, жапон тілдері.

Алғашқы нұсқасы орыс тілінде 1975 жылы алғашында 100 000 таралыммен, кейіннен 60 000 таралым барлығы 160 000 таралыммен жарық көрді. 1990 жылы 200 000 таралыммен шықты. Осы таралымнан түскен қаламақыға О. Сүлейменов 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғасына қатысып, қамаудан босаған студент жастарға 8 бір бөлмелі пәтер алып берген. Сол кездері кітаптан түскен қаламақыға өмір сүруге болатын. Әдебиет кәсіп сияқты болды. 2004 жылы шығармалар жинағының 3-томы осы «Аз и Я» кітабына арналды. 1975 жылы Алматыда шыққаннан кейін араға отыз жыл салып, 2005 жылы Никита Михалков

төрағалық ететін Ресей мәдени қорының жанындағы «Грифон» баспасынан «Аз и Я» жарық көрді. 2011 жылы «Олжас кітапханасы» баспа үйі шығарды.

– Мұндай ерекше әрі назар аударатын, сонымен қатар мағыналық дәлдігі жоғары «Аз и Я» атты кітаптың атауын кім ойлап тапты?

Олжас Сүлейменов: *Мен өзім ойлап таптым. Ежелгі орыс және көне славян тілдерін зерттей бастағаннан кейін «Азия» сөзінің құрамында бір мағыналы екі есімдікті – көне «Аз» және қазіргі «Я» нысандарын көрдім. Осылайша, бұл атау адамның өзіндік «Менін» уақыт кеңістігінде – өткен мен бүгіннің тоғысында бейнелейді. Бұл кітап үшін мен ешқашан қаламақы алған емеспін.*

Олжас Сүлейменов – ірі лингвист-зерттеуші, түркітанушы. О. Сүлейменовтың өзі шығармашылық кредосын былайша білдереді: *«Тарихпен және лингвистикамен бір ғана мақсат үшін айналысу – өз халқымның ішіндегі өз орнымды және халқымның адамзат ішіндегі орнын анықтау».*

2025 жылы 27 мамырда Мәдениеттерді жақындастыру орталығы Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я» кітабының шыққанына 50 жыл толуына арналған «Түркіславистиканың бастаулары» тақырыбында білім мәдениетін қолдауға арналған VII халықаралық конференция ұйымдастырып, өткізді.

Конференцияның мақсаты – Еуразияның көптеген оқырман ұрпақтарының ұлттық және халықаралық өзіндік сана-сезімін қалыптастыруға шешуші әсер еткен, жарты ғасыр бойы мәдениеттерді жақындастырып, олардың өзара тәуелді тарихын ашқан «Аз и Я» кітабының тарихи ролін ғылыми тұрғыдан талқылау.

«Аз и Я» тарихи шығармаға

айналды, мұндағы басты сюжет – бір-бірімен диалогта халықтардың өзіндік санасын драмалық түрде табу. Соңғы онжылдықтарда кітап адамзаттың зияткерлік мұрасының лайықты элементіне айнала отырып, Еуразия мәдениеттерінің дамуы мен жақындасуын анықтаған шығармалар арасында көрнекті орынға ие болды.

Конференция аясында «Аз и Я» кітабында айтылған 1960-70-80 жылдары зиялы қауымның белсенді қызметінің арқасында ұлттық республикаларда белсенді қоғамдық әрекет жағдайына көшу үшін халықтардың тарихи тәжірибесін түсіну, ғылыми-мәдени тәжірибені зерттеу маңызды. Бұл әдебиет пен ұлттардың әлемдік диалогтағы саналы өзара тәуелділік кезеңі.

Дәл сол онжылдықтардағы әдеби шығармалар қазақ мәдениетіне ұлы есімдерді, бірнеше дәлелді ғасырлар мен мыңжылдықтарды қайтарып, халықтардың өмірбаянын болашаққа жақындатып, оларға тарихи жады мен ХХІ ғасырдағы іс-әрекетке құқық берді.

Ұлттық зиялы қауымның алдағы ондаған жылдардағы тарихи субъективтілікке ие болуын айқындаған «Аз и Я» ХХ ғасырдың зияткерлік тарихына еніп, оқырмандардың бірнеше буынына тек мазмұнымен ғана емес, сонымен бірге өзіндік стилін, болашаққа қажетті тарих туралы шынайы білім еркіндігін берді.

Олжас Сүлейменов «Игорь жасағы туралы жырдың» «күрделі шешілмеген жақтарын» поэтикалық тұрғыдан ашудан бастап, жаңа ғылыми пәнді – түркі славистикасын жасап, шумер сөздері мен иероглифтерінің түркі этимологиясын ашты, олардың шығу тегін зерттеуге мүмкіндік беретін жаңа әдістеме (белгі мен сөз археологиясын) және келесі жарты ғасырда – мыңдаған

этимологияларда бастапқы поэтикалық түсініктерді жалғастыруға және «Хомо Sapiens» мәдени генезисі теориясының кең дәлелдемелік базасын әзірледі.

Ал осыдан жарты ғасыр бұрын «Аз и Я» кітабында жарияланған «1001 сөз» тарихи-лингвистикалық жобасы автордың ғылыми және әдеби еңбектерінде ғана емес, ЮНЕСКО-ның мәдениеттерді жақындастыру жаһандық жобасының негізі болды.

Сүлейменов феномені әлемдік мәдениет қазынасынан өзіне лайық құрметті орын алды.

«ҚҰДІРЕТТІ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ ТАРИХЫ»: МЫҢЖЫЛДЫҚТАРДЫҢ ҮШ ТОМДЫҚ КУӘЛІГІ



Кітапты құрастырушылар:


КАПЕКОВА ГУЛЬНАРА

Экономика ғылымдарының кандидаты, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық ақпараттандыру академиясының (ХАИ) академигі, «Қазақстан ғалымдары одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы және Жетісу облыстары бойынша филиалының төрағасы.

АКИШЕВ МУХАМБЕДИЯ

Журналист, аудармашы, «Қазақстан ғалымдар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облысы бойынша ғылыми хатшысы.

«Құдіретті дала өркениетінің тарихы» атты үш томдық басылымның жарық көруі «Мәдени мұра» және «Жаңа Қазақстан» мемлекеттік бағдарламалары аясындағы айтулы оқиға. Бұл еңбек Жетісудың тарихы, мәдени мұрасы, табиғат әлемі, салт-дәстүрлері, сондай-ақ мыңдаған жылдар бойы болған әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің тұтас және көп қырлы бейнесін жасауға бағытталған алғашқы кешенді әрекет.



Іле ауданы

Құрастырушылар археологиялық қазбалар мен далалық экспедициялардан бастап ғылыми баяндамаларға, шежірелерге, фольклор мен сирек қолжазбаларға дейінгі орасан зор материалдарды жинақтауға, жүйелеуге және синтездеуге тырысты. Жетісудың табиғи-тарихи байлығына: асқаралы тау шыңдары мен кең байтақ алқаптарға, ағып жатқан өзендері мен мөлдір көлдеріне, Шарын шатқалына, Айғай құм мен Бұрхан-Бұлаққа, өңірдің ерекше флорасы мен фаунасына назар аударады. Бұл жер ЮНЕСКО тізіміне енген ескерткіштердің отаны – ежелгі өркениеттердің үнсіз куәгерлері.

І том «Таста қалған тарих» – Жетісудың археологиялық жылнамасы

Құрастырушылар Жетісудың археологиялық шежіресі туралы кең көлемді материалдарды жинап, жүйелеп және қорытындылауды мақсат еткен. І томда қола дәуірі, ерте темір дәуірі және орта ғасыр ескерткіштері, мемлекет қорғауындағы қала мен сәулеткешендері туралы ғылыми материалдардың кең ауқымы қамтылған.

Басылымға археологиялық зерттеулердің, экспедициялардың нәтижелері, мұражай коллекцияларының, тарихшылардың, этнографтардың, өлкетанушы ғалымдардың еңбектері енгізілген.

Аймақтың көрнекті ескерткіштері: Бесшатыр қорғандары, Алексеев қорымдары, «Алтын адам» жерленген көне Есік қорымдары, Ақтастың Үйсін қалашығы, Таңбалы, Ешкіөлмес, Құлжабасы петроглифтік кешендері, сондай-ақ Қойлық, Талхир және т.б. қалалар жан-жақты сипатталған. Әлемдік мәдени және табиғи қазынаның бір бөлігі болып табылатын Жетісудың табиғи ғажайыптарына да баса назар аударылған.

Кітапта ескерткіштерді сақтау

мәселелері қарастырылып, биоәртүрлілік пен археологиялық мұраға төнетін негізгі қауіптер адам әрекетіне және ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың жеткіліксіздігіне байланысты екені атап өтілген. Көптеген нысандар зерттелмеген немесе қайтарымсыз жоғалып кеткен. Авторлар өлке тарихы мен археологиясын зерттеуге өлшеусіз үлес қосқан көрнекті қазақ ғалымдарына: академик Карл Байпақовқа, академик Кеңес Нұрпейісовке, зерттеушілер З.С. Самашев, А.Н. Марьяшев, Ж.Қ. Таймағамбетов, И.В. Ерофеева, Н.А. Атығаев, Д.А. Воякинге және басқаларға шексіз алғыс айтады.

II том. «Жетісу дала тарихы» – мемлекеттер, халықтар, заңдар және тағдырлар туралы. Екінші кітапта түркі дәуіріндегі тарихи үдерістер, көне мемлекеттердің құрылуы, Жібек жолының білім, дін мен технологиялар алмасу кеңістігі ретіндегі рөлі ашылады. Құрастырушылар Жетісу туралы суреттемелер қалдырған саудагерлердің, елшілердің, ғалымдардың, саяхатшылардың деректерін келтіреді

Екінші кітап 19 ғасыр мен 20 ғасырдың аралығын қамтиды, осы кезеңде бұл аймақ күрделі және қайшылықты әлеуметтік-саяси процестерді басынан өткерді. Онда отарлау, Столыпіндік реформалар, қоныс аудару саясаты, казактардың іс-әрекеті, дәстүрлі өмір салтының жойылуы, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы, Алаш Орданың қызметі, өлкедегі оқу-ағарту ісінің дамуы қарастырылады. Құрастырушылар әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді талдап, қоғамдық сілкіністердің себептерін ашып, экономикалық және өндірістік қатынастарға негізделген жаңа өмір салтының қалыптасуын суреттейді. Құжаттық дереккөздер, мұрағат материалдары, куәгерлердің



Талдықорған

сөздері ерекше маңызға ие. Зерттеушілер Мәскеу, Ленинград, Киев, Алматы, Бішкек, Ташкент, Томск, Жаркент қалаларындағы кітапханалардың бай қорларын пайдаланып, араб және көне қазақ қолжазбаларымен жұмыс жасады. Қазбалар мен этнографиялық экспедициялар, соның ішінде хан Кенесарының жерленген орнын табу экспедициясы кезінде алынған мәліметтердің ғылыми маңызы зор.

III том. «Өркениет тарихы» – Мәдени кодекс және мұра. Үшінші том Жетісудың табиғат ғажайыптары мен өңірдің мәдени символикасына арналған. Онда Алатаудың аппақ қарлы шыңдары, шипалы көлдері, өзендері, ыстық бұлақтары, Реликті шағалары, Шарын каньоны, реликті тоғайлары суреттеледі. Оқырман жер бетіндегі алмалардың атасы – Сиверс алма ағашының тарихын,



Жамбыл ауданы

Еуропаға даңқ әкелген қызғалдақ туралы аңыздарды, барыс пен реликті шағала туралы әңгімелермен танысады. Көркем мұралар: петроглифтер, балбалдар, таңбалар, көне жазулар, түркілердің руна әліпбиі ерекше қызығушылық тудырады. Киіз үй – ғаламның символы, ал ою – өрнек тамыры ежелгі дәуірден бастау алатын тіл ретінде қарастырылған. Аңыз-ертегілер, халық дәстүрлері, қазақтың емшілік ерекшеліктері, емдеу тәсілдері, қымыздың емдік қасиеті, Жетісу ақындарының қосқан үлестері жан-жақты қамтылған.

Қорытынды

«Құдіретті дала өркениетінің тарихы» деп аталатын үш томдық басылым Жетісудың сан ғасырлық тарихын бейнелейтін бірегей интеллектуалдық туынды. Ол ғылыми зерттеулерді, фольклорды, археологияны, этнографияны, мәдениеттануды, географияны және тарихты біртұтас білім жиынтығы

ретінде біріктіреді. Бұл басылым халықтың мәдени жадын қалпына келтіріп қана қоймайды, сонымен қатар ғалымдарға, зерттеушілерге және Қазақстанның өткені мен бүгінге қызығушылық танытушыларға жаңа көзқарастар ашады. Оның құндылығы шынайылығында, жан-жақтылығында және тереңдігінде. Тарих – қайтымсыз, оны түсіну арқылы біз бүгінді түсінеміз, болашақты қалыптастырамыз және Құдіретті дала өркениетінің тамырымен байланысымызды сақтаймыз.

МЕЖДУНАРОДНОЕ МУЗЕЙНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО И ТРАНСФЕР ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ПРАКТИК: ОПЫТ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО МУЗЕЯ КАЗАХСТАНА С ИНСТИТУЦИЯМИ ГЕРМАНИИ И ФРАНЦИИ

АКМАРАЛ ИБРАЕВА

Доктор исторических наук, профессор,
заместитель директора по научной работе
Национального музея Республики Казахстан

КУМАР ЖУНУСОВ

Магистр социально-культурной деятельности,
руководитель Отдела международных отношений
Национального музея Республики Казахстан

В XXI веке музей перестаёт быть исключительно пространством хранения и демонстрации коллекций. Он всё чаще выступает как многофункциональная институция, объединяющая научные исследования, образование, публичную историю и культурную дипломатию. В этом контексте международное сотрудничество приобретает системный характер, превращаясь в устойчивый инструмент трансфера знаний, технологий и управленческих моделей.

Рабочая командировка делегации Национального музея Республики Казахстан в Германию и Францию 1-10 июня 2025 года стала частью этой стратегии и была направлена на развитие партнёрских связей с ведущими европейскими институциями, а также на изучение актуальных музейных практик, применимых в казахстанском контексте. Командировка была реализована в рамках научного проекта «Жизнь в движении: культурный



*Встреча
с директором
SMAC
Сабине Вольфрам*



*Археологический музей
Хемница*

код казахской степной цивилизации» и была направлена не только на обсуждение конкретных выставочных инициатив, но и на изучение актуальных музейных моделей, применяемых ведущими европейскими институциями.

Германия: институциональная логика и междисциплинарный подход

Одним из ключевых пунктов германской программы стал визит в Государственный археологический музей Хемница (SMAC). Переговоры с руководством музея вновь подчеркнули характерную для европейских институций модель долгосрочного выставочного планирования: формирование программ за 4–5 лет до их реализации. Такая практика обусловлена высокой стоимостью выставок, сложной логистикой, необходимостью научной экспертизы и привлечения внешнего финансирования.

Особое значение для казахстанской стороны имело знакомство с временной выставкой «Silberglanz & Kumpeltod», в которой история горного дела и металлургии представлена как комплексный феномен, включающий технологические, социальные и культурные аспекты. Экспозиция демонстрирует отказ от линейного «технологического прогресса» в

пользу многослойного нарратива, где археологические находки соседствуют с личными историями, архивными материалами и мультимедийными элементами.

Важным является и активное использование цифровых инструментов (платформа SMAC+), которые расширяют границы музея, превращая его в гибридное физико-цифровое пространство. Такой подход актуален для Казахстана, где цифровизация музейного контента может стать одним из способов преодоления территориального масштаба и расширения аудитории.

Франция: музей как пространство научного диалога

Французская часть визита была сосредоточена преимущественно на научно-исследовательском и концептуальном взаимодействии. В Музей Ке Бранли – Жак Ширак обсуждалась выставочная концепция, посвящённая образу лошади в казахской культуре. Принципиально важным стало предложение французской стороны рассматривать подобные проекты в региональном и сравнительном формате, с участием стран Центральной Азии, что соответствует современному тренду транснациональной музейной репрезентации.

Сотрудничество с Национальной библиотекой Франции актуализировало роль библиотек и архивов как ключевых партнёров музеев. Запрос на копии картографических и генеалогических источников подчёркивает возрастающее значение документального наследия в формировании научно обоснованных выставочных нарративов.

Встречи в Музее Лувра и Национальном музее азиатских искусств – Гиме показали, что крупнейшие



*Встреча
с представителем
музея
Ке Бранли-Жак Ширак*



*Национальная
библиотека
Франции*



*Встреча с
представителями
Лувра*

музейные институции рассматривают сотрудничество прежде всего через призму чётко сформулированных приоритетов – будь то обучение специалистов, научные конференции или тематические выставки. Такой подход позволяет избежать формального партнёрства и выстраивать устойчивые профессиональные связи.

Опыт командировки позволяет выделить несколько принципиальных аспектов, актуальных для развития музейной сферы Казахстана:

- Долгосрочное стратегическое планирование является обязательным условием участия в международных выставочных проектах высокого уровня.
- Междисциплинарность и цифровизация становятся ключевыми инструментами интерпретации культурного наследия.
- Научные конференции, архивные исследования и реставрационные программы усиливают устойчивость межмузейного сотрудничества, выходя за рамки разовых выставок.
- Интеграция казахстанских спе-

циалистов в международные образовательные форматы способствует профессиональному росту и трансферу современных музейных практик.

Для Национального музея Республики Казахстан данный опыт представляет ценность в нескольких измерениях. Во-первых, он подтверждает необходимость перехода от эпизодических международных инициатив к программному сотрудничеству. Во-вторых, он подчёркивает значимость междисциплинарных исследований как основы выставочной деятельности. В-третьих, он демонстрирует, что культурная дипломатия в музейной сфере наиболее эффективна тогда, когда опирается на научную аргументацию и профессиональный обмен.

Рабочая командировка в Германию и Францию стала важным этапом в развитии международного музейного сотрудничества Национального музея Республики Казахстан. Достигнутые договорённости и изученный опыт создают предпосылки для реализации долгосрочных выставочных и научных проектов, включая международную выставку в Хемнице в 2027 году и профессиональный обмен с французскими музеями.

В более широком контексте данный опыт подтверждает, что современный музей выступает не только хранителем наследия, но и активным участником глобального культурного диалога. Для Казахстана это означает возможность интеграции национального культурного наследия в международное гуманитарное пространство на основе научной достоверности, институциональной устойчивости и современных музейных практик.

ЖҮЗ ЖЫЛ БҰРЫН ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫ ҚАНДАЙ ҚУЫРШАҚПЕН ОЙНАҒАН?



XIX ғасырдың соңы-XX ғасырдың басында өмір сүрген 3-10 жастағы қазақ қыздарының сүйікті ермегі қуыршақпен ойнау болыпты. Оны балалар қамысқа, шыбыққа мата орап, сыртынан көйлек тігіп, өздері жасап алады екен. Ал бет-жүзін көп жағдайда сурет етіп салмаған. Ескі суреттерді ақтарып, XX ғасыр басындағы қазақ балаларының қуыршағын көрсетеді.

*Қуыршақ қалыңдық. Фото: Щенников
Клавдий Васильевич / Collection.
kunstkamera.ru*

Қуыршақтың денесі сабан, қамыс немесе шыбықтан жасалған. Қуыршақ екенін үстіндегі «киіміне» қарап қана білуге болады. Әдетте өсіп қалған қыздар қолына ине-жіп алып, шеше, әжесінен көріп, қуыршағына киімді өзі тігетін болған. Жасы кіші балаларға қуыршақ костюмын әпкесі, анасы немесе әжесі тігіп берген. Ойыншықтың костюмы кәдімгі күнделікті ұлттық киімнің дәл көшірмесі болып шығатын.



Күйеу жігіт.

*Фото: Щенников Клавдий Васильевич/
Collection.kunstkamera.ru*

Ойыншық киіміне қарай қуыршақ қыз, қуыршақ қалыңдық, қуыршақ жігіт болып кете береді. Мынау – қуыршақ қалыңдық. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына жатады. Матасы мақта мен жібектен, денесі шиден тоқылған, жібі де матадан иіліп жасалған. Бойы

– 15 сантиметр, басының диаметрі – 1 сантиметр, қуыршақтың ені – 2 сантиметр. Қуыршақ сол кездегі Ақмола облысына тиесілі.

Бұл – XX ғасырдың басына жататын күйеу жігітті бейнелейтін қуыршақ. Денесі ағаштан жасалған. Бойы – 22 сантиметр, қолының ұзындығы – 5 сантиметр, шалбарының ұзындығы – 7,5 сантиметр, бетінің көлемі – 3,5 сантиметр. Қуыршақ сол кездегі Ақмола облысы, Петропавл уездіне тиесілі.



Қуыршақ әйел.

*Фото: Щенников Клавдий Васильевич/
Collection.kunstkamera.ru*

Кейде күнделікті киімге ұқсатылып, қуыршақтың костюмы қарапайым болып келген. Мысалы, мынау қуыршақ әйелді атауға болады. Денесі шиден жасалып, матасы мақтадан тігілген. Бойы – 17,5

сантиметр, басының диаметрі – 1,5 сантиметр, ені – 1,5 сантиметр. Қуыршақ XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына жатады, сол кездегі Ақмола облысының Атбасар уездіне тиесілі.



Қуыршақ қыз.

*Фото: Щенников Клавдий Васильевич/
Collection.kunstkamera.ru*

Қуыршақ қыздардың шаш үлгісі де болыпты. Жылқының жалынан бұрым етіп өріп қояды екен. Шаштың ұшына ілінген «шолпы» мыстан жасалған. Қуыршақтың бойы – 14 сантиметр, ені – 9 сантиметр, «шолпының», яғни тиынның диаметрі – 2 сантиметр.

Бұл қуыршақтың денесі ағаштан жасалған. Бойы – 14 сантиметр, иығының жалпақтығы – 3,8 сантиметр, бетінің диаметрі – 2,3 сантиметр.



Қуыршақ ер адам.

*Фото: Щенников Клавдий Васильевич/
Collection.kunstkamera.ru*

Қыздар үшін қуыршаққа киім тігу іс тігудің басы болған. Қолға ине алып, жіп сабақтауды кішкентай киімнен бастаған олар кейін анасынан, әжесінен көргенін істеп, тігіннің кез келген түрін іліп әкеткен.



Қуыршақ қалыңдық.

*Фото: Щенников Клавдий Васильевич/
Collection.kunstkamera.ru*

Қуыршақ қалыңдықтың бойы – 17 сантиметр, бас киімін қоса есептегенде 25 сантиметрге жетеді, иығының жалпақтығы – 5,5 сантиметр, бетінің диаметрі – 1,8 сантиметр. Қуыршақтардың киімін әшекейлеу өте күрделі болған: мына қуыршақтың мерекелік бас киімі түрлі-түсті әйнектермен, маржанның кішкене бөліктерімен, түймелермен, темір тақтайшалармен, жүн жолақтарымен, үкі қауырсындарымен әшекейленген. Көйлегі кестеленген.



Қуыршақ камзолы.
Фото: Collection.kunstkamera.ru
Щенников Клавдий Васильевич



Қуыршақ күйеу.
Фото: Щенников Клавдий Васильевич/
Collection.kunstkamera.ru

Қуыршақ күйеудің бойы – 24 сантиметр, иығының жалпақтығы – 3,5 сантиметр. Оны жасауға ағаш, мата, қауырсын мен жіп пайдаланылған.



Қуыршақ камзолы.
Фото: Collection.kunstkamera.ru
Щенников Клавдий Васильевич

Қуыршақ камзолы әйелдердің дәстүрлі сырт киімі саналатын камзолдың толық көшірмесі деуге болады. Камзолды

тігуге барқыт, шыт маталар, формалы киім үшін қолданылатын жіңішке алтын я күміс оқа және жіп пайдаланылған. Киімнің ұзындығы – 11 сантиметр, иығының жалпақтығы – 5 сантиметр, қолының ұзындығы – 5 сантиметр.



Қуыршақтың кереуеті.
Фото: Щенников Клавдий Васильевич
/Collection.kunstkamera.ru

Қуыршақтармен ойнағанда оның «керек-жарағы» да қатар жасалған. Солардың бірі – ағаштан жасалған мынадай кереует. Биіктігі – 6 сантиметр, ұзындығы – 18,5 сантиметр, ені – 8 сантиметр.



Ойыншық кілем.
Фото: Щенников Клавдий Васильевич
/Collection.kunstkamera.ru

Қуыршақтың төсек-орын жабдығы, жиһазы, кішкентай киіз кілемі, қарапайым киізі, оюлы пердесі болған. Суреттегі кілем барқыт, шұға маталарынан тоқыма баумен және жіппен тігілген. Ұзындығы – 25 сантиметр, ені – 12 сантиметр.



Ойыншық жамылғы.
Фото: Щенников Клавдий Васильевич
/Collection.kunstkamera.ru

Қуыршақтың бар «керек-жабдығы» матадан және киізден жасалған. Оны да қыздың өзі тіккен, кейде үлкендер көмектескен. Оның ұзындығы – 21 сантиметр, ені – 17 сантиметр.



Фото: Дудин Самуил Мартынович
/Collection.kunstkamera.ru

Бұл – этнографиялық және археологиялық коллекция жинаушы Самуил Дудин түсірген фото. Дудин бұл ойыншықтарды 1899 жылы сол кездегі Семей облысы, Саумалкөл маңында түсірген екен. Фотодан кішкентай қуыршақ қыздан бастап қуыршақ әжеге дейін түрлі затты көруге болады. Суреттердің бәрінде қуыршақтың бет-жүзі жоқ. Түрін адамға ұқсатып ойыншық жасауға «жан әлемді аралап жүреді және адамға ұқсас суретке еніп алуы мүмкін» деген түсінік бөгет болса керек.

Таңшолпан Бегалықызы
Baribar.kz

АБАЙДЫҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАГЕРІ: БОРАГАНСКИЙДІҢ ҰМЫТЫЛМАС ЕҢБЕГІ




*Илияс Мырза
Бораганский*

«Абайдың асыл мұрасын алғаш кітап етіп шығарған Бораганскийдің есімін қазақ халқы ұмытпайды», - дейді Қайым Мұхамедханов. Бұл бір ғана сөйлемнің өзінде қазақ руханиятына қатысты терең тарихи шындық жатыр. Абай шығармалары XX ғасырдың басына дейін ел ішінде ауызша тарағанымен, тұтас жинақ күйінде жарық көрмеген еді. Қазақ әдебиетінің тағдырын өзгерткен алғашқы қадамды жасаған адамның аты – Ілияс Мырза Бораганский. Ол Петербургте мұсылман баспаханасын ашып, қолжазбаларды жинап, ұлы ақынның сөзін алғаш рет баспа бетіне түсірген жанкешті баспагер болды. 1909 жылы жарық көрген Абайдың тұңғыш жыр жинағы – Бораганскийдің табандылығы мен мәдениетке деген адалдығының айқын дәлелі.

Ілияс Бораганскийдің өзі де тағдыры күрделі, рухани мұрасы бай тұлға болатын. Крымскотатар текті каллиграф әрі тюрколог ретінде ол 1898-1908 жылдары Петербург университетінде түркі тілдерінен дәріс оқыды. Сол уақытта ол қаладағы алғашқы мұсылман баспаханасын ашып, түркі дүниесінің әдеби және ғылыми еңбектерін жүйелі түрде жариялауға кірісті. Бұл баспахана Абай шығармаларының да алғаш өмірге келген орны болды. Кейін революциялық өзгерістер оның тағдырын басқа арнаға бұрды: Бораганский Башқортстанға қоныс аударып, 1924 жылға дейін баспа ісін жалғастырған. Бірақ оның Абайға жасаған қызметі ұлт тарихындағы орны ерекше әрекет ретінде сақталып қалды.

Бораганскийдің есімі біраз уақыт тасада қалғанымен, оны қайта жаңғыртуға ғалым Қайым Мұхамедханов өлшеусіз үлес қосты. Ол Мәскеу, Ленинград, Қазан және Самарқан мұрағаттарына хат жолдап, баспагердің өмірбаяны мен еңбектерін іздеп, деректерді жылдар бойы жинады. Қайым Мұхамедханов үшін Ілияс Бораганский – тек баспагер



Қайым
Мұхамедханов

емес, Абайдың мәңгілік мұрасын бүгінгі ұрпаққа аман жеткізген рухани сақтаушы еді. Сондықтан оның «қазақ халқы Бораганский есімін ұмытпайды» деуі – тарихи әділдіктің қалпына келуі, шынайы ризашылықтың белгісі.

Абай мен Бораганскийді бір-бірімен байланыстырған – екеуінің де ұлт руханияты алдындағы миссиясы. Бірі қазақтың ұлы сөзін дүниеге әкелсе, екіншісі сол сөзді уақыттың тозаңына жұттырмай, қағазға қаттап, болашаққа жолдады. Егер Бораганскийдің еңбегі болмағанда, Абай шығармаларының тағдыры мүлде басқаша болуы мүмкін еді. Бүгінде ақынның туындылары әлемнің әр бұрышында зерттеліп, аударылып, оқылып жатса, бұл – оның сөзін сақтап қалған адамдардың еңбегінің жемісі.

Осылайша, Ілияс Бораганский – қазақ әдебиеті тарихындағы айрықша маңызды тұлғалардың бірі. Оның еңбегі әр оқылған өлең жолында, әр ашылған Абай кітабында өмір сүріп келеді. Ұмытылмас есім – бұл тек мақтау емес, ұлт руханияты алдындағы шынайы құрмет. Абайды бізге жақындатқан адамдардың бірі болған Бораганскийдің орны мәңгілік.

Ақпарат ғаламтордан
жинақталды

БАЛА ШАҚТАН – БОЛАШАҚҚА



Белгілі жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және ТЮРКСОЙ халықаралық марапатының лауреаты **Сәуле Досжанның** «Бала шақтан – болашаққа» атты жаңа кітабы жарық көрді.

Шығарма балалық пен болашақ арасындағы сабақтастықты ашып, адам өміріндегі ең маңызды қалыптасу кезеңдерін көркем тілмен баяндайды. Автор оқырманды армандауға, сол арманға жету жолында табандылық танытуға және отбасылық құндылықтарды бағалауға үндейді. Кітапта адамның жан дүниесі, өсуі мен қалыптасуы, ананың тәрбиесі, әкенің аманаты терең әрі әсерлі суреттеледі. Бұл шығарма – естелік сипатындағы дүние ғана емес, әр қазақ баласына арналған рухани бағдар, өмірлік бағыт беретін тағылымды еңбек.

Оқырмандарымызға кітаптан шағын үзінді ұсынбақшымыз.

БАЛА ШАҚТАН – БОЛАШАҚҚА

ӨЛГЕНІ ТІРІЛІП, ӨШКЕНІ ЖАНДЫ

Олар – Қасым мен Кемел деген ағайынды қос жігіт.

Екеуі де тағдырдың тауқыметін тартып, бала күнінде ата-анасынан ерте айырылды. Қаршадайынан жетім қалған қос бауыр барар жер, басар тауы болмай, балалар үйінің қамқорлығында тәрбиеленді. Сол жерде сауат ашып, өмірдің қатал заңын ерте ұғынды. Жастайынан ауыр сынаққа тап келген қос бауыр он сегізге толғанда қару асынып, сұрапыл соғысқа аттанып кете барды.

Үлкені – Қасым. Өмірдің қызығын көріп үлгерместен, отбасын құрып, ұрпақ та сүйе алмай, соғыс даласында мерт болды. Ол – Отан үшін от кешкен мыңдаған боздақтың бірі ғана болатын. Қанды қасаптың ортасында жанын қиып, бейбіт күннің шуағын да көре алмады қыршын жас...

Кенжесі – Кемел. Алыстағы сағымдай бұлдырап, бір көру арманға айналған ата-ана мен ағасына деген сағынышты жүрегінде сақтап, майдан шебіне он тоғызында аттанды. Жаны жаралы жас жігіт ажал мен өмір бетпе-бет келген қанды ұрыста тістеніп, туған жердің топырағын жауға таптатпасқа бекінді. Құжатына: «Аты-жөні – Кемел Тоқаев. 1923 жылдың 2 қазанында туған. Комсомол мүшесі. 1942 жылы Қызыл Армия қатарына алынды. Әскерге Алматы қаласының Ленин аудандық әскери комиссариаты арқылы шақырылған», – деген белгі соғылды.

Орта Азия мен Қазақстаннан мыңдаған жас сарбаз лег-легімен Фрунзедегі жаяу әскерлер училищесіне жөнелтіліп жататын. Олар мұнда әскери машықтан өтіп, артынша соғыс даласына аттанатын.



Солардың қатарында Кемел Тоқаев та бар еді.

Сонау ашаршылық жылдары әкесі мен анасы амалсыз қоныс аударып, алайда жандарына пана таппаған осы бір қалаға бозбаланың жолы қайта түсті. Алайда бұл жолы туғандарын жалмаған қасіретті мекенге әскери тәжірибе жинау үшін келген еді.

Үш ай бойы әскери білімін шыңдаған Кемел сержант шенін иеленіп, майданға аттанды. Соғысқа жаңадан қосылған сарбаздар мінген эшелон Батысқа қарай бет алғанда, өрімдей жас жауынгерлердің арасында Тоқайдың кенжесі де кетіп бара жатты...

1942 жылдың 18 қазанында ол алғаш рет майдан шебіне түсті. 7-ші жеке гвардиялық Қызыл Тулы Ломжин қарқынды танк полкінің құрамында болып, Сталинград шайқасына қатысты. Ол әрдайым ұрыстардың бел ортасында жүретін. Жау оғы төпелеп, бомбалар жарылып жатқан шақта танкілермен жаяу әскер арасында байланыс орнатты. Су шебінен шұғыл өту қажеттігі туындағанда, әскери басшылықтың бұйрығын мүлтіксіз

орындап, танкілерді кедергілерден де аман алып шықты. Осындай қайтпас қайсар жүректілігі үшін гвардия сержанты Кемел Тоқаев «Ерлігі үшін» медалімен екі мәрте және «Сталинградты қорғағаны үшін» медалімен марапатталды. Бұл дерек те мұрағат құжаттарында сақталған. Содан кейін де ол майдан даласында ерліктің үлгісін көрсетіп, отты ұрыстарда жауға қарсы аянбай шайқасты. Батылдығы мен жанқиярлығы үшін «Отан соғысы» орденімен наградталды.

Танк полкінде жүріп Сталинградты қорғауға қатысып, Белоруссия, Украина жерлерінде шайқасып, әбден шыңдалды. Бозбаланың бұғанасы бекіп, қайратты ерге айналды. Алайда Польшаны азат етіп, Берлинге бет алғанда, батырға кенет оқ тиді. Оң аяғының сүйегі опырылып, етігі қанға толып, есінен танып қалған еді. Санитарлар тауып алып, зембилмен жаралыларды уақытша қабылдау бекетіне айналған хостелге әкеледі. Өлім мен өмірдің ортасында жатып, сандырақтап түс көргенде, жан бауыры Қасымның бейнесі келіп: «Ажалға ерегесе өмір сүр. Біздер үшін де өмір сүр!», – деген бұйрықты үні құлағына келіп, аян бергендей болады. Сол қымбат жандардан қалған жалғыз естелік – ағасының Совет армиясы лейтенантының формасында түскен, сыртына өз қолымен қарындашпен «Інім Кемелге естелікке» деп жазған суретін жүрек тұсына – төсқалтасына сақтап, «Сендер үшін өмір сүріп, өсіп-өнем!», – деп ант бергендей қос жұдырығын тас түйіп алыпты. Ағасы сыйлаған естелік сағат Кемелдің әлі өмір-сағаты тоқтамағандығын сездіріп, жүрегімен бірге соғып жатты...

Есін жиған кезде гвардия сержанты Кемел Тоқаев жараланып, жау қолына тұтқынға түсіп қалмағанына қатты қуанып, тәубе етеді. Әскери дәрігерлер «оқ тиіп, сирақ сүйегінің сынуына байланысты оң аяқ қозғалысы тежелген» деген диагноз қойып, аяғын кесуді ұйғарады. Қайсар

жігіт қасарысып, жарақаты жанына батса да шыдап, аяғын кестірмеуге бел буады. Беті бері қарағанда, Гомель қаласындағы госпитальдың әскери-медициналық комиссиясы сержант Тоқаевты әскер қатарына жарамсыз деп тауып, Омбыдағы әскери госпитальға жөнелтеді. Дәрігерлер оған тағы да аяқтың жаралы жерін кесу қажеттігін айтады. Кемел барынша қарсылық көрсетіп, жан шыдатпай ауырғанына да төзіп, ем алуын жалғастыра береді. Сол қайсарлығының арқасында сүйекті ұзарту әдісін сынап жүрген қорғандық жас хирург Г. Илизаровпен танысады. Ол Кемелге шендеуіш аппаратты қолдана отырып, аяғын сақтап қалуға болатынын түсіндіреді, жас жігіт аяқсыз қалғаннан гөрі, сынағын көрейін деп экспериментіне келіседі. 30 жылдан кейін бұл әдіс әлемдік медицинада «Илизаров аппараты» деген атпен әйгілі болды. Авторы Г. Илизаров Лениндік сыйлық иегері атанады.

Үш айдан астам уақыт төсекке таңылған жігіттің үміті ақталып, қос балдақпен жүре бастайды. Ең бастысы батырлығының арқасында қос аяғы да аман қалады. Кейін оны Алматыдағы А. Сызғанов жетекшілік ететін әскери госпитальға жібереді. Жарты жылдан кейін соғыстан екінші топтағы мүгедек болып елге оралады. Небәрі жиырма жасында өмірдің тауқыметін бір кісідей тартқан балаң жігіт осылай ерте есейген еді.

«Оның әкесі де, шешесі де сол балалар үйі, сол мемлекет еді. Ол кісі бар жақсылықты мемлекеттен көрді, Отанының ұлы болып ер жетті. Әкей үшін ОТАН деген ұғым бәрінен жоғары тұратын. Билікке қатысы бар кейбір адамдарға ренжісе де, туған жер мен елінің қасиетіне ешқашан күмән келтірген емес. Қазақстанның нағыз патриоты еді!», – деп жарты ғасырдан кейін ұлы Қасым-Жомарт «Әке туралы ой-толғауында» жазады.

УЧЕННЫЕ ВЫЯСНИЛИ, ЧТО 6000 ЛЕТ НАЗАД ЛЮДИ «ОБЛАДАЛИ СЛОЖНОЙ КОСМОЛОГИЕЙ»



Согласно свежему научному изысканию, на протяжении четырех тысячелетий коренные жители Северной Америки создавали наскальные изображения в областях, соответствующих современному юго-западному Техасу и северной Мексике, отражая в них



собственные представления об устройстве мироздания.

Перспективные методы датировки показали, что искусство росписи по камню, известное как традиция стиля реки Пекос, скорее всего, зародилось порядка шести тысяч лет назад и продолжало существовать примерно до 1400–1000 лет назад, то есть около 175 поколений.

Как утверждают исследователи, в течение этого периода стиль, обнаруженный в регионе, известном как Нижний каньон Пекос, проявлял удивительную последовательность в используемых образах и техниках, которые, кажется, подчинялись строгому набору правил. Авторы полагают, что данные художественные произведения транслируют «космовидение» их создателей – целостную систему взглядов на мир и представления о Вселенной, присущую конкретной культуре.

«Честно говоря, мы были ошеломлены, обнаружив, что фрески создавались на протяжении более 4000 лет и что определенная последовательность росписей сохранялась на протяжении всего этого периода», – рассказала соавтор исследования Кэролин Бойд, профессор антропологии в Техасском государственном университете.

Она уподобила каньоны «древней библиотеке, вмещающей сотни книг, написанных 175 поколениями художников», подчеркнув, что «рассказываемые ими истории продолжают передаваться и в наши дни».

Древние фрески, обнаруженные на известняковых скалах, расположенных по всему каньонленду, представляют собой сложные многоцветные рисунки, передающие сущность животных и людей, а также включают в себя более загадочные символы. Как отметила Бойд, их создатели формировали визуальные рассказы, связывающие мифы и предписывающие ритуалы.

Газета «Поиск»



CULTURE
SCIENCE
SOCIETY

«ЗАЧЕМ РАСТИТЬ 'ЕДИНОРОГОВ'» – ПУТЬ ОТ НАУЧНОЙ ИДЕИ К УСПЕШНОМУ СТАРТАПУ



АРЫН ОРСАРИЕВ

ЗАЧЕМ РАСТИТЬ «ЕДИНОРОГОВ»

Коммерциализация науки в Казахстане:

- кейсы
- этапы
- инсайты на будущее



Хотите узнать, как научные идеи превращаются в успешные технологические стартапы? Новая книга Арына Орсариева «Зачем растить 'Единорогов'» системно раскрывает этот путь. Это не просто теория об инновациях, а 276 реальных кейсов, каждая история которых читается за 2–3 минуты. Структура книги позволяет открывать её с любой страницы и сразу получать практическую пользу, понимая логику перехода от исследования к рынку.

В центре внимания – сохранение исследовательской идентичности при коммерциализации. Для исследователей и преподавателей книга служит пошаговым ориентиром: от первых попыток превратить идею в продукт до построения бизнес-модели и масштабирования. Она также может использоваться как учебное пособие с материалами для лекций, курсов и сценариями технологического будущего.

Отдельный пласт книги посвящён научным стартапам, которые уже вышли на рынок и достигли доходов от одного миллиона тенге. Здесь собраны кейсы роста, шаблоны трекинга, практические наблюдения и аргументы в пользу инвестиций в исследования и разработки. Такой подход делает книгу полезной не только для стартаперов, но и для бизнес-ангелов, инвесторов, сотрудников инкубаторов и акселераторов, работающих с технологическими проектами.

Издание представляет интерес и для представителей государственных органов и институтов развития. Приведённые кейсы и аналитические выводы могут служить основой для формирования инновационной повестки, программ поддержки и концепций развития науки и технологий. При этом книга написана живым, доступным языком, опирается на локальные примеры и реальные истории,

что отличает её от абстрактных или сугубо академических работ.

Автор книги – Арын Орсариев, PhD университета Сорбонна, выпускник программы «Болашак», эксперт с более чем двадцатилетним опытом в образовании, науке и государственном управлении.

Он изучает коммерциализацию технологий более десяти лет, проходил курсы в Гарварде, Кремниевой долине, Южной Корее, Израиле и других странах, участвовал в инкубировании более 200 технологических проектов, из которых более 50 достигли продаж, а некоторые превысили один миллиард тенге. Его профессиональный опыт формирует практический и стратегический взгляд на развитие технологического предпринимательства и внедрение научных разработок в экономику.

«Зачем растить 'Единорогов'» – это книга о реальных людях, решениях и воспроизводимом пути от идеи к бизнесу. Она не обещает быстрых успехов, но показывает, что системный подход к коммерциализации науки возможен и уже реализуется. Ключевая ценность издания – соединение научного знания, предпринимательского мышления и практики.

Учитель казахского языка и литературы средней школы имени Кемеля Токаева Рахметова Нурзия Тургамбековна на протяжении многих лет вносит весомый вклад в изучение, сохранение и популяризацию творческого наследия выдающегося казахского писателя, основоположника детективного жанра Кемеля Токаева.

Под руководством Благотворительного фонда имени Кемеля Токаева в музее писателя на протяжении пятнадцати лет ведётся краеведческая, поисковая и исследовательская работа, в которой Нурзия Тургамбековна принимает активное участие. Её ученики выступают гидами, проводят экскурсии, участвуют в исследовательских проектах и представляют школу на районных и областных мероприятиях.

Большую роль Рахметова Нурзия Тургамбековна играет и в методической работе. Она не только делится опытом, но и регулярно проводит мастер-классы для учителей района и области, представляя свои методические разработки и инновационные подходы к преподаванию казахской литературы и курса «Кемелтану».

Нурзия Тургамбековна является автором и разработчиком программ по факультативному курсу «Кемелтану» для учащихся 7-х классов, утверждённой Министерством образования Республики Казахстан. По данной программе была издана книга, ставшая ценным методическим пособием.

ДЕТЕКТИВ ЖАНРЫНДАҒЫ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАР



**РАХМЕТОВА
НУРЗИЯ ТУРГАМБЕКОВНА**

«К.Тоқаев атындағы орта мектеп»
КММ қазақ тілі мен әдебиет пәнінің
мұғалімі педагог-шебер

*Мына бір өсиетімді есте сақтаңдар: ешбір оқиғаны,
ешбір қақтығыс-шиеленісті ойдан шығармаңдар.
Өмірдің өзінде не бар, соны алыңдар.
Ф.Достоевский*



Қылмыс... Шым-шытырық оқиғалар...
Тәртіп сақшылары... Кейіпкерлер тағдыры...

Иә, осы сөздерді оқысаң жай тіркестер сияқты. Ал ішкерілей енсең күнделікті өмірден толығымен демалуға мүмкіндік беретін, қылмысқа байланысты оқиғаларды суреттейтін ішкі қуаты мол, интелгенциясы жоғары детектив жанрын көресіз. Шынында, бұл - айтуға оңай. Әйтсе де, осынау қым-қиғаш оқиғаларға толы шығарма жазу үшін көп тер төгу керек, оқиғаларды жалықтырмайтындай желі тауып, оны өрістету, шыңына жету сияқты шарттарды ұстану керек.

Артур Конан Дойл. Әлем әдебиетінде бұл кісіні білмейтін адам жоқ шығар. Шерлок Холмс ше? Дүние жүзінде шым-шытырық оқиғалы көркем әдебиет қатты дамыған. Ал, қазақ әдебиетінде детектив жанрының қарымы қандай? Қазақ әдебиетінде қаламы детектив жанрын жазуға қабілетті адам яғни қиын жанрды биікке көтерген кімдерді білесіз? Әрине, бірден жауап беруден қиналамыз. Неге? Өйткені бұл жанр сырттай оңай көрінгенімен, ұтымды штрих, детальді шебер пайдалануды қажет ететін бейнетті жанр екені сөзсіз. Десек те, Кемел Тоқаев қалың оқырман сүйіп оқитын детектив жанрына тереңінен сүңгіп, маңызын, қаспағын дөп сүзіп, болашаққа теңдессіз мұра ретінде роман, повесть, хикаят, әңгімелерін жазып қалдырды. Қаламгердің шығармалары шытырман да шынайы оқиғаға негізделі отырып, ұлтының болмысын ұлықтауға, батырын қастерлеуге құрылғандықтан бүгінде лайықты бағасын алып та үлгерген.

Қараңыз, Кемел Тоқаевтың қаламынан шыққан «Түнде атылған оқ», «Соңғы соққы», «Сарғабанда болған оқиға», «Солдат соғысқа кетті», «Арнаулы тапсырма» атты шығармалары бірінен соң бірі жарыққа шығып, қалың оқырманның әділ әрі оң бағасын алды. Сонда жазушы өз шығармаларына осындай атауларды қайдан алды? Осылай қоюға не себеп болды? Міне, осы сұрақтың төңірегінде көп іздену керек сияқты.

Кемел Тоқаев, Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсеновтің шығармалары неге шынайы? Бұл адамдарды байланыстырып отырған не нәрсе? Әрине, соғыс! Неге десеніз, соғыс туралы шығармаларды сол соғыстың бел ортасында ғана қан кешкен адамдар ғана жандандырып жаза алатыны сөзсіз. Детектив әдебиетінің бойына қан жүгіртіп, жан бітіретін де – солар, соғыс көргендер. Себебі олар отан үшін от кешкен, кеудесін оққа төсеген нағыз ерлер, қаламына бірде бір жалған қоспаған жалынды жазушылар.

Отты жылдары майдан даласының нағыз қаһармандарына айнала жүріп, қаламның ақиқатқа суарған нағыз шебер қаламгерлер.

Біріншіден, шығармаларын саралайтын болсақ шығармалары тек дерекке құрылғандығын айтқанымыз жөн болар:

1. Шерияздан Елеукуновтың өтініші бойынша туған «Соңғы соққы» романы елімізге тағы да қанды қырғын салу үшін Синьзянда келесі соғысқа дайындалып жатқан Дутов ұясының қалай талқандалғаны жайындағы романы шындық. Ел мен жер үшін күрескен тағдырлар тұлғасы дәуір мен деректің шындығын керемет көрсете білген Қасымхан Чанышев, атаман Анненковтардың да тарихта өз ізін қалдырғаны шындық. Басқа нұсқалардан ерекшелігі сюжеттің реттілігі мен адам портреттерінің керемет шығуында. Дмитрий Фурманов Жетісу аймағындағы оқиғаны жолшыбай кезіктірген адамдардың әңгімесін тыңдау тәсілі арқылы таныстырса, Кемел Тоқаев роман идеологиясын Ораз Жандосов бейнесі негізінде, телеграф стилінде дамытады. Романның оқырманның жүрегіне бірден жолтабуы жазушының тарихи құжаттарды ұтымды пайдаланғанында.

2. «Арнаулы тапсырма» халық қаһарманы, айбынды партизан Қасым Қайсенов ерлігін ашық көрсететін шығармасы. Қасымдай керемет тұлғаны білмейтін адам жоқ шығар. Григорьевка селосын фашистерден азат етіп, Қызыл Армияға жол ашқаны үшін кейіннен Елбасымыз: «Ерлік ешқашан ескірмейді деп»,-деп, Алтын жұлдызды Қайсеновтың кеудесіне таққанын да айта кету керек. Бұл да Кемелдей тілекші қаламгердің көкейін өртеген ақ арманы еді, ақыры орындалды.

3. «Солдат соғысқа кетті» жазушының автобиографиялық шығармасында әр күнін даралап, талдап, соғыстың мән-жайын өзінің көруі, сезінуі

бойынша жаза білген. Негізгі кейіпкері Мұхамед яғни Кемел Тоқаевтың өзі болғандықтан барынша нақтылығымен, шыншылдығымен, оқырман жүрегіне ауырлығымен жол таба білген. Жауынгер достарының ішіндегі Бимағамбет Сүлейменов пен Виктор Акимовтың «Жігіттер, бауырларым, қош болыңдар», «Мамам мені сағынатын болды – ау!», деген соңғы сөздерін жиі-жиі еске алып, босап көзіне жас алуы жазушының жанының нәзік екені және дос дегенде ішкен асын жерге қоятын адалдығын да айтпау қателік болар...

4. «Түнде атылған оқ» повесі. Оқ неге атылған? Түн тыныштығын бұзған кімдер? Шығармада тәртіп сақшыларының қылмыскерлерді ашудағы табанды қимылдары, аңыз болар ерен істері суреттеледі. Отан алдындағы парыз, адалдық, тергеу кезіндегі қара қылды қақ жарған әділдік – кітапқа енген шығарманың негізгі арқауы.

5. «Сарғабанда болған оқиға» бұл жазушының туған жерінде болған оқиғадан сыр шертетін керемет шығармасы. Повесте кейіпкерлерді іс-әрекеті арқылы образын аша отырып, түрлі типтендіру тәсілі арқылы шығарманың көркемдік ерекшелігін де керемет жасай білген. Кейіпкерлерін Бесағаш пен Сарғабанның сазы арасында алмасқан телеграммалары арқылы сол кезде Сарғабанда орын алған жағдайды алақанға салғандай бейнелеп береді. Шығармада жер-су атаулары: Быжы, Тентек өзендері мен Кәлпе, Бесағаш сынды ауыл атаулары да көрініс тапқан. Тіпті Сарғабанның сазын да шығармада керемет суреттеп жазған. Мысалы, Талғаттың қойын дәптерін ашып:

1. Ит талаған, дәрігерге көрінген адамды тексеру керек.

2. Көкмойнақ жөніндегі сарапшылардың қорытындысы қайта қаралсын;

3. Жабағы Рахымды жолда өлді деп, өз арызынан бас тартуы қалай? Оған мұны кім үйретіп жүр? Аты-жөні анықталсын.

4. Бұған Гүлсара не айтады?

5. Сарғабанның сазы мен сай қуыстары түгел тексерілсін; Осыншама жұмысты қайта қарауына не себеп болды? Қылмыскер табылды деп тұрғанда, қайта қарау қажеттілігі туындап, нағыз қылмыстың беті ашылады. Қарасақ, бұл да тың ізденістердің нәтижесі. Иә, тірнектеп жинаған фактілерді сұрыптап іріктеуге, уақиғаға байланысты кейіпкерлердің бейнесін аша отырып, қылмысын ашу да өнер. Ендеше, шығарманы оқи отырып, қай жұмыс болса да көп ізденуді қажет ететіні сөзсіз екеніне тағы көзімізді жеткізе түскендей боламыз.

Екіншіден, шығарма тақырыптарын байқасаңыз чекистер өмірі мен милиция ерлігін насихаттау. Бұл тақырыпқа ол өз жүрек қалауымен келген ең бірінші қаламгер екені рас. Біз үшін милиция қызметкерлерінің әр істі қайта тексеріп, қылмысты ашуы үйреншікті жәйт сияқты. Бірақ, үңіле қарасақ, бұл істе үлкен мән бар. Милицияның азаматтық парызы жоғары қоя отырып, адамгершілікті дәріптеуі бұл таптырмас қасиет. Мұны «Сарғабанда болған оқиға» повесіндегі милиция полковнигі Дайыров, кіші лейтенант Майлыбаев бейнелерінен тың ізденістерін байқау қиын емес. Дайыров бейнесінде іскер басшының кейпі көрініс тапса, Майлыбаев бейнесінен әр іске байыппен қарайтын, тереңнен барлап, ой түюге шебер, асығыс шешімге жаны қасадамның кейпін байқаймыз. Автор жас жігіттің алғырлығын, қырағылығын алға тартып, ұтымды штрих, детальдар арқылы уақиғаны байыта алған.

Үшіншіден, ұлттық болмыс. Отан алдындағы парызы жоғары қоя отырып, адамгершілікті дәріптеуі бұл таптырмас қасиет. «Солдат соғысқа кетті» автобиографиялық романында жаралы жауынгерлер өмірі, оның жан қиналысы, ажал аузындағы арпалыс көріністері қаз-қалпында берілген. Мухамедтің «мен өлсем сұрайтындай, мені жоқтап сағынатындай кімім бар, мүмкін маған осы жақсы болған шығар,

ендеше мен алаңсыз алғы шепке ұмтыла беруім керек» дейтін кездері болды. Әрине сүйегіңді қаритын сөздер. Десек те, алғашқы сәттерден-ақ бөлекше батылдығымен, өршіл өжеттігімен көзге түскен жас солдат Мухамедтің ұрыс даласындағы іс-қимылдарынан, бойынан, бауырмалдық, адамгершілік, әділдік, сияқты ерекше қасиеттерінің кейпі нақты көрініс тапқан.

Міне, соғыстың ауыр күндерін басынан кешіріп, өмір мен өлім арасында арпалысып, қас-қағым сәтте жанына жақын адамдарын жоғалтып, басынан өткен сан түрлі оқиғаларды қағаз бетіне түсіру арқылы оқырман жүрегіне жол таба білген Кемел Тоқаев шығармаларының тақырыптарын өмірдің өзінен алып шынайы жаза білген қаламгер десем артық айтпаған болармын. Ол құқық қорғау қызметкерлерінің қылмыскерлерге қарсы күрестегі ауыр еңбегін көрсететін шығармалар жазды. Бұл арқылы жазушы біздің өмірімізден өзгеше, құпиясы мол, адамдардың психологиясы мен іс-әрекеті сынды күрделі саланы зерттеді десек те болады. Қылмыскерлердің жасырынуы мен оны ізденушілердің табанды күресінің детективтік сырына қанықты. Осы тақырыптағы туындылары да шынайы болу үшін ол милиция қызметкерлері мен чекистерден де адал достар тапты. Солардың мәліметтерін алып, шығармаларына кейіпкерлер ете білді. Өшпейтін із деген осы! «Ұлық болсаң, кішік бол» деген мәтелдің мәнісін Кемел Тоқаевтан таныдық, таптық.

Кемел Тоқаев Абай атамның: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға», - деген сөздерін берік ұстанғандай. Өмірде ұзақ жылдар ізденіп жүріп, әдебиеттен өзін жаңылыспай тапқан, тек өзіне ғана тән оңтайлы өнерлілігімен талай құнды кітаптар тудырған Кемел Тоқаевтың артына қалдырып кеткен әдеби-шығармашылық мұрасы халқымыздың рухани қажетіне әлі де қызмет етіп келеді. Жақсы азамат аты әрдайым осылай жаңғырып, жақсара беретініне сенімім мол.

ҚОҢЫР ИШТВАН МАНДОКИ



МАРЖАН ЕРШУ

ақын, филология ғылымдарының
кандидаты

Маржан Ершудың «Қыпшақ Қоңыр» атты кітабында саналы ғұмырын мажар мен күллі түркі халықтарының бірлігі мен бауырластығы жолында бағыштаған біртуар тұлға, белгілі түркітанушы, тегі қыпшақ мажар ғалымы, филология ғылымының докторы, профессор Қоңыр Иштван Мандоки мен тілші-ғалым атыраулық Оңайша – Айша Мақсымқызының сан тарау өмір жолында тоғысқан тағдыры, махаббаты, еңбек жолдары, арман-мұраттары және түркі дүниесінің алыптары мен тарих шежіресі туралы баяндалады. Көпшілік қауымға арналған бұл туынды Қоңыр Иштван Мандокидің 80 жылдығына арнап шығарылған кітаптың алғысөзін Олжас Сүлейменов жазған. Журнал оқырмандарына «Қыпшақ Қоңыр» кітабынан үзінді жариялап отырмыз.

ДОСТОЯНИЕ ТЮРКСКОГО МИРА

Мандоки Коныр Иштван – одна из самых заметных фигур в истории тюркологии. Венгерские ученые говорят: он ушел и поднялся на «мифологическую высоту». Свою жизнь Коныр Иштван посвятил изучению историко-лингвистического наследия

тюркоязычных народов, сотни раз отправляясь в научные экспедиции, совершая поездки по Малой, Средней, Центральной Азии, Казахстану, Крыму и Уралу.

Он изучал литературу и культуру казахского народа, публиковал статьи о жанрах казахской устной литературы и казахах в энциклопедии «Әлем әдебиеті», переводя их на венгерский язык. В конце 1970-х годов Мандоки Коныр Иштван

был очень близок интеллигенции Казахстана. С ним мы много раз беседовали о проблемах тюркского языкознания, которые не решены до сих пор.

Древне-огузский или древне-тюркский, как его называли исследователи до Первого тюркологического конгресса (Баку, 1926 г.), до сих пор считается заимствованным в V в. н.э. у согдийских торговцев (их караваны из Средней Азии доходили до монгольских степей). Вопреки тому, что в алфавитах согдийском и древнетюркском есть и была только одна случайно совпадающая буква! Кочевники, конечно, «не могли изобрести свою письменность самостоятельно». Такое отношение к тюркской письменности в науке сохраняется до сих пор.

Некоторые памятники тюркской письменности были уничтожены, но не религиозными фанатиками. В наше время и чиновники приложили к этому руку. Я не буду говорить о бесхозяйственном отношении областных «краеведов», допустивших утрату нескольких енисейских памятников, но вспомню о своих хождениях по кабинетам монгольских и московских начальников в начале 1980-х, после того, как увидел на орхонских стелах следы автоматных пуль. Невдалеке стояла советская воинская часть. А в голой степи пострелять практически некуда, только в эти обелиски. Каменные манускрипты, простоявшие под открытым небом несколько тысячелетий, пережившие жару, морозы, тюркские каганаты и империю Чингисхана, чиновниками монгольской и советской культуры были отданы на расстрел. Я предлагал переместить памятники в любой монгольский музей, а на их места установить точные каменные копии. Пусть их расстреливают. На копии деньги даст

Казахстан, я договорился с Кунаевым. Наши скульпторы и архитекторы воссоздадут шедевры до последней щербинки. На это монгольские власти не согласились. И Москва на них не надавила. Хотя полк перевели в другое место.

В 87-м на конференции тюркологов в США я организовал письмо в ЮНЕСКО, под которым подписались все участники конференции – тюркологи со всего мира. Мы требовали взять тюркские памятники под защиту, включить их в список всемирного наследия. Прямо с конференции группа турецких ученых вылетела в Монголию. Их диалог с Улан-Батор продолжался годами. Уже в конце 90-х, когда в Казахстане вице-премьером, курировавшим науку и культуру, стал Имангали Тасмагамбетов, монголов удалось убедить, что орхонские памятники представляют ценность. Мы договорились с японскими мастерами, которые изготовили точные копии памятника, установленные впоследствии в Евразийском университете имени Л.Н. Гумилева в Астане.

За эти годы научных званий в мире прибавилось, но знаний не становится больше. Не только в тюркологии – во всех гуманитарных науках. (Сейчас мы работаем над Концепцией международной конференции «Археология цифр: Шумер и происхождение арифметики», которую Центр сближения культур запланировал провести в 2024 году. Исследуя истоки истории человечества, зашифрованной в письменном образном знаке, мы подготовили предложение о необходимости включить в Список Всемирного культурного наследия ЮНЕСКО – цифры как интеллектуальное наследие человечества. Эта тема еще нигде в мире научно не обсуждалась. Казахстан станет первой страной,

в которой будет организовано исследование происхождения и истории цифр, результаты которого внесут вклад в развитие мировой гуманитаристики и в сближение мировых культур. Важное место в этих исследованиях занимает тема культурной активности и влияния тюрков на культуры Древнего мира.)

Многие называют Иштвана Коньр Мандоки – основоположником европейского кыпчаковедения. Ищущий и острый ум, способный равно осмысливать увиденное и прочувствовать сердцем историческую правду, позволили ему занять достойное место среди тюркских интеллектуалов.

22 августа 1992 года оборвалась жизнь великого сына тюркского народа, венгерского тюрколога. Иштвану Коньру было всего 48 лет. Несколько месяцев не дожил он до рождения сына, которого носила под сердцем его жена Онайша.

Коньр Иштван – редкий ученый, чья биография была образцом искреннего служения науке. Его честный труд ученого станет примером для новых поколений тюркологов и достоянием тюркского мира.

Олжас Сулейменов
*Поэт, Народный писатель
Казахстана, Герой Труда Казахстана,
Директор Международного Центра
сближения культур под эгидой ЮНЕСКО*

«ҚЫПШАҚ ҚОҢЫР» КІТАБЫНАН

ПИШТА

*«...Балтон көлдің қасына,
Балдыр бұлақ басына,
Қыпшақтар да жетіпті...»
«Қазақ ауыз әдебиетінен»*

*«Аруах!
Укажи мне дорогу на Балатон...»*

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

* Балтон-Балатон –
Мажарстандағы көл.

– Пишта!

– Қаш! Қаш! Келіп қалды.

– Пишта! Жүгір!

– Тығыл тезірек! – деген дауыстар
келді құлағына.

– Қазір! Мына біреуін көздеп
жіберейін, – деп қаптап келе жатқан
танкілерге қарай бензин құйылған
шөлмекке от тұтандырып лақтырып
жіберді. От жалын бұрқ етті. Айналаны от
пен шаң араласқан құйынды жел шарпып
кеткендей. Танкілер жол ортасында тоқтап
қалды. Үйлердің төбесінде жасырынып
танкілерге өздерінше шабуыл жасап
тұрған балалар жан жаққа тым-тырақай
қаша жөнелді. Пишта үйдің төбесінен
секіріп түсем дегенмен үлгере алмай
қалды. Кең қолтықты бешпенті үйдің
жақтауындағы темірге ілініп, қозғалыссыз
қатып қалды. Төменге қараса, танкілерден
айқай сап атып-атып шыққан орыс
солдаттары жан жаққа аш күзендей көз
жүгіртіп тұр екен. Пиштаның жан дауысы
шығып кете жаздады. Әрі-бері қозғалып
еді. Бешпенті дар-дар етіп жыртылды да,
екпінменен жерге құлап түсті. Орнынан

ауырсына көтеріліп, ақсақтай басып үй-үй арасына еніп кетіп, қарасын жоғалтпақ ойда еді. Желкесінен тиген бір қуатты екпін жерге ұрып құлатты. Аузы-мұрнынан қан сорғалады. Төпелеген соққының астында қалды. Әбден өлімші халге жеткен байғұс баланы екі жағынан қысып ұстаған еңгезердей екі солдат бүктеп алып, екі қолын артына қайыра байлады да, жүк машинасының астауына лақтыра салды. Пиштаның өне бойы қалтырап мұздап қоя берді. Ауырсынған денесін қозғай алар емес. Пишта күздің салқындығын енді сезгендей болып, тісі тісіне тимей тоңғаннан қалш-қалш етті. Екі аяғын бауырына жинап, күшенгенмен әл кеткен жандай талықсып көк аспанға қарай берді. Көзін ашқанда бір қараңғылау суық бөлмеде стол басында жүзі суық әскери адамның алдында отырғанын көрді. Формасы орыс офицері сияқтанды. Орыс офицері бұған түсін жылытқандай езуіне күлкі үйіріліп:

– Балақай! Біз сен туралы бәрін білеміз. Сен бізге ештеңе айтқың келмей ме? – деді. Пиштаның соққыдан ісіп кеткен көздеріне бір жанашырлықпен қарағандай үн қатып.

Пишта үндемеді. «Бұлар мені қайдан біледі» деп ойлады Пишта іштей. Балалар айтып қойды ма екен? Олар қайда? Неге жалғыз? Осындай ойлар басында сұрақ болып тұрып қалды. Бірге ойнайтын балаларды үгіттеп, ұйымдастырған да өзі болатын. Шөлмектерге бензин құйып, от тұтандырып, орыс танкілеріне үй төбесінен лақтыруды да үйреткен өзі. Бұл тірліктері бірінші рет емес еді. Өткен жолы қапысын тауып, құтылып кеткен. Осы жолы қателікке ұрынды. Бәріне кінәлі әкесінің кең қолтықты бешпенті. Өзіне шақ киім болса, үйдің төбесінен кедергісіз сырғып түсер еді ғой. Пишта осылай ойлады. Бөлмеге тағы бір әскери адам кірді. Оның жүзі жылылау екен.

– Баланы шаршатпаңдар. Жарасын

жуып, таңып беріңдер, – деді де бөлмеден шығып кетті. Пиштаның көңілінде үміт оты оянды. Енді үйіме жіберетін шығар деген. Алайда олай болмады. Бір солдат келді де, оны қолынан жетектеп, дәрі исі аңқыған бөлмеге апарды. Ақ халат киген көзілдірікті ер кісі шешіндіріп, кеудесіне темір аспабын тақап, тексеруге кірісті. Аузын керіп аштыртып, тісін санады. Жарығы бар кішкентай аспабын көзіне тақап, көзін тексерді. Аяқ-қолын да бір темір аспаппен тоқылдатып шықты. Бір кезде шашынан тартты. Пиштаның дауыс шығып кетті.

– Дені сау, – деді дәрігер солдатқа. Енді жарасын қарайық, – деді де, Пиштаның жарақаттарын ылғалданған ақ дәкемен сүртіп, дәрі жағып, таңып берді.

– Енді алып кетуіңізге болады, солдат жолдас! – деді дәрігер енді жұмысым бітті дегендей.

Солдат Пиштаның қолына кісен салды да, қараңғылау ұзын дәлізбен сүйрей отырып, қаптаған темір есіктердің бірін кілтімен ашты да, итеріп жіберді. Қараңғы суық бөлме екен. Пиштаның көзі ештеңені де көрмеді. Құлағына жыламсыраған, ыңырсыған дауыстар ғана жетті. Қорыққаннан өне бойы қалшылдап кетті.

– Бұл – мен! Пиштамын! – деді дауысын шығарып қорыққанын білдіргісі келмей.

– Пишта! Сен де әкелді ме? Біз мұндамыз! – деп бұрыш-бұрыштан дауыстар жамырай шықты. Бүлікші атанған төрт бала суық камераның төрт бұрышында жер бауырлап жылап шықты сол түні.

Бала кезінде ата-анасы еркелетіп, Пишта деп атаған бұл бала Мажарстанның Карцаг (Қарсақ) қаласында 1944 жылы 10 ақпанда дүниеге келген еді. Ол дүниеге келген жыл Мажарстан үшін өте ауыр кезең болды. Екінші дүниежүзілік соғыста Германияны қолдаған Австрия

әскеріне көмек берген мажар халқы еді. Соғыстан жеңілген немістермен бірге мажар халқы да жапа шекті. Соғыс аяқталғаннан кейін, Сталиннен қуат алып, Кеңес үкіметінің көмегімен М. Ракоши басқарған мажар коммунистері билік басына келді. М. Ракоши кеңес үкіметінің индустрияландыру мен ұжымдастыру саясатын, кез-келген диссидентті күштеп жою тәртібін жүзеге асыра бастаған шақ болатын. Мемлекет мажар қауіпсіздік қызметі арқылы басқарылды. Осындай қысымдарға шыдамай, 1956 жылы 16 қазан күні СССР-дың саяси және идеологиялық ықпалына ашынған мажар халқы көтеріліске шығып, жергілікті казармаларға басып кіріп, қару-жарақтарды тартып алды. Будапештің қақ ортасында орналасқан Сталиннің жиырма бес метрлік ескерткішін құлатып, суреттерін отқа жақты. Мажарлар елде еркін сайлау өткізу мен кеңес әскерлерін шығаруды талап етті. Алайда 24 қазан күні кеңес үкіметінің бұйрығы бойынша кеңес әскерлері Будапештке басып кірді. Мажар халқына қарсы отыз мыңдай жауынгер, мың танк және басқа брондалған жүздеген техника қолданылды. Бұл жойқын операция кезінде мажар әскерлері бейтарап қалып, 11 қарашада Мажарстандағы көтеріліс толық күшпен басылды. Будапешт көшелері қызыл қанға боялды. Адамдар езіліп-жаншылып табан астында жатты. Екі мыңға жуық мажарлық қаза тауып, жеті жүз мыңға жуық адам саяси қуғынға ұшырап, төрт мыңға жуық адам түрмеге тоғытылды. Мажарстанда кеңес үкіметі бастаған қуғын-сүргін саясаты жүргізіліп, мадияр халқының белді өкілдері тұтқындалды. Мажарстан тарихында бұл оқиғалар «мадияр революциясы» деп аталса, СССР тарапы «социализмге қарсы мадияр көтерілісі» деп баға берді.

Мажарстанда орнаған кеңес үкіметі тарапынан қудалауға ұшырағандардың

ішінде Пиштаның әкесі Шандор Мандоки де бар еді. Мандоки жанұясы жаппай кәмпескелеуге ұшырап, бүкіл дүние-мүлкінен айырылды. Әкесі – Шандор Кулан Мандоки, анасы – Ержебет Кошкар Караси де қыпшақ ұрпағы еді. Мажарлар қыпшақтарды «кундар, кумандар» деп атаған. Ес білгеннен әкесі Пиштаға «Сенің тегің – қыпшақ, тамырың – Ұлы далада. Қолың жетсе, өскенде шығыстағы арман болған байтақ өлкемізге барарсың» деп үнемі құлағына құйып отыратын. Қайдан барармын деп ойлады Пишта. Әкемді ұрып-соғып мүгедек қылды бұлар. Анам да ауру. Ата-бабамыздан қалған кең сарайдай үйімізді тартып алып бұл коммунистер өздеріне штаб жасап алмады ма?! Біздің қолымыздағы бардың бәрін алды. Фермамызды, аттарымызды да түгелдей тартып алды. Тақыр кедей боп қалдық қой осылардың кесірінен. Енді мен соны қайтаруым керек деп бекінген он екі жасар Пиштаның алғашқы қарсылығы танкіге қарсы шығу жоспарымен басталған еді. Сол қаһарлы 1956 жылдың желтоқсанда Будапештті дүр сілкіндірген сот та өтті. Айыпталушылар кәмілет жасына жетпеген Пишта бастаған төрт бала. Сот мынандай суық шешім шығарды: «Кеңес үкіметінің әскери адамдарына қарсы бұзақылық ұйымдастырғандары үшін бұл тәртіпсіз жалаңаяқтар қатаң жазаланады. Ата-аналары ешқандай жұмысқа қабылданбасын. Балалар Флориянтердегі қатаң тәртіптегі еңбекпен түзеу колониясында жазаларын өтейтін болады». Көздерінің жасы омырауларына сорғалап, көкіректері қайғыдан қарс айырылып, іштері запыранға толып ата-аналары қалды жер шұқып. Қанталаған көздері жасқа, ойлары сан түрлі сұраққа толып балалар кетті колонияға. Пиштаның бұл кезде он екіге жаңа толған шағы еді. Колонияда балаларды күннің атысынан түннің батысына дейін ауыр құрылыс

жұмыстарына жекті. Шаршады, қажыды, қиналды, жылады, сағынды. Осындай сезімдер балалардың ішінде тұншығып жатты. Сезімдерін сыртқа шығара алмайтын. Күзетшінің темір таяғынан қорыққаннан үнсіздікке де үйренген еді бұл балалар. Пиштаға әкесінің баяғы кең қолтықты бешпенті жақсы болды. Сағаттар жылжыды, күндер өтті, айлар аунады. Пиштаның қара жұмыспен денесі де өсті. Әрі жасөспірім баланың толысып өсетін шағы. Кең қолтықты бешпент өзіне шақ боп қалды. Қинағаны аяғындағы баяғы күздік бәтеңкесі. Бір жылда баланың аяғы да өсіп, бәтеңке де тозып, жүру қиынға айналды. Бұл колонияға сырттан адам түгілі хат та кірмейтін. Қасқа бала башайларын ішіне қарай майыстырып киіп сол бәтеңкені тоздырды. Басқа амалы да жоқ еді. Өскен тырнақ, өскен сүйек жүрген кезде жанына қатты батты. Ақырында өскен аяқтың башайлары тозған бәтеңкені тесіп шықты. Оның аяғын ғана емес, жанын мазалаған сан сұрақтар көп еді көңілінде. Бірде құрылыс алаңында тас тасып жүргенде, желмен ұшып келген газеттің кішкентай қиындысын тауып алып, бүктеп қалтасына сала салды. Кеш ауа камерасына келгенде терезеге жақын кеп, ай жарығына тосып газет қиындысын оқымақ болды. Газет Будапештен шығыпты. Хабарлар жазылған екен. Пишта газеттің қиындысын әдемілеп орап, қалтасына салып қойды. «Оқысам» деген ұлы арман оянды кеудесінде. Колониядан аман есен шығып, ата-анаммен қауышсам, ешқашанда тентек болмас ем. Ешкімнің де бетіне тас лақтырып, күш көрсетпес едім. Тек оқуға бас қояр едім. Оқи берем, оқи берем. Барлық ақылды кітаптар менде болса екен. Әлемдегі барлық тілді білсем. Тіл біліп ел араласам. Оқымысты болсам деген балаң ойлары тәтті арманына айналды. Тәтті арманынан оянған үміт шоғы көңілін биіктерге самғатты. Сол үмітін аялап келер таңға,

келер күнге асыға берді.

Газет, кітап көре қалса, көргісі кеп, оқығысы келіп ынтасы артып кететінін колониядағы әскерилер де сезе бастады. Орыс әскерилері кітап оқыған адамды ерекше құрметтейтін еді. Күн көсем Ленинің өзі «Оқы, оқы және оқы» деп ұран тастамады ма?! Пишта осылайша өзінің кітапсүйгіштігімен, аңсаған кітабына жету жолында бойына сіңдірген кішіпейіл мінезімен басқармадағыларға ұнай бастады. Кеңес одағының Ушинский, Макаренко сияқты белгілі педогогтары да кітап оқу адамды жақсы бағытқа түбегейлі өзгертетін жазып кетті ғой. Түрме басшылары бұл балаға енді жылы жүзбен қарайтын болды. Осылайша бір жылдан аса уақыт өткенде, Пишта және оның достары колониядан босап шығып, үйлеріне қайтты. Алайда Пиштаны алда қиын уақыттар күтіп тұрған еді. Үйіне оралғанда жұпыны кішкентай үйдің босағасында үнсіз егіліп жылап отырған анасын көрді. Бір жыл емес, бірнеше жыл өткендей. Анасының сарғылт қоңыр шаштары аппақ түске боялыпты. Көз айналасын қалың әжімдер торлаған. Өзі әбден жүдепті. Басын көтеріп, жанына келген Пиштаны көргенде, қос жанарынан мөлдір тамшылар төгіліп кетіп, отырған қалпы кең құшағын жайды. Анасының иығына басын салып Пишта да жылады. Анасы да баласын құшақтап отырып ағыл-тегіл жылады. Бірақ екеуі де үн шығармастан үнсіз ұзақ егілді. Дауыс шығаруға жүректері дауламады ма? Әлде жылдар бойы жан қинаған қорқыныш пен үрейден дауыстары шықпай қалған ба? Ана мен бала аман-есен табысқанына қуаныштан үндерін шығармады ма, әлде дауыстарын шығарса орыс әскерилері жетіп келіп, екеуін екі жаққа айырып әкетеді деп секемденді ме? Үнсіздік те қасиетті болады екен-ау. Бір кезде Пишта: «Әкем қайда?» деп құлағына сыбырлады. Анасы құшағын жазды да, баласын өзінен сәл итеріп, көздерін жұмып,

басын шайқады. Пиштаның жүрегі езіліп кеткендей болды. Әкесі бұл дүниеде жоқ екен. Орыс әскерилері әбден қинап азаптаған соң, денесін көтере алмай әкесі сал боп төсек тартып жатып қалған еді. Әлі сол қалпында ма екен әлде жазылып кетті ме екен деп ойлап келіп еді. Бұл өмірде жоқ екен. Пишта шыңғырып жіберді де, көкпеңбек болып жерге құлап түсті. Жазған ана бәйек болып, боп-боз боп қимылсыз қалған кішкентай ұлының үсті-басын сипалап, жұбатуға көшті.

–Пишта! Басыңды көтерші! Пишта! Көзіңді ашшы! Сен де мені тастап кетпеші, балапаным-ау! – деп ащы дауыспен айқайлап жылап жіберді. Пиштаның құлағына сол сәтте анасының ащы зарлы үні күңіренген ескі бір аспаптың үніндей болып естілді. Тұла-бойы дір етті.

–Мама! – деді дауысын қатайтып үлкендерше бір қолын жоғары көтерді.

– Сен жылама. Біз өмір сүреміз. Мықты болуымыз керек! – деді әкесінің айтатын сөзін қайталап.

Анасы баласының көз алдында үлкейіп бара жатқанын сезінгендей болды. Он үш жасар бала елуден асқан әкесінің сөзін қайталады. Өмір-ай! Сен неткен қатал едің? Баланың да балалығын тонап алдың-ау. Қайтейін, жапырағым-ау. Анасы бұл сөздерді ішінен айтты. Баласына ішкі тебіренісін сездіргісі келмеді. Қатал өмірдің сынағында жұтылып кетпейтін қайсар мінезі барына іштей сүйсінді. Қазір екеуіне де өмірдің өткелектерінен өту үшін бір кесек мінез керек еді. Ана мен бала бірін-бірі іштей ұғысты. Пишта анасының қасқабағынан өзіне деген ризашылықты көрді. Осылайша ана мен бала өткенін қастерлеп, келер күндерге үміт артып, өмір кешіп жатты. Пиштаны мектепке оқуға қабылдамады. Мектепке қабылданбаса да, оның жүрегіндегі білімге деген құштарлықты өшіру мүмкін емес еді. Бірде Пишта орманды аралап келе жатқанда, құлағына бір сыбызғының



үніндей ғажап дауыс естілді. Қайдан шықты деп олай жүрді, былай жүрді. Дауыс жоғалып кетті. Сол ғажап дауысты тағы да қайдан естірмін деп іштей елеңдеп жүретін болды. Бір күні Пишта түс көрді. Түсінде кең далада көсіле шапқан тұлпарлардың тұяғының даусы

мен беймәлім тілде сөйлеген салт аттылардың арықшықтана шыққан даусынан шошып оянды. Бұл не дауыс екен? Бұл адамдар кімдер? Қай тілде сөйлеп барады? Өңімде де, түсімде де маза бермейтін бұл не дауыс екен деп ойға батты. Есіне бес жасында әкесінің айтқан сөздері түсті. «Балам, сенің тегің – қыпшақ, тамырың – Ұлы далада. Қолың жетсе, шығыстағы арман болған байтақ өлкеге бар. Жеті ғасыр бұрын өмірден өткен арғы аталарымыздың өсиетін ұмытпа. Олар: «Біз мажар болып кеттік, негізі арғы тегіміз – қыпшақ еді» депті аманаттапты ұрпағына. Сен ержеткенде Орта Азияда қалған қыпшақ туғандарыңды тауып, халқымызды қайта байланыстыратын бір адал жол тапсаң жақсы болар еді, ата-бабамыздың тасқа тамған көз жасының бір өтеуі болар еді, балам» деп үнемі айтып отыратын еді әкесі. Әкесінің осы сөзі балапандай баланың қиялын қанаттарды. Жолды қайдан табамын деп өзінше бір ойға батып та жүретін. Ес білгеннен әкесінің халық ертегілерін, қыпшақ батырлары туралы жырларды әсерлеп әңгімелейтінінің бір реті де бар болатын. Пиштаның дүниеге келгені де қызық бір ертегі болды емес пе?! Дүниеге шыр етіп келген нәрестенің келбеті көз тартарлықтай әдемі болғаны өз алдына, екі көзінің оттай жанып, аузында төрт тісімен туғаны елді таңғалдырған. Ескі наным-сенімге имандай сенетін қайран әке жүрегі толқып кетті. «Бұл балам тегін емес. Бұл Алла Тағаланың бір белгісі болар. Ата-бабаларымыз сан ғасыр армандап кеткен, аңсап өткен атамекен қыпшақ жұртымызбен жалғайтын көпір болар бұл балам. Білімдар адам болар құлыным өскенде» деп сан түрлі ойдың жетегінде үміті енді жанатындай қуанып жүретін.

Пиштаның ата - бабалары Мажарстанда бірнеше ғасыр бойы ел билеген ақсүйектер әулеті болатын. Әулеттің Мандоки деген аты атақонысы

Мандық жайлауына байланысты шыққан екен. Қоңырдың атасы Андраш Мандоки ХХ ғасырдың басында Мажарстандағы Ұлы Қыпшақ жерінің орталығы болған Карцаг (Қарсақ) қаласының әкімі болыпты. Әкесі Шандор да өте ауқатты адамдар қатарынан еді. Білімді, ел алдында беделді болған бұл кісі намысқой, шыншыл, қызуқанды қыпшақтың нағыз өзі екен. Оның шыққан тегі, бақуатты тірлігі мен бірбеткеткей мінезі Мажарстанда социалистік қоғам орнатқан коммунистік режимге ұнамады. Сондықтан «бай тұқымын құрту керек» деген алғашқы нұсқаулар мен ережелер Шандор мырзаның мойнына қамыт ілдірді. Қайран әкесі осылайша белсенді коммунистердің тепкісінен қаза тапты. Пиштаның анасы Ержебет Караси Кошкар да текті жерден шыққан қыпшақ қызы болатын. Бірнеше шет тілін меңгерген жоғары білімді маман еді. Бірақ амал не, Мажарстанда орнаған биліктің қатал талабы бойынша оны еш жерге жұмысқа қабылдамады. Университет бітірген жоғары білімді ақсүйек ханым күнін көру үшін ауыр жұмыстар жасауға мәжбүр болды. Пишта болса мадиярлардың ұлттық бірегейлігін жоғалту кезеңінде шеттетіліп, қағажау көргендердің қатарын толықтырды. Әкесі «тап жауы», кулак болғандықтан, өзі бұзақылық жасап, колонияда отырып шыққандықтан, Пишта гимназияға бара алмады, оқуын жалғастыруына жол берілмеді. Венгрияда үстемдік құрған кеңестік режимнен Пиштаның отбасы да зардап шекті. Анасы Ержебет баласын үйде оқытты. Оның жақсы білім алуы үшін жанын салып, баласын тәрбиелеумен айналысты. Кішкентай кезіндегі әкесінің айтқан әдемі әңгімелерінің әсері Пиштаның түркі халықтарының тарихы мен тіліне деген қызығушылығын оятты. Оның кітапқұмарлығына риза болған Карцаг (Қарсақ) қаласындағы Үлкен Қумания музейінің жетекшісі Шандор Сүч

Қоңырға түрік тілінде жазылған қыпшақ тарихы жайлы кітапты сыйға тартады. Бұл кітапты қызыға оқыған Пишта енді өзіне жол көрсетер ұстаз іздейді айналадан. Анасының ақыл-кеңесімен, Пишта он төрт жастан асқанда түркітану мен мадьяр халқының көне мәдениетін зерттеуші, академик Дьюла Неметке өзін қызықтыратын түркі тарихы, қыпшақтар туралы кітаптар оқығысы келетінін айтып, көмектесуін өтініп хат жазады. Дьюла Немет кітапқұмар баланың сөзіне құлақ асып, ақыл-кеңесін айтып, бірнеше кітаптарды сыйға тартады. Осылайша Пишта білімге ұмтылысы мен ізденісінің арқасында түркі тілдерінің біразын өз бетінше меңгере бастайды. «Қыпшақ тарихы туралы ақиқатқа ұмтылам» деген тілегі күн сайын арта түседі. Бірде Пишта үйдің шатырына шығып, әкесінің заттары салынған қобдишаның ішінен әкесінің ескі жидесіне орап жасырылған «Кодекс Куманикус» деген кітапты көргенде көз алдына өткен күндердің оқиғасы оралды. Мұны әкесі тірі кезінде, Пишта колонияға кетпей тұрғанда төрт аттың бәсіне тұратын өте құнды қымбат кітап деп сатып алып берген еді. «Балам, осы кітапты оқысаң, көзің ашылады, төрткүл дүниенің кереметін білетін білімдар адам боласың» деген еді. Анасы құнды қымбат кітап қолды болып кетпесін деп шатырға жасырған – ау шамасы. Кітаптан «Сенде жоқ, Менде жоқ, Биік тауларда жоқ, Мәрмәр таста жоқ, Қыпшақ елінде де жоқ» (Құс сүті), «Бес басты елші бізге келеді» (Етіктің жыртығынан көрініп тұрған бес башай) деген жұмбақтарды оқыған кезде, «қыпшақ» деген сөзге жаны жылыса, колонияда бәтеңкесін тесіп шыққан бес башайы есіне түсіп, қуанғаннан айқайлап күліп жіберді.

Міне, қолында әкесі айтқан төрткүл дүниенің кереметін танытар өте құнды кітап, қымбат та бағалы кітап – «Кодекс Куманикус». «Кодекс Куманикус» деген қандай кітап өзі?..

«КОДЕКС КУМАНИКУС»

«Кодекс Куманикус» – қыпшақ тілінің сөздігі еді. XII-XIII ғасырларда қыпшақ деген сөз «түркі» деген ұғымды алмастырды. Осылайша Алтын Орда дәуірінде қыпшақ тілінің сөздігі – «Кодекс Куманикус» шықты. Бұл сөздік қолжазба түрінде 1363 жылы Венеция кітапханасынан қайта өрлеу дәуірінің ақыны Франческо Петрарка сыйлаған кітаптар арасынан табылған делінеді. Қазақ халқы құрамындағы көптеген ру-тайпалардың ішінде қыпшақ руы бар. Қыпшақтар тарихта ертеден бар. «Алтын Орданың қол астында әр түрлі көптеген ру-тайпалар болды. Бірақ олардың ең көбі қыпшақтар еді. Екінші, өлкені жаулап алушы, үстемдік жүргізуші монғолдар және сол монғолдарға еріп келген басқа ру-тайпалар да жергілікті халықтарға сіңісіп, араласып, қыпшақ болып кетті. Үшінші, Алтын Ордада мемлекеттік басқару істеріне қыпшақтар көп араласты. Осы айтылған жағдайлардың салдарынан Жошы ордасы Алтын Орда кейде Қыпшақ ордасы болып аталып кетті. Алтын Орданың негізгі ресми тілі, әдеби тілі – қыпшақ тілі болды» деп жазады түркітанушы ғалым Бейсенбай Кенжебаев «Түрік қағанатынан бүгінге дейін» кітабында.

Тарихтан белгілі жайт, Еуропада қыпшақтар жайлаған өлкені түрік-қыпшақ, кейін құмандар, қыпшақтар сахарасы деп атаған. Жаугершілік заманында Мысырға сатылып кеткен қыпшақтарды мәмлүктер деп атаған. Алтын Ордаға қараған жерлер тоқсан жолдың торабы болғандықтан шығыс пен батыс, оңтүстік пен солтүстік мидай араласып, сауда-саттық байланыс орнағаны тарихтан белгілі. «Адам қарым-қатынасының аса маңызды құралы – тіл» демекші, араласқан сан халық бір-бірімен ұғысу үшін тіл үйренуге мәжбүр

болады. Ол замандарда Алтын Ордамен сауда-саттық үшін қарым-қатынас жасамақ болғандар қыпшақ тілін білу керек болған. XI-XIII ғасыр аралығында көптеген елдің қыпшақ тілін білуге деген құлшынысы артады. Осылайша уақыт талабына сай қыпшақ тілінің сөздіктері жасалып, шартарапқа тарап кетті. Сондай сөздіктердің ең құндысы – «Кодекс Куманикус» еді. Әулие Марк шіркеуі кітапханасында көне қолжазбалар арасында сақталған «Кодекс Куманикус» деген атпен белгілі бұл кітап Еуропаға Азиядан қоныс тепкен құман жұртының тарихына қатысты ең үлкен, ең маңызды тілдік және мәдениет тарихының айтулы ескерткіші болып табылады. Бір кездегі қыпшақ-құман тайпалар одағының күнбатыстағы бөлігі Мажарстанға екінші бөлігі Балқанға көшкен. Бір деректерде, Құман Кодексі, яки Қыпшақ кодексі, Мажарстанда бір кездердегі Құмания – қыпшақ елінің жерінде дүниеге келген екен делінеді.

«Қазақстан Республикасының Ғылым Энциклопедиясында»: «Кодекс Куманикустың» бізге жеткен варианты 82 хаттық парақтан яғни, 164 беттік мәтіннен, екі бөлімнен тұрады. Оның бірінші бөлімі латын-парсы-қыпшақ тілдерінің сөздігін қамтыған. Бірінші бетінде «1303» деген жазу бар. Еңбектің авторы мен жазылған жері белгісіз. Түркітану ғылымындағы жаңа деректер бойынша, бұл еңбектің түпнұсқасы 1294 жылы жазылған да, оның бірінші көшірмесі 1303 жылы жасалған, ол 1330 жылы толығымен көшіріліп біткен (Л.Лигети) «Кодекс Куманикус» Дешті Қыпшақта немесе Қырымда (Солхат қаласында) жинастырылып, бір ізге түсірілген. Осы өңірді қоныстанған қыпшақтарды Батыс Еуропа жұртшылығы кумандар деп атаған. 1303 жылы «Кодекс Куманикус» түпнұсқадан Алтын Орда мемлекетінің астанасы Сарай

қаласының жанындағы Джан әулиенің ғибадатханасында көшірілген. «Кодекс Куманикус» готикалық көне әрпімен жазылған. Екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімі (1–10 б.) – үш бағана етіп жазылған латынша-парсыша-куманша сөздік. Қалған жартысындағы сөздер лексикалық мағыналарына қарай топтастырылған. Мысалы, адамның дене мүшелерінің аттары, егіншілікке байланысты сөздер, т.б.

Екінші бөлімі (111–164 б.) – діни уағыздар. Осы бөлімдегі мәтіндер мен жұмбақтарды көрнекті неміс түркітанушысы А. фон Габен «кумандар әдебиетінің үлгісі» деп таниды. Көптеген қыпшақ сөздері көне неміс тіліне, кейде латын тіліне де аударылып берілген. Жеке сөйлемдер мен сөз тізбектері, жеке сөз тізімдері мен аудармасыз берілген жұмбақтар, қыпшақ тілінің латынша жазылған қысқаша грамматикалық очеркі де бар. Ол кезде (13–14 ғ-лар) Дунай өзенінен Жоңғар қақпасына дейінгі елдің бәрі де қыпшақ тілін түсінген. Батыс Еуропаның Шығысқа жорыққа шыққан адамдары Алдыңғы Азия, Таяу Азия, Кіші Азия және Орта Азия елдерін аралау үшін қыпшақ тілін халықаралық тіл ретінде пайдалануға болады деп ұққан. Сол кездегі еуропалықтар үшін латын тілі қандай рөл атқарса, бірсыпыра Азия халықтары үшін қыпшақ (куман) тілі де сондай қызмет атқарған. Қазіргі түркі халықтарының, олардың ішінде қыпшақ тобына жататын халықтардың қоғамдық, этнографиялық, саяси-әлеуметтік, әдеби-мәдениеттік, тілдік тарихын зерттеуге «Кодекс Куманикус» материалдарының тигізер пайдасы мол. Тіл ерекшелігі жағына ол қазіргі түркі тілдерінің, солардың ішінде қазақ тілінің орта ғасырдағы табиғи қалпын көрсетеді», – деп жазылған.

«Кодекс Куманикустың» 60-шы

парағында немесе 120, 121 - беттерінде көне түрік фольклорының аса құнды мәтіні 46 дана құман-қыпшақ жұмбағы жазылған. Әлемнің белгілі ғалымдары ерте кезден бері бұл сөздікті зерттеуге аса құлшыныс танытып, көне қыпшақ ескерткіштерінің құпиялары мен тарихын зерттеумен айналысып келеді. «Кодекс Куманикус» жұмбақтарын ғылыми зерделеудің басында мажарстандық түркітанушы, академик Немет Дьюла тұр. Немет Дьюла Вамбери зерттеп кеткен ұстаныммен салыстырып, кумандардың (қумандардың) түркі тектілер екендігін дәлелдеп берді.

Пишта шатырдан тауып алған асыл қазынасы – «Кодекс Куманикусты» жастанып жатып оқыды. Бұл кітап–XIV ғасырдың басында хатқа түскен ең көне «Кодекс Куманикустың» көшірмесі еді. Бір қызық кітап екен деді. Қиын кітап екен деді. Бір сиқыры бар ғой адамды баурайтын. Ол қандай құпия екен? Мен де бұл құпияны өскенде ашамын деген ой балаң жүрегінде оттай маздап жатты. Бұл кітаптың әр парағын қастерлеп, аялап сипап отырып оқыды. Әкесі оған: «Кітаптың қасиеті болады, оқығанда судыратып оқып шықпай, әр белгісін түсініп оқы» дейтін. Кітаптың демі, рухы болады. Аялап оқымасаң, зердеңе түйіп оқымасаң кітаптың саған рухы қонбайды деп айтатын үнемі. Пишта әке аманатына адалдығын кітап оқу арқылы дәлелдемек болды. Осылайша өзі де кітаптың сиқырлы таңбаларына арбалып, кітапсыз күн өткізе алмайтындай халге жетті. Тарихтың қаптар-қатпар сырларына аңсары ауып шөлдеген жандай бас қойды кітапқа. Оқу маңызды болғанменен, гимназиядағы оқуынан аластатылып, осылайша өз білімін өзі жетілдіріп, жігіт жасына жетті. Қайткенде де жоғары оқу орнының студенті болу басты арманы еді. Күндердің күнінде сол арманына

жетті. Пишта жанашыр адамдардың көмегімен Будапештегі ауылшаруашылық техникумына оқуға түсті. Атқұмарлығы бар еді бала жастан. «Оқуымды бітірген соң жүйрік арғымақ тұқымын шығарамын» деп те армандайтын. Бала кезінде атқұмарлығы оны Кундармаш қалашығындағы кеңес жауынгерлерімен таныстырған еді. Олардың арасынан түркі ұлттарының өкілдерін тауып алып, танысып, солардан тіл үйренуге тырысты. Сөйтіп жүргенде қазақстандық бір солдат Пиштаның жолын ашқандай болды. Баланың зердесіне таңғалған әскери қазақ кісі оны бауырына тартып, қазақша кітаптарды сыйға тартып, қазақ тілін үйрете бастады. Пишта қазақ солдатымен сөйлесіп жүргенде, оның кей сөздерінен әкесі айтатын мажар тіліндегі түсініксіз сөз тіркестерін естігенде таңғалған еді. Қыпшақ тіліне деген құмарлық осылайша Пиштаны арғымақтар әлемінен қыпшақтар әлеміне жетелеп кетті. Осылайша Пишта алдына үлкен мақсат қойды. Ол арманынан туған мақсат еді. Пишта ойланып «Қыпшақтың тарихын, мәдениетін, тілін зерттеумен түбегейлі айналысып жүрген адам жоқ екен. Арғымақтың тұқымын басқалар шығара жатар. Мен жылқыға адалдығымды сақтаймын. Бірақ жұртыма әлдеқайда қажеттірек қыпшақтарды зерттеу мәселесімен айналысайын» деген тоқтамға келді. Пиштаның бұл ойын Мажарстандағы Қыпшақ өлкесінің ғалымдары қуана құптады.

Қоңыр 1962 жылы Карцагтағы (Қарсақ) ауылшаруашылық техникумын бітіріп, аттестат алды. Одан кейін екі-үш жылдай «Ат шабандоздары мектебінде» қызмет етіп, ат спорты бойынша ел біріншілігінде бас жүлдеге ие болды. Чемпион атанды. Атқұмарлығынан гөрі білімге деген құлшынысы оны үнемі ойға жетелейтін.



Қайткен күнде де университетте оқып білім алуға ұмтылды. Қоңыр он төрт жасында өзін қызықтыратын түркі тарихы, қыпшақтар туралы кітаптар оқығысы келетінін айтып, көмектесуін өтініп хат жазған академик Дьюла Неметке тағы да арманды сырын айтып хат жолдады. Жас жігіттің білімқұмарлығы мен зердесіне таңғалған академик Дьюла Немет баяғы балғын бала Пиштаны танып, Қоңырды Өтвөш Лоранд атындағы Будапешт мемлекеттік университетінің гуманитарлық факультетіне студент қылып қабылдауды өтініп, партиялық кепілдеме хат жазды. Түркология саласында атақ-даңқы жер жарып тұрған академиктің кепілдеме хаты қолдау тауып, Қоңыр осы университеттің филология-философия факультетіне қабылданып, түркология бөліміне оқуға түсті. Қоңырдың білімге деген құштарлығы күн сайын арта түсті. Ол көп уақытын кітапханаларда өткізіп, түркі әлеміне байланысты кітаптарды жинауды, оларды зерттеп-зерделеп оқуды өзінің бұлжымас ережесіне айналдырды. Пишта ғылым жолының алғашқы сатыларына

аяқ басқанда, Иштван Дьерфи мен Дьюла Немет секілді атақты түркітанушы ғалымдардың әкелік, ұстаздық қамқорлығын көп көрді. Білімді жас 1968 жылы университетті «Үздік дипломмен» бітіріп, университетте оқытушылық жұмысқа қалдырылды. Әрі сол жылдары Сечени атындағы Мемлекеттік кітапханада ғылыми қызметкер болып қызмет етті. Ол өзінің ұстаздарын ерекше құрмет тұтатын. Дьюла Немет, Лайош Лигети, Жужа Какук, Лайош Фекета, Калди Надь, Карои Цегледи, Жигмонд Телегди және Андраш Бодроглигети сияқты атақты ғалым ұстаздары оның болашақта түркі әлемінің көгінде жарқырайтын жұлдызға айналуына көп септігін тигізді. Жас ғалымның қанатын қомдап, ақыл-кеңестерін аямады. Қоңыр Иштван студент кезінен ғылыми экспедицияларға шығып, деректер жинауға жаны құмар еді. Ол өзін кейде саяхатшы, кейде жиһанкездей сезінетін. Ғылыми экспедициялық сапарларында Польша, Румыния, Болгариядағы түркі тілдес халықтардың әдебиеті мен тұрмыс-салты туралы деректерін жинақтай бастады. Польшадағы, Болгариядағы түріктер мен Румыниядағы Добружа татарларының тарихын қызыға зерттеп, түркология саласына жаңалықтар әкелді. 1970 жылдан бастап Мажарстан Ғылым Академиясының Алтаистика зерттеу орталығына қызметін ауыстырып, ғылыми қызметкері бола жүріп, зерттеушілік қызметін одан әрі жетілдіре түсті. 1974 жылы Моңғолияға экспедицияға барып, көне түркі ескерткіштерін зерттеп қана қоймай, қазақ, тыва ауылдары арасында болып, фольклорлық, этнографиялық деректерді жинады. Академия, университеттегі қызметінен тыс кезде де өз қаражатымен, кейде академияның қолдауымен саяхаттарға құштарлықпен аттанып, әр сапардан тың деректер әкеліп, рухани қазына сандығын толтырып жатты. Сол жылдары Моңғолия қазақтары

мен Қытайдағы Түркістан ұйғырлары тұратын жерлерге экспедицияға барып, Еуропадағы құман-қыпшақтар мен түркі жұрттары арасындағы тарихи-мәдени байланысты зерттеп, түркологияны жаңа белеске шығарды. Кейін Құман мәдениеті ескерткіштерін құлшына зерттеген Пишта, «Кодекс Куманикус» қыпшақ тілінің сөздігі, бұл қазіргі түркі тілдерінің, солардың ішінде қазақ тілінің орта ғасырлық қасиетін көрсететінін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, тұжырым жасады.

1981 жылы Пишта-Қоңыр Иштван Мандоки Будапеште «Мажарстандағы құман тілінің ескерткіштері» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап, әлем түркологиясындағы айтулы тұлғалардың бірі ретінде тарихқа енді. Қоңыр Мандоки Шығыс Еуропадағы Балқаннан бастап Орта, Кіші, Кіндік Азия, Қазақстан, Қырым, Орал, Алтай, Памир, Орхон бойын тегіс шарлап, түркі халықтарының жоғалып бара жатқан жоғын түгендеуге ат салысып, ғылыми айналымға түсірді. Осылайша Қоңыр Мандокидің аты шығып, Азия елдерінің рухани өмірінде аты аңызға айнала бастады.

«Бұл ескерткіштердің кейбіреуін түркі халықтарының тілімен салыстырсақ көп сөздің мағынасын, мән-жайын, тәркінін шешуге болар еді. Бұған дейінгі зерттеулер бойынша бұл түркі тектес халықтардың тілдерінің арасынан Мажарстандағы қыпшақтар ауыз әдебиеті ескерткіштерінің тілі қазіргі қазақ тіліне ең жақын болып келеді, – деп жазды «Мажарстандағы құман тілінің ескерткіштері» атты атақты ғылыми еңбегінде Қоңыр Иштван Мандоки.

Әлемге танымал болған түркітанушы Қоңыр Иштван Мандоки – бұл баяғы кішкентай кітапқұмар бала Пишта еді. Пишта ата-анасының айналайын деп еркелетіп атап кеткен аты болатын. Қыпшақтардың Тоқсоба руының Құллан

әулетінен шыққан Қоңыр батырлығымен аты шыққан адам екен. Тоқсаба – он екі ата Байұлы, Байбақты ру бірлестігінен шыққан ру. Тоқсобалардың атақонысы қазіргі Орал облысы, Жымпиты ауданы. Ұраны – Дәуқара, таңбасы – Байбақты. Қоңыр Иштван Мандокидің өзі сол Тоқсобадан шыққан Қоңыр батырдың ұрпағы боламын деп жазған. «Иштван Мандоки Тоқсоба» деп те жазған өзінің ертеректегі жазбаларына. Ол өзінің азан шақырып қойған Иштван деген атына Қоңыр бабасының атын екінші есімі қылып паспортына жаздыртып алып, қазақ табиғатына жақындығын бір танытты. Қоңыр осылайша ата-бабасының тамырымен табысқандай болды.

ТҮРКСОЙ: ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ КЕҢІСТІГІ



Түркі әлемінің мәдени картасында ТҮРКСОЙ атауы ерекше орын алады. Бұл ұйым – тек ресми құрылым емес, ол түркі халықтарының ортақ жады мен рухани сабақтастығын сақтап тұрған мәдени көпір. 1993 жылы құрылған ТҮРКСОЙ отыз жылдан астам уақыт бойы түркітілдес елдердің мәдени байланысын нығайтып, ортақ өркениеттік мұраны жүйелі түрде жаңғыртып келеді.



*ТҮРКСОЙ халықаралық
ұйымының Бас хатшысы*
Сұлтан Раев



*Қазақстанның ТҮРКСОЙ халықаралық
ұйымындағы ресми өкілі*
Нышангүл Қаратаева

ТҮРКСОЙ-дың басты мақсаты – түркі халықтарының мәдени мұрасын сақтау, дамыту және оны халықаралық деңгейде таныту. Ұйым театр, музыка, әдебиет, кино, бейнелеу өнері мен дәстүрлі мәдениет салаларында халықаралық фестивальдер мен шығармашылық жобаларды жүзеге асырып, мәдени дипломатияның маңызды тетігіне айналды. Бұл алаңда түркі әлемінің мәдениеті өткеннің естелігі ретінде емес, бүгінгі заманмен үндес тірі құбылыс ретінде көрініс табады.

Бүгінде ТҮРКСОЙ құрамына Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан және Түрікменстан мемлекеттері кіреді. Бұл елдерді ортақ тарихи тамырлар, тілдік жақындық пен рухани құндылықтар біріктіреді. Ал ТҮРКСОЙ сол ортақтықты нақты мәдени әрекетке айналдырып, түркі әлемінің біртұтас мәдени бейнесін

қалыптастырып отыр.

Қазіргі кезеңде ТҮРКСОЙ қызметін белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы әрі мәдениет саласының терең білгірі Сұлтан Раев басқарып отыр. Ол түркі әлемінде тек әкімшілік басшы ретінде ғана емес, мәдени ойшыл, рухани диалогты терең түсінетін тұлға ретінде танымал. Сұлтан Раевтың ТҮРКСОЙ Бас хатшысы ретіндегі қызметі ұйымның мазмұндық бағытына жаңа серпін берді.

Қазақстан ТҮРКСОЙ-дың негізін қалаушы елдердің бірі ретінде бұл үдерістен шет қалған емес. Бүгінде Қазақстанның ТҮРКСОЙ-дегі ресми өкілі – Нышангүл Қаратаева. Ол ұйым аясында еліміздің мәдени бастамаларын үйлестіріп, Қазақстанның түркі әлеміндегі мәдени үнін айқындауға атсалысып келеді.

АҚТАУ – 2025 «ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ»



2026 жылғы Түркі әлемінің мәдени астанасы ретінде Өзбекстанның Әндіжан қаласы жарияланып, мәдени эстафета ресми түрде табысталды.

2025 жылы ТҮРКСОЙ шешімімен Ақтау қаласының «Түркі әлемінің мәдени астанасы» болып жариялануы Қазақстанның мәдени өміріндегі маңызды кезеңге айналды. Бұл мәртебе Ақтауды бір жыл бойы түркі әлемінің мәдени назарында ұстап, қаланың тарихи-мәдени әлеуетін жаңа қырынан ашты. Каспий

жағалауында орналасқан, Маңғыстаудың бай рухани мұрасын бойына сіңірген Ақтау бұл мәртебені тек атақ ретінде емес, мазмұнды мәдени процесс ретінде қабылдады.

Мәдени астана жылы сәуір айында өткен салтанатты ашылу рәсімімен басталды. Каспий теңізінің жағасында ұйымдастырылған бұл ауқымды шара бір күнге Ақтауды үлкен сахнаға айналдырды. Түркі елдерінен келген өнерпаздармен қатар, Қазақстанның жетекші шығармашылық ұжымдары да ашылу бағдарламасының өзегіне айналды. Қазақтың дәстүрлі музыкасы, биі мен сахналық көріністері түркі әлемінің ортақ мәдени контекстінде кеңінен ұсынылып, Қазақстанның мәдени коды айқын көрініс тапты.

Осы сәттен бастап Ақтау жыл бойы мәдени оқиғалардың тоғысқан нүктесіне айналды. Мәдени бағдарламаның маңызды бағыттарының бірі – сахналық өнер болды. Ақтауда өткен ТҮРКСОЙ-дың III Халықаралық театр фестивалі түркі елдерінің жетекші театр ұжымдарын бір сахнада тоғыстырды. Фестивальге қатысқан қазақстандық театрлар ұлттық драматургия мен заманауи режиссураны ұштастырған қойылымдарын ұсынып, Қазақстан театр өнерінің түркі әлеміндегі орнын айқындады.

Кино өнері саласында Ақтауда ұйымдастырылған «Қорқыт ата» халықаралық түркі кинофестивалі мәдени астана жылының маңызды оқиғаларының біріне айналды. Бұл фестивальде Қазақстан кинематографистері белсенді қатысып, тарихи тақырыптар мен ұлттық болмысты көтеретін фильмдерін көрермен назарына ұсынды. Кинофестиваль кәсіби көрсетілім алаңы ғана емес, түркі әлемінің кино мамандары арасында шығармашылық диалог пен тәжірибе алмасу кеңістігіне айналды.

Музыка саласында да Қазақстанның рөлі айқын сезілді. Ақтауда өткен





2025 жыл Ақтау тарихында мәдениет арқылы мағына қалыптастырған, қаланың рухани бейнесін байытқан кезең ретінде сақталды. Бұл жыл мәдениеттің халықтарды жақындастыратын, ортақ құндылықтар арқылы біріктіретін күш екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

симфониялық және халықтық музыка концерттерінде қазақстандық орындаушылар ұлттық аспаптардың үні мен заманауи музыкалық формаларды ұштастырып, түркі әлемінің ортақ әуендік кеңістігін байытты. Қазақтың дәстүрлі музыкасы бұл кештерде түркі мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде қабылданды.

Дәстүрлі мәдениет пен қолөнер бағытында ұйымдастырылған фестивальдер мен көрмелер Ақтаудың мәдени бейнесін тағы бір қырынан ашты. Түркі елдерінен келген шеберлермен қатар, қазақстандық қолөнершілер де ұлттық қолданбалы өнерді кеңінен таныстырып, мәдени мұраның тірі дәстүр екенін көрсетті. Шеберлік сабақтары мен көрмелер арқылы көрермен мәдени үдеріске тікелей араласты.

Мәдени астана жылының институционалдық шыңы қараша айында Ақтауда өткен ТҮРКСОЙ Тұрақты кеңесінің 42-отырысы болды. Бұл жиында Ақтауда өткен мәдени бағдарламалардың нәтижелері талқыланып, Қазақстанның ұйымдастырушылық және мазмұндық тұрғыдағы үлесі жоғары бағаланды. Дәл осы отырыста 2026 жылғы Түркі әлемінің мәдени астанасы ретінде Өзбекстанның Әндіжан қаласы жарияланып, мәдени эстафета ресми түрде табысталды.

28 қарашада өткен жабылу салтанаты Ақтаудың мәдени астана ретіндегі жылын қорытындылады. Бұл рәсім бір жыл бойы өткен мәдени кездесулер мен шығармашылық диалогтың символдық нүктесіне айналды. Ақтау бұл жылы тек қабылдаушы қала емес, түркі әлемін біріктірген ортақ мәдени кеңістік ретінде есте қалды.

2025 жыл Ақтау тарихында мәдениет арқылы мағына қалыптастырған, қаланың рухани бейнесін байытқан кезең ретінде сақталды.

Ақпарат ғаламтордан жинақталды

ТҮРКІ ӘЛЕМІ: АНАЛАРДЫҢ ТІЛЕГІ БІР

КАМАЛ ӘЛПЕЙІСОВА

Республикалық Аналар кеңесі
төрағасының орынбасары, жазушы,
филология ғылымдарының
кандидаты

Астана-Анкара-Астана



Әуелі ой салар сөз айтылды.

Айтқан – Түркияның Ақтаудағы Бас консулы Сабри Альптекин мырза.

Биылғы жыл Ақтау қаласы түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланған соң, онда түркі елдерін байланыстыратын іс-шаралар көптеп өткізіле бастады. Солардың бірі – 15-16 мамырда Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия елдері өкілдерінің қатысуымен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының республикалық Аналар кеңесінің «Ана. Қоғам. Болашақ» атты халықаралық форумы. Сол жиында көтерілген мәселелерді саралай сөйлегенде Сабри Альптекин түркі халықтарының тамыры бір, мәдениеті ортақ, тілі ұқсас екенін айта келіп, біздерді әлі де жақындастыра түсетін жобалардың керектігін, соның ішінде, қоғамдық негізде халықаралық аналар ұйымы құрылуының маңызын атап өткен.

Бұлай деуінің негізі де бар еді.

Мақтаныш емес, шындық: ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына орай заман дерті – 5 кеселге қарсы күрес жүргізуге орай қоғам мен билікті жұмылдырған біздің «Салауатты сана» жобамызға қонақтар таң қалды. Қай елдің өкілі сөйлесе де, мұндай кеселдер бізде де бар деп, бірақ оны еңсеру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыста қазақстандық аналардан үлгі алуға әзір екендіктерін айтып жатты. Міне, сол жарыс сөздерде де Бас консул мырзаның сөзін тілге тиек етіп, түркі әлемі аналарының бірігуі, тәжірибе алмасуы – заман талабы екендігі бірнеше мәрте қайталанған болатын.

Сұрастырсақ, бір кеңестік кеңістіктен шықсақ та елдерімізде аналар арасындағы жұмыс бірдей емес екен. Мұны әзірбайжандықтар ашық айтып, бірден біздің форматқа қызығушылық танытты. Қырғызстан мен Өзбекстанда аналар түрлі бағыттар бойынша ұйымдасқан. Түркияда да біздің Аналар



кеңесі сияқты тұтас ел аумағында жұмыс істейтін қоғамдық ұйым жоқ болып шықты. Олар қазақстандық ұйымның құрылымы, мақсаттары туралы егжей-тегжейлі сұрастыра келе, бүкіл түркі әлемінде аналардың мазмұны жағынан осындай қоғамдық бірлестігі қажет деген ой туындаған болуы керек.

Тұқым құнарлы жерге түссе, көктеп-көгеретіні сияқты, сөз де ойы, ниеті түзу адамдардың жүрегіне жетсе, игі бастамаларға ұласады. Бұл жолы идеяны іске асыру үшін Қазақстанның Түркия Республикасындағы елшілігімен Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы (ТҮРКСОЙ) қолдау көрсетіп, TÜRKTAV – Түрік тарихы мен мәдениетінің қоры, Алматы облысындағы «Анаға құрмет» музейі, ҚР Ұлттық музейі, ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығы бірлесе, **«Түркі әлемінің аналары»** атты жобаны қолға алыпты. Солардың шақыруымен 18-21 қараша арасында Аналар кеңесінің бір топ мүшесі Анкарадағы іс-шараларға қатысып қайтты. Ұйымдастырушылар-

дың жоба шымылдығын Қазақстан ашатынын, басқа елдер жоспарлы түрде жалғастыратынын айтуы мерейімізді өсірді.

Алғашқы іс-шараның Олжас Сүлейменовтің шығармашылық мұрасына арналуы халқымыздың «Батыр да, ақын да АНАДАН туады» деген нақылын ойымызға оралтты. Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы (ТҮРКСОЙ) штаб-пәтерінің салтанат залында «Олжас Сүлейменов. Масштаб. Планета. Жер» атты халықаралық көрме ашылып, салтанатты жиын ақынның бейнеқұттықтауымен басталды.

Түркиядағы жоғары оқу орындарының оқытушылары, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері бас қосқан жиынға ТҮРКСОЙ халықаралық түркі мәдениеті ұйымының бас хатшысы, Қырғыз Республикасының халық жазушысы Сұлтан Раев қатысты. Бауырлас елдің белді қаламгері қазақтың көрнекті ақыны, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Олжас Сүлейменовті «түркітану



әлеміндегі құбылыс» деп биік бағалап, оның шығармашылық және қоғамдық тұлғасы туралы кеңінен толғанды. Сұлтан мырзаның қазақша сөйлегенін, өзі айтқандай, «планетарлық ауқымдағы» ұл туған қазақ еліне деген құрметі деп қабылдадық.

Одан кейін Олжас Сүлейменов феномені туралы ғылыми баяндамалар жасалып, естеліктер айтылды. Маған да қазақстандық делегацияның атынан адамдар өз аналарынан бірдей болып туғанмен, келе-келе солардың арасынан рухының биіктігі, ғажап таланты, зор таным қабілетінің арқасында айналасын өзгерте алатын адамдар шығатыны; сондай пассионар тұлғалардың бірі, өз шығармашылығымен «тауларды аласартпай даланы асқақтатуға» шақырып келе жатқан тұлға, қазақ халқының перзенті Олжас Омарұлы Сүлейменов туралы сөз сөйлеп, ақынның өзім аударған өлеңдерін оқып беру бұйырды.

Түстен кейін жиын «Түркі әлемінің аналары: дәстүр және қазіргі заман» атты

халықаралық дөңгелек үстелге ұласты. Бұл мазмұны біздің елде бірнеше жыл бойы жүргізіліп келе жатқан «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» идеясына ұштасатын, ұрпақты ынтымақ, бірлікке тәрбиелеуді үндейтін іс-шара еді.

Түркітілдес елдердің бірлігіне қатысты Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Түркі әлемі» брендині насихаттауға шақырамын!» деген сөзі бірнеше рет қайталанды. Түркия Президенті Режеп Ердоған: «Түркі әлемі – біздің өзара әрекеттестігіміздің мәдени бірлігімен стратегиялық формасы!» деген екен. Бұл сөздер осы күндері өткізілген іс-шаралардың идеологиялық негізі, тақырып арқауы ретінде алыныпты.

Жаһандану барша әлемге жақсыны да, жаманды да таратуда. Мысалы, демографиялық ахуалдың нашарлауы туралы айтылса, әдетте батыс елдері мысалға келтірілетін. Осы жиында дәстүрлі түрде көп балалы болатын түркі отбасыларында туу көрсеткіші жыл сайын төмендеп бара жатқаны туралы айтылды. TurkStat мәліметтері бойынша,

2023 жылы мұндағы бала туу көрсеткіші 1,51-ге дейін төмендеген.

Өз сөзінде Түркияның Отбасы және әлеуметтік қорғау вице-министрі Леман Йенигүн ханым мұндай демографиялық жағдай Түркия билігін алаңдатып отырғанын, оны еңсеру үшін тиісті шаралар қолға алынып жатқанына тоқталды. Отбасы институты мен демографиялық саясат кеңесінің құрылуы – солардың бірі екен. Бұл кеңестің «демографиялық құрылымдағы өзгерістерді үйлестіру, бақылау және бағалау, демографиялық саясатты әзірлеу және тиімді іске асыруды қамтамасыз етуді» мақсат ететіні атап көрсетілген.

Мәселенің өзекті екендігін Түркияда 2025 жылдың «Отбасы жылы» деп жарияланып, президент Режеп Ердоғанның бірқатар бастама ұсынуы да аңдатқандай. Бастамалардың бірі – некеге тұрған жастарға пайызсыз несие беру. Несие сомасы 150 000 түрік лирасын (шамамен 2,3 млн теңге) құрап, 48 айға беріледі екен. Бастаманы жария еткенде Түркия президенті бұл шаралар отбасылардың әл-ауқатын жақсартуға, жас ата-аналарды қолдауға және бала туу көрсеткішін арттыруға бағытталғанын атап өтуіміз керек.

Жиын тізгінін Назипа Шанаи ұстап, дөңгелек үстел тақырыбы бойынша Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Түрікменстан және Өзбекстан елдерінің өкілдері ой бөлісті. Олардың ішінде Салтанат Әшімова, Нышангүл Қаратаева, Лачин Овазгельдиева, Решиде Юксель, Үмітхан Мұңалбаева, Чинара Мамбеталиева, Махбуза Мусаева және түркі елдерінің ғылыми және қоғамдық ұйымдарының басқа да өкілдері бар. Сөз сөйлеушілер өз елдеріндегі жетістіктерді де, шешілуі күрделі мәселелерді де айтып өтіп, халықаралық тәжірибеге қызығушылық танытты.

Модератор сөзін қай елде де ананың ұлттық, отбасылық құндылықтарды ұрпақ

бойына сіңіріп, ізгілікті, мәдениетті алға апарудағы маңызды тұлға екендігінен бастап, жиын бойы тақырыптың алтын арқауын ұстады. Сөз реті келгенде бүгінгідей геосаяси ахуал шиеленіскен уақытта аналардың ауызбіршілігі ауадай қажет екеніне назар аударта отырып, Ақтауда айтылған ұсынысты еске салды. Бұл ұсынысты жиынға қатысқан Түркия Президенті Режеп Ердоғанның көмекшісі, көпбалалы ана Шезия ханым, Түркияның Әділет және Даму партиясы төрағасының орынбасары Решиде Юксел, Түркияның Отбасы және әлеуметтік қорғау вице-министрі Леман Йенигүн ханымдар жылы қабылдап, түбі бір түркі аналарының байланысын нығайтуға ықыласты екендіктерін білдірді.

Сол күні сөз алған аналардың қай-қайсысы да «Ұрпақ тәрбиесінде шекара жоқ. Әр ел аналарының озық ойлары, биік ұстанымдары, құнды тәжірибесі ортақ игілікке айналуы керек» десті.

Келесі күні Аналар кеңесінің мүшелері іссапар жоспарындағы үшінші үлкен іс-шара «Түркі әлемінің аналары» халықаралық көрмесінің ашылуына қатысты. Көрме өткен мен болашақты сабақтастыра отырып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын рухани мұраттарды паш етуге арналған. Ана бейнесі бұл тұрғыда – түркі халықтарының гуманитарлық бірлігін нығайтатын әмбебап мәдени код. Анкара муниципалитетінің қалалық кеңесі ғимаратында өткен өзгеше көрмені ұйымдастыруға ҚР Ұлттық музейі (Ақмарал Ибраева) қолдау көрсетіп, Алматы облысы Райымбек ауылындағы «Анаға құрмет» музейі (Гүлнәр Әбіш), ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығы (Салтанат Әшімова, Үмітхан Мұңалбаева) көп еңбек сіңіргенін айту парыз.

Көрмеге Түркі дүниесі мен халқымыздың тарихында із қалдырған әйелдер: танымал тұлғаларды дүниеге

әкелген аналардың; өнер, мәдениет пен ғылым әлемінің көрнекті тұлғасына айналған әйелдердің портреттері қойылды. Сондай-ақ 100-ден астам ерекше жәдігерлер: артефактілер, тарихи фотосуреттер, мемлекет пен қоғамға аты танымал әйелдер туралы жазылған кітаптар, әйелдерге арналған сәндік бұйымдар келушілер назарына ұсынылды. Көркем инсталляциялар арқылы ана бейнесін – өмірдің, сұлулықпен руханияттың сақтаушысы ретінде бейнеленген туындылар да таныстырылды.

Көрме жұмысы Түркия мен Қазақстанның мемлекеттік гимндерімен басталды. Түрлі ұлт өкілдері көрме лентасын қиып, ресми құттықтаулар айтылғаннан кейін түркі халықтарына ортақ Ұмай ананың бейнесіне арналған театрландырылған қойылым көрсетілді. Ақ кимешекті ананың ақ батасымен «Түркі әлемінің аналары» көрмесінің алғашқы экспозициясы ашылды. Көрмеде бейресми, жаймашуақ жағдайдың орнауына біздің аналардың дастархан жайып, елден апарған ұлттық тағамдарды ұсынуы әсер еткені сөзсіз.

Осы жерде бір қызық жағдай болды. Қазақ әжесінің образына сай кимешек киіп жүрген маған бір түрік жігіті келіп: «Сәлеметсіз бе? Мен – күйеу бала», - деді. Өзінің Түркия мемлекеттік «MUNABIRI» телерадиокешенінің қызметкері Оғунай Косе екенін айтты. Қазақша сөйлеп тұр. Қасында тағы екі кісі бар, олар да ауызекі тілде әжептәуір сөйлейді екен. Бәрін ертіп, көрмені аралаттым.

Ел билеген Сүйінбике, Бопай ханым, Айғаным ханша, өнерімен тамсандырған күйші Дина, ақын Сара, әнші Жамал, еңбегімен ер атанған күріш өсіруші Сәлима Жұмабекова, механизатор Кәмшат Дөненбаева, Орта Азиядан шыққан тұңғыш генерал әйел Сәуле Айтбаева... басқа да тарихи тұлғалардың кім екенін айтып тұрып, кеудемді мақтаныш кернеді.

Осы көрме аналарымыздың асқақ рухын, елдің жарқын болашағы үшін еткен еңбегін ұлықтайтынына қуандым. Өз өмірімен, еңбекқорлығымен ғана емес, еліне адал қызмет етіп, қазақ атын танытатын ұрпаққа өмір сыйлауымен! Келесі бөлім сондай – халқымыздың бірегей тұлғаларын дүниеге әкелген аналардың бейнесіне арналған болатын.

Осы бөлімді аралап келе жатқанымда бір ой келді. Түсіндіре кетейін.

Қандай мемлекетте болмасын билік органдарына кездейсоқ келген кейбіреулердің шалыс қадамдары бүкіл жүйеге көлеңкесін түсіретін оқиға болып жатады. Ол біздің қоғамда да бар. Міне, сондайда мәселенің ақ-қарасы ашылмай жатып, әлеуметтік желі гу-гу әңгімеге толып кетеді. Кейбіреулер биік лауазымдағылар қолына алтын қасық ұстап туып, жібек жөргекке оранып өскендей түсінік қалыптастыруға ұмтылатыны байқалады. Сөйтіп, ашкөз, дөрекі, біліксіз біреулердің кесірі бүкіл мемлекеттік қызметшілерге, солардың арасынан өсіп шыққан жоғары лауазым иелеріне тиеді. Бұл – түптің түбінде мемлекеттік қызметтің абырой-беделіне нұқсан келтіретін жай. Ширек ғасырдан астам сол салада қызмет еткендіктен ондай «жаптым жала, жақтым күйе» сөздерді өз басым қабылдай алмаймын.

Өйткені, шын мәнінде олай емес... Көрмеде мемлекеттің дамуына еңбек сіңірген біраз кісінің аналары бейнеленген портреттер қойылыпты. Әрқайсына үңіле қарап, өзім қызметтес болған, сөзін аударған, сыйласқан адамдардың бейнесін көргім келді. Қарапайым қазақ аналарының ойлы, шаршаңқы, мұңлы бейнелеріндегі бір ортақ штрих – жүздерінде тұнған мейірім, көздеріндегі алаңдаушылық назар аудартты. Барша ана солай – баласының өмірі үшін, ұрпағының, елінің ертеңі үшін алаңдайды ғой.

Міне, Айсәуле ана – баласы заңғар

жазушы, Жоғарғы кеңес төрағасы, сенатор, Мемлекеттік хатшы болған; Фатима ана – баласы бүкіл адамзатқа қатер төндіретін ядролық қарудың қолданылуына қарсы күрескен; Айша ана – баласы бірегей бас редактор, жазушы, депутат болған; Күлиман ана – баласы отбасындағы 10 ұл-қыздың бірі боп өсіп, мемлекет және қоғам қайраткері болған; Мағрипа ана – баласы генерал, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш қорғаныс министрі болған; Тұрар ана – баласы халықаралық ұйым басшысы, ел президенті болып отыр; Сонымбүбі ана – баласы ұлттық қауіпсіздік саласын дамытуға үлес қосқан генерал-лейтенант болған; Бибіш ана – баласы бірнеше облысты басқарған; Әтіш ана – баласы еліміздің заңнамалық базасын қалыптастыруға зор еңбек сіңірген... солай жалғаса береді.

Аналардың портреттерін жағалап келе жатқанымда «Мұндай іс-шараны Мемлекеттік қызмет агенттігімен бірлесе өткізсе, қоғамда мемлекеттік қызметтің оң имиджін орнықтыруға, абырой-беделінің өсуіне әсер етер еді» деген ой келді. Өйткені жоғарыда аналарының есімдері аталған (бәрін тізе алмадым) тұлғалардың бәрі де – тағдырдың бар қиындығын: жетімдікті, жоқшылықты, қудалауды... көре жүріп шыңдалған жандар. Олар өздері көрген теперішті басқаның бастан кешпеуі үшін күрескен, адал қызмет етіп, әулетінің ғана емес, елінің ұлдарына айналған тұлғалар. Мемлекеттік қызметшілер.

Қасымдағы кісілер көбірек білгісі келіп, нақтылаушы сұрақ қойып, өзара талқылап келеді. Осыған байланысты көрмені ұйымдастырушылар ұсынылған жұмыстардың қасына шағын түсініктеме жазып қойса, келушілер молырақ ақпарат алар еді деген де ой келді.

Көрменің шырқау шегіне жеткен тұс – ҚХА Аналар кеңесінің мүшелері ананы бейбітшілік, мейірім, ынтымақ пен жасампаздықтың символы ретінде

танытатын «Ақ жаулық» жобасының мәнін түсіндіріп, көрмеге келген әйелдердің иықтарына қазақтың тотемдік таңбалары салынған ақ орамал жабуы болды. Ақ орамал бізді тіпті жақындатып жібергендей: әйелдер бастарына тартып, мойындарына орап алып, топ-топ болып суретке, видеоға түсіп, жақындарына жіберіп жатты. Сол жерде жергілікті ер-азаматтар біздің делегация мүшелерінен «анама апарайыншы», «қызыма берейінші» деп орамал сұрап алып жатқаны бір сүйсініп, орамалдағы суреттерді айналдыра қарап, танып, талқылап тұрғандарын көру одан бетер қуантты.

Көңілімізді тоғайтатын тағы бір қуанышымыз – Анкара сапарының екі ел президенттері жүргізіп отырған түбі бір түркі жұртының бірлігі мен ынтымақтастығын арттыруға бағытталған саясатымен үндесуі; игілікті саясатты іске асыру жоспарының түркі әлемі аналарының басын біріктіріп, ұрпақ болашағын көздейтін іс-шаралармен толығыуы; қазақстандық аналар бастама жасаған, қолдау көрсеткен іс-шаралардың мазмұны мен тағылымы қатысушылардың биік бағасын алуы. Түркиядағы тәжірибе алмасу біздің Аналар кеңесі қоғамдағы кейбір мәселелердің алдын алу үшін бауырлас мемлекеттердегі аналарға үлгі бола алатынын да көрсетті.

Бұл – елімізде айтылған ізгі ойды басқалар ықыласпен қабыл алғанына, жақсы бастаманың жолы жарқын екеніне көзімізді жеткізген сапар болды. Түркі әлемі аналарының ынтымағын көксеген идеяларымызға ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымынан бастап бірнеше мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қолдау көрсетуі – соның дәлелі. Осылайша, басты идеямыз – ана бейнесін түркі халықтарының тарихы, тілі, дәстүрі мен мәдениетін біріктіретін қасиетті символ ретінде көрсету мақсатымыз орындалып, елге мерейіміз өсіп оралдық.

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ТВОРЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСТАНСКИХ ШЕСТИДЕСЯТНИКОВ



БИЛЬ ТАМАРА ЮРЬЕВНА

Старший научный сотрудник Научно-исследовательского института культуры Казахстана «Центр сближения культур»

Вопрос формирования национально-го самосознания в условиях глобализации и цифровизации является одним из важных для казахстанского образования. Глобализационные процессы нередко оказывают деструктивное воздействие на социокультурную и национальную идентичность, вызывая кризисные явления в духовной сфере. Для преодоления подобных негативных тенденций необходимо обращение к национальному историческому опыту педагогики и создание в системе образования новых концептуальных подходов, основанных на идеях национального самосознания, цивилизационной самобытности и

традиционных ценностей. В этой связи использование творческого наследия казахской интеллигенции, в частности поколения шестидесятников, представляется особенно актуальным. Шестидесятники Казахстана – это не только литературное или художественное явление, но и социокультурный феномен, отразивший пробуждение национального самосознания в советский период.

Существует множество дефиниций национального самосознания, что показывает исследование научной литературы. Изучением национального самосознания занималось и занимается большое число зарубежных исследователей, особенно в рамках

социологии, политологии, истории и этнопсихологии. Среди них можно выделить Андерсона Б. [1], Геллнера Э. [3], Смита Э.Д. [7]. Традиции исследования национального самосознания в российской истории и этнографии также имеют широкую теоретическую и эмпирическую базу. Так, например, в работах К.Н. Хабибулина важным является определение функций национального самосознания. Автор считает, что национальное самосознание выполняет приспособительную, защитную, ценностно-экспрессивную, познавательную функции, а также функции самоконтроля и ответственности [8, С.71]. М.Н. Кучуков в представлении о структуре национального самосознания включает несколько компонентов: историю этноса, традиции, этнические представления [4, С. 111]. Этнолог Ю.В. Бромлей, определяя самосознание, выделяет в его структуре следующие элементы: национальную идентификацию; представления об общности исторического прошлого народа, о территориальной общности; идеи о государственной общности при определенных конкретно-исторических условиях [2, С. 6].

Казахстанские исследователи, например Досанова К., рассматривают национальную идентичность как интегративное качество личности, проявляющееся в осознании принадлежности к нации, уважении к её культурным символам, языку, традициям [9]. Современные исследования демонстрируют рост интереса к изучению роли шестидесятников в формировании национальной идентичности. Садыков, Алимжанова и Кабылгазинова анализируют публикации 1950–1960-х годов и делают вывод о том, что пресса тех лет стала инструментом национального пробуждения [10].

Цель статьи – выявить и рассмотреть возможности учебного процесса в формировании национального

самосознания обучающихся на основе творческого наследия казахстанских шестидесятников. Для достижения поставленной цели необходимо установить роль учебного процесса в формировании национального самосознания; обозначить важность творческого наследия интеллигенции.

Период «оттепели» 1960-х годов в СССР стал временем значительного культурного и общественного подъема. В Казахстане это движение приобрело особый национальный колорит. Казахские шестидесятники – представители творческой интеллигенции (писатели, поэты, художники, режиссеры, музыканты) – стремились к возрождению национально-духовного наследия, критически переоценивая официальную советскую идеологию и поднимая вопросы национальной идентичности и исторической памяти. Видными представителями казахских «шестидесятников» были О. Сулейменов, И. Есенберлин, М. Магауин, А. Сейдимбек, Ш. Калдаяков, С. Мухамеджанов, Г. Жубанова, Р. Сейдалинов и др. [11] Их творчество стало отражением стремления к свободе художественного волеизъявления и поиску национальной школы в искусстве, литературе и науке, заложив крепкий фундамент для развития национального самосознания. Олжас Сулейменов, как один из наиболее ярких представителей поколения, соединял в своём творчестве мифологическое мышление, глубокое знание истории и открытость миру [6]. Представители новой волны принимали активное участие в культурной жизни Казахстана, создавая новую культурную атмосферу в жизни республики.

Рассмотрим, каким образом данные культурные процессы нашли отражение в педагогической практике и могут быть использованы сегодня.

Творчество шестидесятников обладает рядом характерных черт,

делающих его ценным для формирования национального самосознания обучающихся:

- возрождение исторической памяти и фольклора
- синтез национальных традиций и мировых влияний
- поиск национальной идентичности и свободы творчества
- гражданская смелость и противостояние догмам.

Использование творческого наследия шестидесятников в образовательном процессе способствует формированию национального самосознания по следующим направлениям:

1. Осознание культурной уникальности:

Анализ произведений этого периода помогает обучающимся глубже понять истоки казахской идентичности.

2. Развитие патриотизма:

Изучение жизненного пути и гражданской позиции шестидесятников, их борьбы за национальное достоинство, воспитывает активную гражданскую позицию и патриотизм, основанный не на лозунгах, а на глубоком уважении к национальной культуре и истории.

3. Формирование критического мышления:

Шестидесятники научили ставить под сомнение догмы и искать истинные, а не навязанные смыслы. Работа с их наследием стимулирует обучающихся к независимому мышлению и критической оценке информации и истории.

4. Укрепление связи поколений:

Знакомство с деятельностью таких объединений, как «Жас тулпар» (созданное в 1963 году Муратом Ауэзовым), которое ставило целью пропаганду литературы, искусства и культуры Казахстана среди студенческой молодежи,

показывает пример созидательной активности молодежи и преемственности национальных идей. [5, С. 156.]

Для эффективного использования наследия шестидесятников в учебном процессе целесообразно:

1. Интегрировать их произведения в учебный процесс (история Казахстана, культурология).

2. Организовывать творческие проекты, диспуты и семинары, посвященные проблемам идентичности и свободы в творчестве шестидесятников.

3. Использовать метод визуализации (анализ картин, графики, скульптур, просмотр фильмов, прослушивание стихотворений) для лучшего понимания связи между формой, символом и национальным содержанием.

Творческое наследие казахстанских шестидесятников представляет собой не просто культурный пласт, а действенный педагогический ресурс. Оно является ярким примером того, как искусство может служить мощным инструментом пробуждения и формирования национального самосознания, основанного на знании истории, уважении к традициям, стремлении к свободе и критическом отношении к действительности. Интеграция этого наследия в образовательный процесс является стратегически важной задачей для воспитания нового поколения граждан Казахстана.

Творчество шестидесятников способствует формированию у студентов ценностного отношения к истории и культуре Казахстана, уважения к родному языку и активной гражданской позиции. Феномен шестидесятников в Казахстане является важным источником формирования национального самосознания обучающихся. Обзор литературы показывает, что педагогическая интер-

претация этого наследия требует дальнейшего развития. Перспективным направлением исследований является разработка педагогических технологий, основанных на анализе и осмыслении творчества шестидесятников.

Список литературы:

1. Андерсон, Б. Воображаемые сообщества. – М.: Канон-Пресс-Ц; Кучково поле, 2001. – 384 с.
2. Бромлей, Ю. В. Национальные процессы в СССР: в поисках новых подходов. – М.: Наука, 1988. – 256 с.
3. Геллнер, Э. Нации и национализм / пер. с англ. Т. В. Бердиковой, М. К. Тюнькиной. – М.: Прогресс, 1991. – 320 с.
4. Кучуков, М. Н. Национальное самосознание: дис. ... д-ра филос. наук. – Ростов-на-Дону, 1993. – 312 с.
5. Кыдыралина, Ж. У. Общественно-политические выступления казахской интеллигенции и молодёжи как оппозиция советскому тоталитарному режиму (1960–1970-е гг.) // Отечественная (Российская) история. – 2007. – № 6. – С. 156–167.
6. Писатель Олжас Сулейменов – Большое интервью / Арманжан Байтасов [Видеозапись]. – YouTube, 2024. – 1 видео (1 ч 7 мин 23 с). – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=fX2ggDmRZkY> (дата обращения: 25.10.2025).
7. Смит Э. Д. Национализм и модернизм: критический обзор современных теорий наций и национализма / пер. с англ. А. Смирнова, Ю. Филиппова, Э. Загашвили, И. Окуневой. – М.: Праксис, 2004. – 460 с.
8. Хабибуллин, К. Н. Самосознание и интернациональная ответственность социалистических наций. – Пермь: Изд-во Пермского ун-та, 1974. – 107 с.
9. Dossanova, K. K., Kunekova, T. M., Zhumasheva, G. K., & Dossanova, A. A. National identity in the modern education of Kazakhstan // *Opcción*. – 2019. – Vol. 34, No. 85-2. – P. 544–568.
10. Sadykov, S., Alimzhanova, A., & Kabylgazina, K. Issues of national development in the Kazakhstan press in the 1950s and early 1960s // *Global Media Journal*. – 2018. – Vol. 16, No. 31. – P. 1–8.
11. Satbai, T. Y. Состав и структура творческих союзов Казахстана в 60-х годах XX века // *Journal of History*. – 2021. – Т. 99, № 4. – С. 88–98.

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФУТУРИЗМ БЕЛГІЛЕРІ



БЕКЗАТ СМАҒҰЛОВ

«Мәдениеттерді жақындастыру орталығы»
Қазақстан мәдениетінің ғылыми-зерттеу
институтының аға ғылыми қызметкері,
«Дарын» мемлекеттік сыйлығының иегері,
әдебиеттанушы, PhD

Қазіргі қазақ поэзиясы тілмен, формамен және мазмұнмен, оның ішінде футуризм әдістерін қолдана отырып тәжірибе жасауды жалғастыруда. Кейбір ақындар өз шығармаларында жарқын метафораларды қолданады, сөздердің дыбыстары мен ырғағымен ойнайды, сөйлемдердің стандартты емес құрылымдары мен дерексіз бейнелер жасайды.

Қазіргі қазақ поэзиясында футуризм постмодернизм, экспрессионизм, неоклассицизм және т.б. сияқты басқа да бағыттар мен стильдермен үйлеседі.

Мысалы, Тыныштықбек Әбдікәкімов өз шығармаларында стандартты емес және есте қаларлық бейнелерді құрайтын метафораларды қолданады. Ол сондай-ақ тілмен тәжірибе жасап, жаңа сөздер

мен комбинациялар жасайды, бұл оның поэзиясына ерекше стиль береді.

Ақынның осы өлеңін қарастыралық:

*Хақ-Тәңірдің өртенулі қолжазбасындай
күп-күрең*

Іңір еді...

Келе жаттың күліп Сен.

*Әр кәлләнің ақыретіне дейін ұзарған – Күн
мен Түннің алқынысынан қызарған*

кәлімәні

күбірлейміз біз алдан.

*Әлденелер әлденені пешенесіне сызарда
дәл*

осылай зарығушы ма ед Зарлықтар?..

Осы өлең бөлігінен уақыттың шағы «іңірді» мифтік, тылсым әлеммен байланыстыра метафоралық ерекше

тіркес жасауы және сол уақытта күліп келе жатқан «Сен» жай адам емес, үлкен әріппен «Сен» деуі бәлкім бір зұлымдықтың метамарфозасы іспеттес. Одан әрі ақын «Күнмен Түннің алқынысынан қызарған кәлімәні күбірлейміз біз алдан» деп оқырманның ой-санасында басқаша әсер, әртүрлі қырдағы ой желісіне бастайтындай. Футуристік өлеңнің бір белгісі оқырманның интеллектуалдық пайымы, зияткерлік деңгейіне қарай әртүрлі оқылады. Осы ретте орыс футуризмнің негізін қалаған Велимир Хлебниковтың келесі өлеңі Тыныштықбек ақынның өлең атмосферасымен сарындас секілді:

*Внимательно читаю весенние мысли бога
на узоре пестрых ног жабы.
Гомера дрожание после великой войны,
точно стакан задрожал от телеги.
Уота Уитмана неандертальский череп с
вогнутым лбом.
И говорю: всё это было! всё это меньше
меня!*

Былай қарағанда сөздерді жай алып үйе салған әсер қалдырады. Бірақ сол үйіндіден ой қалап, бейне шығару әр оқырманның өз еншісінде.

Шынында да, футуризм жарқын метафоралар мен күтпеген ассоциацияларды қолданумен ғана емес, сонымен бірге шығармашылық ойлау мен білдіру еркіндігі принципімен де сипатталады. Футуристік поэзияда ең бастысы белгілі бір мағына емес, шығарманың оқырман жасай алатын эмоционалды және эстетикалық әсері.

Футуризмде дәстүрлі грамматикалық ережелер мен құрылымдардың бұзылуы, дыбыстар мен сөздермен ойнау, стандартты емес формалар мен семантикалық қатынастарды қолдану құпталады. Мұның бәрі поэзияда динамизм, тосынсыз және қораптан тыс әсер жасауға ықпал етеді.

Осылайша, футуризмнің негізгі

қағидасы – бұл шығармашылық ойлау мен ой білдіру еркіндігі деп айтуға болады, бұл оқырманға әртүрлі эмоциялар мен ассоциацияларды тудыруы мүмкін шығармаларды жасауға әкеледі. Футуристік шығармалар әрқашан нақты мағынаға немесе белгілі бір құрылымға ие бола бермейді, бірақ сонымен ерекшеленеді.

Тағы бір мысал – ақын Ерлан Жүніс. Ол өз шығармаларында қайталану, сөздердің тұрақты емес түрлерін қолдану және грамматикалық ережелерді бұзу сияқты футуризмнің әртүрлі әдістерін жиі қолданады. Оның поэзиясы көбінесе наразылық сипатына ие және қоғамдық мәселелер мен теңсіздіктерге байланысты өмірлік жағдайларды сипаттайды. Ішкі психологияны оның әр түрлі реакциясын ескере отырып, өлеңмен жеткізу үлкен ізденісті, еңбекті қажет ететінін айтпасақ та түсінікті. Бұл жағынан келгенде Ерланның еңбегін айтпай кетсек, қиянат болар еді. «Shoot the moon», «Алматыға – бәрібір» деген өлеңдері де ізденістің нәтижесі. Жинағындағы «Ромбтары» мен «Диалогтары» жас ақынның ізденісі, эксперименті десек те болады. Осы ізденістерге кей әдебиет сыншыларының да пікірлерін ескерген жөн.

Мысалы Бағашар Тұрсынбаев: «Ерланның диалогтары айқын емес. Не айтпағы оқырманға түсініксіз болғаннан кейін оқуға да ауыр. Ақынның өзі ғана түсінетін, өзі ғана күбірлеп оқып жүретін өлеңді өлең деуші ме едік? Қазір бір топ ақындар сол кейіпке түсіп бара жатыр. Оларды тіпті, белгілі бір деңгейде әдеби дайындығы бар адамдарда түсіне алмай жатады. Оқырмандарда да талғам жоқ. Не білім жоқ. Кім түсініксіз болса, сол мықты екен деп ойлайтын болды. Мақсат ол емес қой. Оны біліп алған қулар, одан әрмен түсініксіз жаза бастады. Әдебиетті ойыншыққа айналдыру емес пе бұл? Ерланның «Құпия» деген өлеңін де ізденіс дер ек. Бірақ ол ізденіске қарағанда, ойнап отырып, лаға салған баланың жазуына

ұқсайды».

Дегенмен бұл эксперименттік өлеңдер, «түсініксіз поэзия» «неофутуристік» қозғалыс ретінде қабылдау ләзім деп ойлаймыз.

Ерлан Жүніс «Құпия» шығармасында:

*Жап-жас қайың, кәрі бақ,
Бәрі де бар, жоқ бәрі:
Не ойлама – бәрі де А.Қ.,
Не сезінбе – А. Қ. бәрі.*

*Ақ па қара, қара ма ақ?
Күн сүргенді түн сүрер.
...Жас жүрегін жаралап,
Жап-жас ақын күрсінер.*

*Тү-С.,І.,М. – пайғамбардыкі,
Өңім – пенде,
Ақын кім?
О-й – мұңлықы,
Зарлықы –
сезім кешіп жатырмын.*

*Ара ұшады: Ж.,Ж.,Ж.,
Гүлге қонар: М.,М.,М.,
Дүниенің Қ-ы-З-ығы –
Дүниеде құмығы...*

*Тоқылдағы: Т.,Т.,Т.,
И.,И.,И.-ір емені.
Дүниенің сұқыты –
Сұлу деуге келед-І.*

*Кәрі бақт-А. бір кісі
С-үйеніп тұр еменге...
Бақи – Ф.,Ә-нидің түсі
Жорамалы – Ө-лең бе?!*

*Ұ-ят тірі, Е-с бүтін,
Ә-лем Д-есе – бар өлең!
Кешіп өтсе кешті кім,
Кешпегімді берер ем!*

*Тану ма бұл?
Таңдану!
Қарсы тұрса ғасырға ар!
Жас сұлудың таңбалы*

Жастығында басым бар.

*А.Қ. қой бәрі, бәрі де А.Қ.,
Ақтан бастау – керегі.
...Бір уақытта кәрі бақ
Айға қарап: «Е» деді...*

Не түсіндіңіз? Бұл өлеңде Ерлан қазақ поэзиясының әр кезеңінің басында тұрған жиырма тоғыз ақынның есімін атаған. Жаңа форма жаңа тәсіл және әдебиетті жиі оқитын, зияткерлік деңгейі жеткілікті оқырман бұл Құпияның шешімін таба алады деген ойдамыз. Неофутуристік ағым. Сол іспеттес қайталама сөздерді жиі қолданатын өлеңдері де бар:

*Түн есімі – сұлу...
сұлу,
сұлу – күннің есімі,
Гүл есімі – сұлу,
сұлу,
сұлу – мұңның есімі!
Түн есімі – сұлу,
сұлу –
кешірім,
сатқындық та,
қызғаныш та,
жалғыздық та – есімі!
Оның сұлу есімі!
Түн есімі – сұлу,
сұлу –
құлдық,
азап,
бостандық,
Гүл есімі – сұлу,
сұлу –
ең аяулы қастандық!
Әппақ парақ – сұлу,
сұлу!*

Осы іспеттес Дмитрий Пригов – орыс поэзиясындағы неофутуризмнің ең көрнекті өкілдерінің бірі. Оның өлеңдері эксперименталдылықпен, сөздер мен формаларды ойнаумен, сондай-ақ ерекше әзіл мен ирониямен ерекшеленеді.

Сөйлемдер поэтикалық сөйлеудің

стандартты формалары мен ережелерін сақтамайды, оның өлеңдерінде нақты өлшемдер мен рифмалар жоқ, оның орнына қайталанулар, анафоралар, күтпеген ассоциациялар, сөздік ойындар және басқа да әдістер қолданылады, бұл ерекше динамикалық және стандартты емес әсер етеді.

Оның поэзиясының мысалы ретінде «Конец года» өлеңін келтіруге болады:

*Шахиды курят, Шахиды курят,
С мозгами на плечах, с мозгами на плечах,
Бей, моя бабочка, крыльями в воду,
Бей, моя бабочка, крыльями в воду.
Снежинка моя, золотая пыльца,
На голову мою, на голову мою,
Распустись, красавица, апрельская власть,
Распустись, красавица, апрельская власть.*

Осылайша, Дмитрий Пригов пен Ерлан Жүністің өлеңдері үндесіп, неофутуризмге жатады, онда шығармашылық ойлау мен сөз бостандығы, формасы мен тілімен тәжірибе жасау, күтпеген бейнелер мен қосарлама бейнелер жасайды.

Қазақ поэзиясында бұрынды-соңды қолданылмаған поэтикалық сызба кеескінді өлеңдер жасау, Ерлан Жүніс поэзиясына тән жаңашылдық ретінде тануымызға болады. Біздің ойымызша, графикалық кескіндердің тууы бір ғана тәсілде, бір ғана ұйқаста жазылатын өлеңдерде (қара өлеңдік ұйқас) болмайтыны, ол формалық жағынан түр іздеуші ақындарда, әсіресе, еркін тақырыпты, кең тынысты ойда, құбылмалы ырғақ пен әсерлі сазда көрініс беретіні аңғарылады. Мұның өлеңдегі қасиеті өлеңнің мазмұндық тереңдігін жасаумен бірге сөздің әсер ету күшін танытуда, ақынның өзіне тән қолтаңбасын беруде маңызы зор. Бұдан өлеңнің көркемдігі арта түсетінін байқауға болады. Ақынның арнайы ромбтар деген топтамамен шығарған өлеңдері соған дәлел.

Ол –
Ғашық
Ғарышқа –
Тәңір мәні:
Оның жаны –
Алысқа
Асық
Жол.

Сен –
Сезім
Жылатқан,
Жұбатқан да.
Сынақтарда
Шыдатқан
Төзім –
Мен.

Түн –
Теңіз
Шалқытқан,
Тебіrentкен.
Еміrentкен,
Толқытқан
Егіз –
Мұң.

Бұл өлеңдерде ақын сырт формасын ромб кескінінде алу арқылы негізгі ішкі сезім, ондағы талас пен тартысты суреттегісі келген. 1-2-3-4, 4-3-2-1 құрылысында ұйқасып келген бір шумақта басы артық сөз де, ой да жоқ. Ақынның өлеңді тосын сыртқы кескіндер арқылы беруі ақындық ізденістің бір көрінісі. Ал мұндай өлеңдер батыс поэзиясында кең жайылып, көрнекілік түйсігіне бағытталған дәстүрден тыс көрнекілік жүйелер әдебиеттің жаңа жанры ретінде қалыптасқан. Оларға акроөлеңдер, анаграммалар, полиндром және кескінді немесе пішінді өлеңдер жатады. Акроөлеңдер де біздің ақындар поэзиясына жат емес. Ол өлеңнің басындағы дыбыстар арқылы түзілген сөздер өлеңнің ішкі мәніне тікелей қатысты болады. Бұл жанрлар

ақынның өзі үшін әуесқойлық болса, оқырмандар үшін қызғылықты, әрі таңқалдырар поэзияның бір қыры. Бұл және футуризмнің бастауында болған Маяковскидің, Крученных, Хлебниковтың шығармашылығын жиі байқалады. Футуристік поэзияның ең дәстүрлі түрі – «фигуралық» өлеңдер, яғни геометриялық фигура түрінде әдейі жазылған өлеңдер.

Эрл Мартов – Ромб

*Мы –
Среди тьмы
Глаз отдыхает.
Сумрак ночи живой
Сердце жадно вдыхает.
Шёпот звёзд долетает порой,
И лазурные чувства теснятся толпой.
Всё забылося в блеске росистом.
Поцелуем душистым
Поскорее блесни!
– Снова шепни
Как тогда –
«Да!»*

Осылайша, футуризм қазіргі қазақ поэзиясында өмір сүруді жалғастыруда және бірегей туындыларды жасау үшін оның әдістерін қолданатын көптеген заманауи ақындардың шығармашылығында көрініс табады.

Бұл футуризмнің бағыттары – геометриялық поэзия мен түсініксіз поэзия түрлерінің бірегей үлгілері ғана.

Футуризм қазіргі поэзияда, оның ішінде қазақ поэзиясында да маңызды бағыт болып қала береді. Қазіргі ақындар қазіргі тенденциялар мен идеяларды білдіретін ерекше туындылар жасау үшін оның әдістерін қолданады.

Сонымен қатар, қазіргі қазақ поэзиясында футуризммен тығыз байланысты геометриялық поэзияның және эксперименттік поэзияның басқа түрлерінің үлгілері бар.

Геометриялық поэзия – Поэзия жасау үшін геометриялық пішіндерді

қолданатын әдіс, ал эксперименттік поэзияның басқа түрлері ерекше туындылар жасау үшін әртүрлі тілдік және құрылымдық әдістерді пайдаланады.

Өтежан Нұрғалиев, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Ғалым Жайлыбай, Ерлан Жүніс, Азамат Тасқара т.б. сияқты қазіргі қазақ ақындары өз шығармаларында футуристік әдістер мен эксперименттерді қолданады. Олар қазіргі қазақ мәдениеті мен қоғамын бейнелейтін бірегей бейнелер мен идеялар жасайды.

Осылайша, футуризм қазіргі қазақ поэзиясына әсер етуді жалғастыруда және оның әдістері мен тәсілдері жаңа және бірегей туындылар жасау үшін қолданыла береді.



ОҢАЙГҮЛ ТҰРЖАН
Ақын, аудармашы, филология
ғылымдарының кандидаты

ЖАҒАНДАНУ

*Жаһандану ақылды да, жүйрік те,
Қаша алмадық, көнбіс ойды кидік те.
Өлеңдегі әріптерім таңқалды,
цифрлардың қолындағы билікке.*

*Сапырылысты үміт, күдік оттары,
Кейбіреулер жалқау күнін жоқтады.
Теңіз отыр басқа жаққа көшем деп,
Кейбір өзен демалам деп тоқтады.*

*Жаһандану біреулерге ұнап тұр,
Қандай өзі, қай жақта деп сұрап тұр.
Жаһандана алмайтұғын сағыныш,
Сөйлемдердің көшесінде жылап тұр.*

*Жаһандану, сұсты сенің есімің,
Сен боп сөйлер қала, сана, бесік үн.
Көше саған жасыл шаммен жол берді,
Таулар ғана тарс жапты есігін.*

*Таулар ғана өзгеріссіз қалып тұр,
Жаһандану Мені, Сені бағып тұр.
Кеше олар көршілерге келген-ді,
Бүгін менің есігімді қағып тұр.*

*Қаға берер, түніменен өшпейді үн,
Қолында оның – шексіз Аспан, төскей Күн.
Ашайын десем, жұтылам ба деп қорқам,
Ашпайын десем, тау емеспін.
Не істеймін?*

**КАСПИЙ КҮНГЕ ҚЫЗДЫРЫНЫП
ЖАТАДЫ...**

*Каспий күнге қыздырынып жатады,
Тоңып қалған екен ғой деп ойлайсың.
Каспий кейде қозғалмастан жатады,
Өліп қалған екен ғой деп ойлайсың.*

*Кеме көрсе, қуып бара жатады,
Кеме мініп кетіп қалсам дей ме екен?
Көз жасымен жуып бара жатады,
Көкбөрі елге жетіп қалсам дей ме екен?*

*Сағыныштан сапырылысып өрт үні,
Кейде даусы ентігеді желем деп.
Кейде оның қарғиды асау толқыны,
Алыстағы Алатауым көрем деп.*

*Қарап жатып шағалалар көшіне,
Тұтқиылдан тап беруін қоймайды.
Бала кезі түсіп кетсе есіне,
Толқындары Айды доп қып ойнайды.*

*Жата қалып жұлдыздарды санайды,
Көк Тәңірді жорамалдап табарға.
Толқын сосын жүз бұрылып қарайды,
Жағадағы жалғыз тұрған саған да.*

*Сосын сен де сол толқынға жанисың,
Теңіздейін өрілетін сөзіңді.
Сонда ғана, сонда ғана танисың,
Көкбөрі-оймен толқып тұрған өзіңді.*



ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АНАЛАРЫ: РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ ПЕН МӘДЕНИ МҰРА

АНКАРАДА ӨТКЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕ НЕГІЗІНДЕ

Ана бейнесі – түркі өркениетінің рухани өзегін қалыптастыратын киелі ұғым. Ол тек отбасының тірегі ғана емес, ұлттың жады, тілі, дәстүрі мен мәдени кодын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін мәңгілік дәнекер. Қазіргі жаһандану дәуірінде дәстүр мен жаңғыру арасындағы үйлесімділікті сақтау – түркі халықтары үшін маңызды мәселе болып отыр.

Осы тұрғыда 2025 жылғы қарашада Түркия Республикасының астанасы Анкара қаласында өткен «Түркі әлемінің аналары» халықаралық көрмесі тек мәдени шара емес, сонымен қатар терең гуманитарлық мәні бар платформаға айналды. Көрме түркі дүниесіндегі ананың киелі бейнесін, оның ұрпақ тәрбиесіндегі, қоғамдағы рухани және мәдени рөлін айқындап, тарихи сабақтастық тұрғысынан танытуға арналды.

Түркі дүниетанымында ана бейнесі тек өмір сыйлаушы тұлға ретінде ғана емес, ұрпақтың рухани болмысын, елдің ар-ожданын, адамгершілік өлшемін қалыптастыратын киелі ұғым ретінде қабылданады. Ана – халықтың тарихи жады мен моральдық қағидаттарын сақтаушы, ұлттық болмыстың рухани тірегі.

Бұл ұстаным Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ой-тұжырымдарында да айқын көрініс тапқан. Мемлекет басшысы:

«Әрқайсымыз үшін бұл дүниеде Анадан қастерлі жан жоқ. Біздің ең асыл құндылықтарымыз “Жер-ана”, “Отан-ана” ұғымдарымен тығыз байланысты. “Әке – баланы тәрбиелейді, Ана – ұлтты тәрбиелейді” деген халық даналығының мәні терең», – деп атап өткен болатын

(Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиын, 2023 жыл).

Бұл сөздер ананың қоғам өміріндегі айрықша миссиясын – ұлттың рухани тұтастығын қалыптастырушы күш ретіндегі орнын айқындай түседі. Ана бейнесі арқылы халықтың дүниетанымы, этикалық өлшемдері мен мәдени коды ұрпақ санасына сіңіріледі.

Көрменің Түркия Республикасында өтуі де символдық мәнге ие. 2025 жылдың Түркияда ресми түрде «Отбасы жылы» деп жариялануы жобаның өзектілігін арттыра түсті. Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоған:

«Қоғамның іргетасы – отбасы болса, отбасының іргетасы – ана. Ананың беделі биік болмайынша, қоғамда бейбітшілік пен өркендеу болмайды», – деп атап өткен еді.

Бұл ойлар көрменің басты идеялық өзегін айқындайды: ана – қоғамның моральдық, мәдени және рухани тұтастығын қалыптастыратын негізгі күш.

«Түркі әлемінің аналары» халықаралық көрмесінің негізгі мақсаты – түркі дүниесіндегі ананың сақралды бейнесін көне дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихи сабақтастықта таныту. Жоба ананы ұлттың рухани тірегі, мәдени кодты сақтаушы және ұрпақ тәрбиесінің басты бастауы ретінде көрсетуге бағытталды.

Көрме түркі халықтарының ортақ рухани құндылықтарын айқындап, жаһандану жағдайында ұлттық болмысты сақтау мәселесіне назар аудартты. Ана бейнесі арқылы түркі мемлекеттері арасындағы мәдени өзара түсіністік пен гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту көзделді.

«ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ. МАСШТАБ. ПЛАНЕТА. ЖЕР» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІ: РУХАНИ КЕҢІСТІК ПЕН ЖАҒАНДЫҚ ОЙЛАУ



«Түркі әлемінің аналары» халықаралық жобасы аясында өткен «Олжас Сүлейменов. Масштаб. Планета. Жер» атты көрме мазмұндық тұрғыдан біртұтас идеялық кеңістік қалыптастырды. Ананың сакралды бейнесі мен Олжас Сүлейменов шығармашылығындағы гуманистік ой өзара үндесіп, түркі дүниесінің рухани тұтастығын айқындай түсті.



2025 жылғы 18 қарашада Анкара қаласында, ТҮРКСОЙ штаб-пәтерінде ашылған бұл халықаралық көрме ақын, ойшыл және қоғам қайраткері Олжас Омарұлы Сүлейменовтің шығармашылық және интеллектуалдық мұрасын кеңінен танытуға арналды. Көрменің символдық мәні ХХ ғасырдағы мәдени диалогтың маңызды мәтіндерінің бірі саналатын «АЗ и Я» еңбегінің жарық көргеніне 50 жыл толуымен тереңдей түсті. Аталған шығарма Шығыс пен Батыс өркениеттерін тоғыстырған гуманистік ойдың жарқын үлгісі ретінде ұсынылды.

Көрме ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы және «Мәдениеттердің өзара әрекеттесу орталығы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өтті.

Ашылу салтанатына дипломатиялық корпус өкілдері, ғалымдар, мәдениет қайраткерлері, Түркия мен Қазақстанның ғылыми және шығармашылық қауымдастығы қатысты. Шара Олжас Сүлейменовтің арнайы жолдаған бейнеқұттықтауымен ашылып, мәдениеттер диалогы мен тарихи жадыны сақтау

идеясына негізделген мазмұндық бағыт айқындалды.

Салтанатты рәсімде сөйлеген сөзінде ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раев бұл іс-шараның жай ғана кезекті кездесу емес, «терең мағынасы, кең көкжиегі және қуатты үндеуі бар» тағылымды оқиға екенін атап өтті. Ол көрменің Олжас Сүлейменовтің көреген ой-тұжырымынан бастау алатынын айтып, оның шығармашылығын түркі әлемі үшін жол көрсететін темірқазыққа теңеді. Сондай-ақ «Масштаб. Планета. Жер» атауы арқылы қойылған «Біз кімбіз? Қайдан келдік? Жер бетінде қандай із қалдырамыз?» деген жаһандық сауалдардың өнер тілімен қайта пайымдалатынын атап өтті. Бас хатшы ТҮРКСОЙ миссиясының басты мәні – түркі халықтарының өнері мен мәдениетін сақтап қана қоймай, оны болашақ ұрпаққа сенімді түрде жеткізу екенін ерекше атап өтті.

Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Еркебұлан Сапиев: «*Олжас Сүлейменов – заманауи қазақ әдебиетіне тың көзқарас әкелген, түркі әлемінің*

тарихи және мәдени байланыстарын терең зерттеулері арқылы халықаралық деңгейде танытуда алғашқылардың бірі болған бірегей тұлға. Оның поэзиясы, ғылыми және қоғамдық қызметі, сондай-ақ қоғамдық және дипломатиялық еңбегі халқымыздың рухани дамуына және Қазақстанның халықаралық аренада мойындалуына елеулі үлес қосқан құнды мұра болып табылады», – деп атап өтті.

Көрме аясында ұсынылған арнайы деректі бейнефильмдер мен түркі тарихына арналған видеоматериалдар Олжас Сүлейменовтің зерттеушілік қырын терең аша түсті. Ақын өлеңдерінің көркем оқылымы экспозицияның эмоционалдық өзегіне айналып, оның философиялық ой кеңістігін айқын көрсетті.

Көрме экспозициясы Олжас Сүлейменовтің тұлғасын көпқырлы қырынан ашты:

– ақынның өмір жолын бейнелейтін портреттер галереясы;

– «АЗ и Я» еңбегінің мерейтойлық басылымын қоса алғанда, жаңа және сирек кітаптар;

– жеке заттары мен архивтік материалдары;

– деректі фильмдер мен поэтикалық оқылымдар.

Көрме бір дәуірдің интеллектуалдық келбетін бейнелеп, Олжас Сүлейменовті тек ақын ғана емес, өркениеттер арасын жалғаған ойшыл ретінде танытты.

Шара соңында Олжас Сүлейменовтің еңбектері Түркия Республикасының Президенттік Ұлттық кітапханасына, Қазақстан Республикасының Түркиядағы Елшілігіне және ТҮРКСОЙ қорының кітапханасына салтанатты түрде табысталды.

Бұл игі қадам түркі халықтары арасындағы мәдени диалог пен рухани бірліктің жарқын символына айналды.

«ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АНАЛАРЫ: ДӘСТҮР ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛІ

«Түркі әлемінің аналары» халықаралық көрмесі аясында ұйымдастырылған дөңгелек үстел ғылыми-интеллектуалдық алаңға айналды. Іс-шара түркі халықтарының рухани, тарихи және мәдени мұрасындағы ананың рөлін зерттеуге, дәстүрлі құндылықтарды қазіргі заманға үйлестіру мәселелерін талқылауға арналды.

Іс-шара ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Алматы облыстық музейлер бірлестігі жанындағы «Анаға құрмет» музейі, Қазақстан халқы Ассамблеясының Республикалық аналар кеңесі, ТҮРКСОЙ, TURKTAV және «Мәдениеттердің өзара әрекеттесу орталығы» қоғамдық бірлестігі бірлесіп ұйымдастырды.

Дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты – түркі әлеміндегі ананың тарихи-мәдени бейнесін кешенді зерттеу, әйелдің рухани, отбасылық және қоғамдық өмірдегі миссиясын айқындау, сондай-ақ гуманитарлық ынтымақтастық пен мәдени диалогты дамыту. Іс-шара барысында:

- әйелдің рухани және адамгершілік құндылықтарды сақтаудағы рөлі қарастырылды;

- отбасы институтын нығайтуға



бағытталған заманауи әлеуметтік, мәдени және білім беру бастамалары бойынша тәжірибе алмасу жүзеге асты.

Іс-шараға түркі елдерінің мемлекеттік құрылымдары, ғылыми және қоғамдық институттары өкілдері, әйелдер ұйымдарының көшбасшылары мен мәдениет саласының сарапшылары қатысты. Олардың қатарында Түркия Республикасының Отбасы және әлеуметтік қызметтер жөніндегі вице-министрі Леман Йенигүн, ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Сұлтан Раев, Қазақстанның ТҮРКСОЙ-дағы өкілі Нышангүл Қаратаева, Түрікменстан өкілі Лачин Овезгелдиева, доктор Решиде Юксель, Назипа Шанаи, Акмарал Ибраева, Салтанат Ашимова, Үмітхан Мұңалбаева, Асель Лахаева және өзге де беделді қатысушылар болды.

Жиынның ашылуында сөз сөйлеген ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Сұлтан

Раев қоғамдағы әйел мен ананың қасиетті рөліне ерекше тоқталып, түркі дүниесі мәдениетіндегі ана бейнесінің терең мағынасын атап өтті. Оның айтуынша, дәл осы аналар мен әйелдер – әлемнің тұтастай өміршең болып қалуына тірек болып отырған басты күш.

Сұлтан Раев көрнекті орыс жазушысы Ф.М. Достоевскийдің: *«Әсемдік әлемді құтқарады, демек, әлемді әйелдер құтқарады»*, – деген қанатты сөзін еске салды. Ол әйел затының киелілігін, оның өмір тудыратын әрі өмірді мәнді ететін қуатын, айналасындағы дүниені жаңғыртып, көркейте алатын ерекше болмысын атап өтіп, аналардың мәдени мұра мен рухани құндылықтарды жаңа ұрпаққа жеткізудегі айрықша рөлін ерекше атап көрсетті. Қоғамдағы әйелдің маңызын айқындай отырып, Сұлтан Раев бұл кездесудің аналардың дәстүрлі рөлі



мен қазіргі заман талаптары арасындағы тепе-теңдікті пайымдауда шешуші мәнге ие екенін де атап өтті.

Түркия Республикасының Отбасы істері және әлеуметтік қызметтер жөніндегі вице-министрі Леман Йенигүн дөңгелек үстел барысында түркі халықтарының рухани, мәдени және әлеуметтік өмірінде ананың орны ерекше екенін атап өтті. Ол түрік мәдениетінде отбасылық дастарқан дәстүрлі түрде

отбасы бірлігінің символы болып саналатынын, ал аналар балаларға тірек әрі тәлімгер бола отырып, цифрлық дәуірде де мәдени болмысты сақтауға ықпал ететінін айтты.

Леман Йенигюн тарихи мысалдарға жүгініп, Орхон жазбаларында және Қорқыт ата кітабында кездесетін ана бейнесі даналықты, сабырлылықты, мейірімділік пен қайсарлықты білдіретінін, бұл құндылықтардың ұрпақ-

тан ұрпаққа жалғасып келе жатқанын атап өтті.

Сонымен қатар, вице-министр Түркияның отбасы мен әйелдерді қолдау саласындағы тәжірибесімен бөлісуге дайын екенін жеткізді. Ол түркі әлемі елдерінің отбасы институтын күшейту, әйелдер көшбасшылығын қолдау және ортақ мәдени-рухани құндылықтарды сақтау жолындағы бірлескен күш-жігердің қоғамның үйлесімді дамуына және мәдениетаралық диалогтың нығаюына ықпал ететінін айтты.

ТҮРКСОЙ ұйымындағы Қазақстан өкілі Нышангүл Қаратаева өзінің сөзінде «Әйелдер және дипломатия – мәдени дипломатия» тақырыбына ерекше назар аударды. Ол жаһандану дәуірінде мәдениеттің мемлекетаралық қатынастардағы маңыздылығын атап өтіп, әйел дипломаттардың халықаралық келіссөздерге жаңа стиль мен өзгеше көзқарас әкелетінін айтты. Сонымен қатар Нышангүл Қаратаева табысты әйел дипломаттардың өз мемлекеттерінің халықаралық имиджіне оң әсерін тигізетінін, қоғамның прогрессивті бейнесін көрсететінін де атап өтті.

ТҮРКСОЙ ұйымындағы Түркменстан өкілі Лачин Овезгелдиева елдің әйелдерді қолдау саласындағы мемлекеттік саясат бағыттарын таныстырды. Ол: *«Ана – әр жерде ана; ол адамзаттың және әлем байлығының тірегі»*, – деп атап өтіп, Түркменстандағы әйелдердің дипломатиядан бастап білім беру саласына дейін барлық салаларда белсенді екенін жеткізді. Сондай-ақ «Халық анасы» атағын беру және, әсіресе, сегіз және одан да көп бала туған әйелдерге қосымша әлеуметтік көмек беру отбасына және анаға деген жоғары құрметтің айғағы екенін атап өтті.

Түрік тілдес мемлекеттермен байланыс жөніндегі Әділет және даму партиясының (ПСР) төраға орынбасары, доктор Решиде Юксель ана бейнесінің

түркі әлемінің жалпы құндылықтар жүйесінде халықтарды біріктіретін ең маңызды қайнар көз екенін атап өтті. Ол осындай іс-шаралардың бауырлас мемлекеттермен байланыстарды нығайтуға үлес қосатынын жеткізді.

Решиде Юксель тарихтағы көрнекті әйелдерді атап өтіп, Томирис, Домалақ ана, Айғаным ханым, Мәншүк пен Әлиядан бастап, Анатолиядан Нене Хатун, Фатма Сехер Эрден және Халиме Чавушқа дейінгі тұлғалардың ерлігін және рухани күшін түркі әйелінің біртұтас бейнесін қалыптастыруда маңызды деп көрсетті.

Дөңгелек үстел барысында Назипа Шанаи ТҮРКСОЙ аясында «Түркі әлемінің аналары» атты халықаралық қоғамдық ұйым құру бастамасын көтерді. Бұл құрылым түркі елдері аналарының тәжірибе алмасуына, рухани құндылықтарды сақтауға және гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталуы мүмкін екені айтылды.


Жиын соңында қатысушылар халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, отбасы институтын қолдауға және аналық құндылықтарды халықаралық деңгейде ілгерілетуге бағытталған қорытынды резолюция қабылдады.

«ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АНАЛАРЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІ



Анкара қаласының Қалалық кеңесінің ғимаратында «Түркі әлемінің аналары» атты халықаралық көрмесінің салтанатты ашылуы өтті. Бұл мәдени шара түркі әлемінің әйелдері мен аналарының рухани, тарихи және мәдени мұрасын дәріптеуге арналған маңызды оқиға болып саналады.

Көрме барысында түркі әлемі елдері арасындағы мәдени диалог пен гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға ерекше мән берілді. Сонымен қатар, ана бейнесі рухани сабақтастық



пен мәдени бірліктің символы ретінде көрініс тауып, қатысушыларға оның тарихи, мәдени және әлеуметтік маңызы кеңінен таныстырылды.

Көрмені ұйымдастыруға ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Алматы облыстық музейлер бірлестігінің «Анаға құрмет» музейі, Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесі, Ankara Kent Konseyi, TURKTAV Түркі тарихы мен мәдениеті қоры және «Мәдениеттердің өзара әрекеттесу орталығы» қоғамдық бірлестігі атсалысты.

«Түркі әлемінің аналары» көрмесінің негізгі мақсаты – әйел бейнесін түркі

әлемінде, ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін, ана бейнесі арқылы көрсету. Ғаламдану дәуірінде ұлттық сәйкестікті, рухани және отбасылық құндылықтарды сақтау қоғамның тұрақты дамуы үшін аса маңызды.

Ана бейнесі – түркі халықтарын біріктіретін сакральды символ. Ол мейірімділік, даналық және шығармашылық бастауды бейнелейді, ұрпаққа рухани сабақтастықты жеткізудің негізі болып табылады.

«Түркі әлемінің аналары» көрмесі әртүрлі шығармашылық және танымдық элементтер арқылы көрерменге ана бейнесін кеңінен көрсетуге арналған. Көрмеде «Ұмай Ана» атты



театрландырылған қойылым, QR-код арқылы толық ақпарат алуға мүмкіндік беретін ақпараттық карточкалар, сондай-ақ кітаптар мен экспонаттар, аналардың портреттері және тарихи аналардың тотемдік композициялары ұсынылды.

Бұл тәсіл көрменің тұтастығын сақтап қана қоймай, түркі халықтарының рухани және мәдени құндылықтарының сабақтастығын көрерменге жеткізуге мүмкіндік берді.

Экспозиция құрылымы:

1-Бөлім: Тарихи тұлғалар. Бұл бөлімде түркі халықтарының дүниетанымында ананың киелі бейнесі ашылады. Ұлы Даланы ертеде мекендеген түркі тілдес халықтардың ұрпақ жалғастырушы, береке-молшылық тәңірісі Ұмай ана, ел-

жұртқа ақылдылығымен, көрегендігімен, әулиелігімен танылған Домалақ ана, Парсы патшасы Кир бастаған әскерді тас-талқан етіп жеңіп, патшаның басын алатын сақ патшасы Томирис ханша, Қазан хандығының әйгілі билеушісі Сүйімбике, Шыңғыс ханның анасы, қазақтың ғұлама ғалымы Шоқан Уәлихановтың әжесі Сарғалдаққызы Айғаным сынды аналарымыздың рухани болмысы мен мейірімге толы даналығы көрініс табады. Олардың бейнелері тотемдік композиция түрінде ұсынылып, ананың мейірімі мен даналығын, рухани бастау мен өмірдің құдіретін бейнелейді.

2-Бөлім: Қазақ халқының ұлыларын дүниеге әкелген аналар. Бұл бөлім қазақ халқының ұлы тұлғаларын дүниеге әкелген аналарға арналған. Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоғанның анасы Тензіле Ердоған, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың анасы Тұрар Шабарбаева, сонымен қатар ақын, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері, антидролық қозғалыстың көшбасшысы Олжас Сүлейменов, қазақтың көрнекті жазушысы Шерхан Мұртаза, қазақтың ұлы ақыны Мұқағали Мақатаев, мемлекет және қоғам қайраткері Сәт Бесімбайұлы, Қазақстанның қоғам және мемлекет қайраткері Алик Шпекбаев, кеңестік және қазақстандық кино және театр актері, режиссер, Қазақ КСР, КСРО халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов сынды заңғар тұлғаларымыздың аналарының портреттері ұсынылды.

